Бір шындықтың басы ашық, түркі халықтарының көкпары да, чөгені де уақыт сұрыптауынан өтіп, ежелгі замандардан бертінге дейін сол қалпында өзгермей жеткен ұлы түркі мәдениетінің жанға да, тәнге де, сәнге де жарасты, көз тартатын (зрелищный) ұлттық спорт, ойын-сауық түрлері.

Жалпы Жүсіп Баласағұнның білімі, ғылыми зердесі, энциклопедиялық парасаты жөнінде – бөлек әңгіме, бөлек тақырып арқауы етіп арнайы, жан-жанты қарастырған абзал. Жүсіп тек қана өз елінің, кең кеңістікке жайылған ұлы түрік жұртының ғана ғылымы мен білімін, мәдениеті мен әдебиетін терең меңгергендігін паш етумен шектелмей, сол заманның ең озық ғылым мен білімнің үлгілерімен, олар, әлбетте, сол дәуірде, негізінен араб пен парсы тілінде жазылғандығына ешкім күмән келтіре алмас, – солармен де терең және жан-жақты таныс екенін көрсетеді. Әрі-беріден соң, ісләм өркениеті салтанат құра бастаған заманда басқаша болу да мүмкін емес еді. Әйтсе де, осы тұрғыдан алғанда, Жүсіп Баласағұнның тағы бір керемет ерекшелігін, қасиетін атап өтпей болмайды. Ол – Жүсіп Баласағұнның бізге жеткен еңбегінде (ұлы шығарманың мазмұны мен шеберлігінен автордың бізге әзірше жете қоймаған көптеген басқа еңбектерді де дүниеге әкелгені анық аңғарылғандай) – мұсылман мәдениеті мен туған халқының төл мәдениетін, екеуін тоқайластырып, бір-біріне сәтті икемдей келе, сәйкестіруі.

Осы жерде арнайы атап, болашақ зерттеу жоспарларына кірсін деп, баса назар аударғым келіп отырған маңызды проблема – Жүсіп Баласағұн мен әл-Фарабидің өзара дүниетанымдық, рухани, идеялық байланысы туралы. Қос бабамыздың арасында тығыз

байланыс бар екенін, кезінде, жоғарыда аты аталған танымал түрік ғалымы Рәшит Арат жорамалдап айтып көрген еді. «Құтадғу білікті» бастан-аяқ оқып шыққан зерттеушіге автордың ісләм әлемінің алғашқы философтарының бірі, әмбебап ғалым әрі оның өзінің қандасы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасымен таныс болғаны – еш күмән келтірмес мәселе. Шынтуайтына келсек, Жүсіп Баласағұн ұлы ұстазының ілімін, дінмен байланысты фәлсапалық қағидаларын, логика қисындары мен дүниетанымдық қағидағтарының (категорияларының) тереңдігі мен жан-жақтылығын – біздерден, мына осы бүгінгі зерттеуші ғалымдардан – әлдеқайда жетік әрі толыққанды білгеніне ешкім дау айта алмас деймін. Әл-Фарабиді Жүсіп Баласағұн біз сияқты сөздікпен немесе аудармадан оқымаған. Біздерге ұқсап, дінді сырттан бажайлап, тиіп-қашып, еркін бойлай алмай жүрген кейіпте ұққан емес – ішпен зерттеп, жүрегімен және зердесімен қабылдап, кәусар бұлақтан сусынын төте қандыруға болмысы толық мұрсат берген. Оған жеткілікті дәлел – алдымыздағы алып шығармасы.

«Құтадғу біліктің» тағы бір ғажап қыры – ол жалпы адамзат қоғамына арналған, адамдардан құралған әр заманғы қоғамға тікелей қатысы бар сипатта жазылған, көкейкесті дүние. Ойымды сәл ашыңқырай түссем, Жүсіп Баласағұн өзінің уақытын қатты сынға алады. Замандас тұлғаларынан, олардың ой-пікір дәрежесі мен нақты іс-әрекеттерінен қатты қаймығып, ұялып, өкінгенін жасырмай, ашық айтады. Зарзаманның сарындары іспеттес, пәс, ұсақ, қараңғы пиғылдар шайырды қатты қажытып, ауыр күрсіндіреді. Ұлы ата-бабаларын еске алып, ойшыл ақын ағынан жарылады.

«Олардың [ата-бабалардың] нағыз адам болғанына шүбә жоқ қой.

Қиыны, солардың қасында мына бүгінгілерді кім деуіміз керек?

Оларды да, мейлі, адам қатарына енгізсек,

Ата-бабаларымыз олардың жанында періште болмай ма?» – дейді Жүсіп.

Осы сұрақ өткенге де, мына біздің бүгінгі осы заманымызға да қатысы толық бар сияқты емес пе, ағайын.

Қайталап айтайық, Фараби, Жүсіп, Махмұттардың ұлы қасиеті мен артықшылығы – олардың шын мәнінде және толықтай дінге берілгендігінде. Оның есесіне, олар жәй діндарлар емес еді. Олар, шын мәнінде, сауатты діндарлар, көзі ашық діндарлар, ғалым діндарлар болды. Керек болса, көп ғасырлардан кейін, кезінде Ньютон, Эйнштейн сияқты құдайға сенген адамдар іспеттес болды. Мына біздер (жалпы заман сипаты мағынасында айтып отырмын) сияқты болған жоқ. Шын діндар парасаты, Жүсіп Баласағұн айтқандай, «оның жақсылығы – жамағатқа көрсеткен игіліктерімен ғана өлшенбек». «Адамның асыл мұраты – жақсы атпен, сыйлы-абыройлы болып өлу. Және өлгеннен кейін де, ел ішінде жақсы атты болып қалу», – дейді Жүсіп.

Осындай ғана мақсатты алдына шамшырақ етіп жаққан қоғам мен мемлекет қалаған байлықтарына қол жеткізеді. Біздің мәңгілікке ұмтылған бағдарламаларымызға да жетіспей тұрғаны осындай сындарлы баптар емес пе...

«Құтадғу білік» екі дүниенің мәнін, адам, қоғам және биліктің арақатынасын, осы үштіктің әр сатысының – пенденің, қоғамның, патшаның уазипалары мен міндеттерін, өлім мен өмірдің мазмұнын, еңбек пен ғылым-білімнің, адалдық пен имандылықтың қасиеттерін егжей-тегжейлі мол мысал келтіре жан-жақты суреттеп сипаттайды.

Осы баға жетпес туындының ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған жерінде жазылғаны бұлпартпас шындық болса да, өкінішке орай, әлі де бұл ғажап фактіні, біздер, тікелей сабақтасып өрбіген ұрпағы, өзіне тиісті қайтарымын, жан-жақты монографиялық зерттеу деңгейінде, әр сыры мен қырына байланысты арнайы зерттеулер топтамасы түрінде – жеке тілін, сыни нұсқатануын, этнографиясын, жағрафиясын, дінтануын, фәлсафасын, ел

басқару ғылымын, этикасын, поэтикасын, тарихын және басқа тақырыптарын, Баласағұн тумасы Жүсіптің өмірбаяны мен оның ортасы туралы жоспарлы әрі жүйелі түрде еңбекті жазу – түркі мемлекеттер алдындағы, олардың ғалымдары мен зиялы қауымы алдындағы кезек күттірмейтін міндеті. Әсіресе, Қазақстан мен қазақ зерттеушілеріне, қырғыз ағайындармен бірге – бұл тікелей перзенттік парыз, дереу ортақтаса қолға алынар ізгі ісі.

Осындай игілікті жұмыстың кішкентай бастамасы іспеттес жәй үстірт, тереңіне бармай-ақ, «Құтадғу біліктің» тіліне ғана аздап, екі тілдік салыстырма жасағандай болып, түрікше мен қазақшаға назарларыңызды аударып көрелік. Кейбір ерекше жақын тартып тұрған тұстары қыпшақтанушы ғалымдарға ой салары айқын. Тіпті, қазақ тілімен (қыпшақ тілдерімен) жақындығы соншалық, сөздердің сыртқы фонетикалық пішімінде де, мағынасында да – арада мың жылдық көне тарих жатса да – туыстығы, тұтастығы, бірлігі, егіздігі айқын менмұндалап тұр.

«Құтадғу білік» сөздері мен түрікшесі жоғарыда аты аталған Рәшит Арат еңбегінен алынды [3]. Осы жерде ғалымдардың ерекше назар аударатын мәселесі, «Құтадғу біліктегі» сөздердің қазақ тілімен айқын сәйкестік тапқан көрінісі – дәл осы сөздердің айнымас баламасы түрік тілінде кездеспегендінің әсте дәлелі болып қарастырылмаған абзал. Бұл принципті мәселе. Өйткені, шындығына келетін болсақ, әр түркі сөзі әр түркі тілінде, міндетті түрде, қазіргі қолданысында ма (активінде), одан тыс па (пассивінде), диалектілерінде ме, терминологиялық қорларында ма, ескірген сөздердің құрамында ма, басқа лексика-семантикалық топтарында ма – кездесуі, табылуы, пайда болуы – заңды әрі таңғаларлық нәрсе емес.

Дегенмен, шағын кестемізде қазіргі түрік тілінің қолданылмас қорына (пассивіне) өтіп кетіп, ұмыт қалғандай болған және, керісінше, қазақ тілінде күнделікті қолданыстағы (активіндегі) лексемалардың «Құтадғу білікте» өріп жүргені, әлбетте, ескерткіш тілінің қыпшақ-оғұз элементтерінің ара-салмағын жаңадан сарапқа салып, дәлірек бажайлауға жол ашады.

Түрік тілі бұл сөздерді басқа балама варианттарымен беретіні мәлім.

Атап өтсек, Жүсіп Баласағұнның оғұзша (түрікше, әзірбайжанша, түрікменше, т.т.) зенгин демей, таза қыпшақша (қазақша, қырғызша, татарша, т.б. деуге әбден болады) *бай* деуі, дәл сондай-ақ, *кадеһ* демей – *ыдыс*, *чанақ* демей – *аяқ* (шыны аяқ мағынасында), *кұрт* демей – *бөрі*, *синек* демей – *шыбын*, *баилық* демей – *бөрік*, *йоксұл* демей – *шығай*, *чок* демей – *көп*, *өтүшмек* демей – *сайрау*, *пынар* демей – *бұлақ*, *кағыт* демей – *қағаз*, *зәлім* демей – *өктем*, *иш* демей – *жұмыс* (*йұмұш*), *оянық* демей – *сақ*, *жымри* демей – *сараң*, *тедави* демей – *ота*, *ажымак* демей – *есіркеу* және осылар сықылды басқа көптеген, кемінде, мың – бір жарым мыңдық жасы, көнелігі бар мысалдар – қыпшақ тарихи грамматикасы үшін таптырмайтын құнды деректер.

Басқасын былай қойғанда, ерте орта ғасыр деңгейінде айқын көрініс тапқан (бүгінгі «тірі») тілдердегі сыртқы пішіні мен ішкі мазмұнынан айнымаған кейіпте) байырғы қыпшақтық рудименттер, күмән жоқ, белгілі дәрежеде, яғни қомақты түрде, көнетүркілік дәуірде де, одан әрі – түп- (прото-) және тек- (пра-) кезеңдерде де жүйеленіп, реттелгені абзал.

Ең қызығы, төл (таза түркі) сөздердің дыбысталуы мен мағыналық жақындығымен шектелмей, «Құтадғу білікте», оның есесіне, кейбір кірме сөздердің де транскрипциялануы да бүгінгі қазақ (қыпшақ) тілінің айтылуына өте жақын екенін көріп отырмыз. Мысалдар өте көп болғандықтан, оларды осы жерде қайталамай-ақ, қызығушылық танытқан ізденушілерді кестеге назарларын аударуын сұраймыз.

Кейбір қазақ сөздерінің жанында жақша ішінде тең белгісінен кейін Рәшит Арат транскрипциясы бойынша берілген «Құтадғу біліктегі» сөздерді келтірген себебіміз – жазытуда сырт көзге айырмашылықтары болғандай болып көрінсе де, түбі, осы салыс-

тырылып отырған сөздердің айтылуы (дыбысталуы) бір-бірінен айнымағанын тағы да бір көрсеткіміз келгені үшін солай беруді жөн көрдік.

Сайып келгенде, кестеге көшерден бұрын, түйін ретінде қайтадан екі маңызды жәйтқа оралғымыз келіп отыр.

Біріншіден, біз (дәстүрлі ғылымымызда) «қыпшақтық» деп танып отырған оралым-дарымыз «оғыз» деп айтып жүрген тіл тобында да, еш күмәнсіз, баршылық («Tarama sözlüğü», «Derleme Sözlüğü» томдарын парақтап ақтарса жеткілікті). Және, керісінше, «оғыздық» типтер біздің тілдерімізге де айтарлықтай тән (кітаби, ескі, тарихи, жыр-дастан тілі ж.б. лексикалық қатпарларға). Бұл жерде бар кілтипан – мөлшері мен жиілікте ғана.

Екінші ескерілетін ой-жосық, «Құтадғу білік» те, Қашғарлы Махмұт, Қожа Ахмет Йассауи шығармалары және жүздеген басқа әдеби, ғылыми, көркем орта ғасырлық және оған дейінгі әрі одан кейінгі дәуірлердегі еңбектердің бәрі дерлік жекелеген бір ұлыс-ұлттың, тайпа-рудың тілінде жазылмаған. Олардың бәрі – стандарттанған, яғни «жасанды» түрде бір қалыпты түріне, ортақ бір нұсқаға сыйғызылған, ресми-әдеби жалпытүркілік тілде жазылғанын үнемі естен шығармай, назарда тұтқан шарт.

«Құтадғу білік» – қазақша – түрікше мағыналас сөздер кестесінен үзінді

«Құтадғу білікте»	Қазақша	Түрікше
‘aceb	ğacab	hayret, taaccüb, şaşma
alim	alim	alacak, hoc
ar-	ar-	vorulmak, dermansız kalmak
at	at	ad, isim
ata-	ata-	ad vermek, adlandırmak
atalıq	atalıq (= atalık)	babalık
atan-	atan-	adlandırmak, ad vermek
atçı	atçı, <i>tarih., dial.</i> atçı	süvari
aşa-	aşa-, <i>tarih., dial.</i> aş-	yemek, aş yemek
atağ	ataq	lakap, ünvan
ahır	aqır	son, sonunda, nihayet
aya-	aya-	acımak, korumak
ayaq	ayaq (= ayak)	çanak, kâse, kadeh
bağır (<i>bağırсақ</i> kelimesinin kökü)	bawır	merhametli, şevkatli, sadakatlı
barça	barşa, <i>tarih., dial.</i> barça	bütün, hep; бүтүнү, hepsi
barı	barı	bütünü, tamamı, hepsi
barış	barıs, <i>tarih., dial.</i> barış	bir-birine gidip gelmek, ziyaret etmek
bay	bay	zengin
baylıq	baylıq (= baylıq)	zenginlik
bayu-	bayuw (= bayu-)	zenginleşmek
beg	bek (= beg)	bey
beki-	beki-	sağlamlaşmak
belgü	belgi	alâmet, nişan
berk	berik = berk	sağlam, kuvvetli, mahfuz, bağ
beter	beter	daha kötü, daha fena
bılıg	bılıg = bilik	bilgi, hikmet
bilin-	bilin-	bilmek, anlamak
bir-	ber-	vermek
biregü	birewi	birі, birisi
bol-	bol-	olmak
bolımsuz	bolımsuz	ayık olmayan
böri	böri	kurt
börk	börık, börk	başlık, küllâh
böz	böz	bez (pamuktan yapılan kumaş)
bulak	bulaq (= bulak)	pınar
bur-	bur-	kokmak, güzel kokmak
burun	burun	önce, ileri
buz-	buz-	bozmak, yıkmak, harap etmek
buzuk	buzuq (= buzuk)	bozuk, kırık, yıkık
buzul-	buzul-	bozulmak, yıkılmak
bügür	bükür	böğür
çerik	şerik, <i>tarih., dial.</i> çerik	asker, ordu

cibun	şibin, <i>tarih., dial.</i> cibin	sinek
cığay	şığay, <i>tarih., dial.</i> cığay = cığay	fakir, yoksul
cığaylık	şığaylıq, <i>tarih., dial.</i> cığaylık = cığaylık	fakirlık, yoksulluk
cın	şin, <i>tarih., dial.</i> cın	gerçek, doğru
cımlık	şimdiq, <i>tarih., dial.</i> cımlık	gerçeklik, doğruluk
edeb	âdep, âdeb (= edeb)	terbiye, ahlâk
edgü	izgi	ıyı
elik	elik	dağ keçisi, yaban keçisi
em	em	ilaç
emçi	emşi, <i>tarih., dial.</i> emçi	tabir
emdi	endi, <i>dial., tarih.</i> emdi	şimdi
emgek	enbek, <i>dial., tarih.</i> emgek	emek, zahmet, eziyet
eren	eren	insan, insanlar
erk	erk, erik (= erk)	kudret, güç
erksizlik	eriksizdik, <i>tarih., dial.</i> eriksizlik (= erksizlik)	kudretsizlik, güçsüzlük
erlik	erlik	erkeklik
esirke-	esirke-	acımak, eseflenmek
esit-	esit-, <i>tarih., dial.</i> esit-	ısıtmak, duymak, dinlemek
gevher	gawhar, gâwhar (= gevher)	cevher, mücevher
halayık	halayıq (= halayık)	yaratılmış olanlar, mahlûklar, halk
hata	hata	yanlış, yanlışlık, belâ
hatar	hatar, qater	tehlike
ıdış	ıdış, <i>tarih., dial.</i> ıdış	kap + kadeh, bardak
ini	ini	(yasca) küçük kardeş
kagaz	qağaz (= kagaz)	kağıt
kalın	qalın	kalabalık, çok, sürü
kança	kansa, <i>tarih., dial.</i> qança (= kança)	nereye, nasıl
kand	qant	seker
kap-	qap-	tutmak
kara kuş	qaraqus (ipî жыртқыш құс)	kartal
karakçı	qaraqşı, <i>tarih., dial.</i> qaraqçı	yağmacı, yankesici
karangku	qarangı (= karangku)	karanlık
kargış	qargış, <i>tarih., dial.</i> qargış (= kargış)	beddua
karındaş	qarindas, <i>tarih., dial.</i> qarındaş (= karındaş)	kardeş
karmak	qarmaq	cengel
kavuk	qabıq, <i>tarih., dial.</i> qawuq	kepek
kayra	qayra	tekrar
kek	kek	kın, ök, hınc
kel-	kel-	gelmek
kelin	kelin	gelin
keltür-	keltür-	getirmek
kerek	kerek	gerek, gerekli
keyik	kıyık	geyik
kez-	kez-	gezmek, dolaşmak
kımız	qımız (= kımız)	kımız
kıran	qıran ‘öypkır’, ‘kartal’	çok talihli ve güçlü (hükümdar)
kısqa	qısqa	kısa
kıssa	qıssa	hikaye
kıdın	keyin	arka, sonra
king	ken	geniş
kiriş	kiris	gelir
kıt-	ket-	gütmek
konguz	qonuz, qonuz	böcek
kor	qor (= kor)	zarar
koruğ	qoruq, qorıq	korunma
koy	qoy (= koy)	koyun
koyçı	qoyşı, <i>tarih., dial.</i> qoyçı	çoban
kozi	qozi (= kozi)	kuzu
köç	kös, <i>tarih., dial.</i> köç	göç
köç-	kös-, <i>tarih., dial.</i> köç-	göçmek
kök	kök	gök, gökyüzü
kök	kök	mavi, yeşil
kölük	kölük	yük hayvanı
köm-	köm-	gömmek
kön-	kön-	doğrulamak, düzelmek, doğruyu söylemek, yola çıkmak
köndür-	köndür-	doğrultmak, yola çıkarmak
köngül	könül (= köngül)	gönül, yürek, anlayış
köngüldes	könüldes, <i>tarih., dial.</i> köngüldes	gönül arkadaşı
köp	köp	çok
kör-	kör-	görmek, bakmak
körk	körk, körük	güzellik, süs
körklüg	körklük, <i>tarih., dial.</i> körklük, körüklük	güzel
körksüz	körksüz	çirkin

körün-	körün-	görünmek, huzura çıkmak
köz	köz	göz
kudug	quduq (= quduq)	kuyu
kulan	qulan (= kulan)	yaban eşeği
kur	qur (= kur)	kusak
kurut	qurt, qurut (= kurut)	peynir
kutqar-	qutqar-	kurtarmak
kutul-	qutul-	kurtulmak
kutur-	qutur-	kudurmak
küç	küç, tarih., dial. küç	güç, zor, zülüm
küçen-	küçen-, tarih., dial. küçen-	güçlenmek
küd-	küt-	beklemek
kül-	kül-	gülmek
küçük	küçük	ünlü, sanlı
kümüş	kümüş, tarih., dial. kümüş	gümüş
kün	kün	güneş
kün	kün	gün, gündüz
kündüz	kündüz	gündüz
küng	kün (= küng)	carıye
küy-	küy-	yanmak
küz	küz	sonbahar, güz
küzet-	küzet-	gözetmek, korumak, saklamak
küzüğü	küzgü eski, tarih.	ayna
laçın	laşın, tarih., dial. laçın	şahin kuş
malum	mâlim, mağlum	belli
mang-	men-	adım atmak, yürümek
men	men	ben
mengü	mängü, mänge	sonsuz, ebedi
mengülik	mängülik, mangelik	sonsuzluk, ebedilik
mengze-	menze-	benzemek
mengzet-	menzet-	benzetmek
meşel, misal	misal	söz, atasöz; örnek
min-	min-	binmek
ming	min	bin (1000)
mung	mün (= mung)	bun, sıkıntı, acı, ihtiyaç
neçe	neçe, tarih., dial. neçe	nice, ne kadar
nelük	nelük, nelik	niçin, neden, nasıl
oğrı	urı, tarih., dial. uğrı	hırsız
oksa-	uqsa, tarih., dial. oqsa-	benzemek
ong	on (= ong)	sağ, sağ taraf, doğru
ongar-	onar-, ongar-	düzeltemek, onarmak
ongay	onay	yumuşak
ordu	orda	şarap, şehir
orna-	orna-	verleşmek
orun	orun	yer, mekân, mevki
ot	ot	ateş, duman
ot	ot	ilâç, çare, zehir
ota-	ota-	tedavi etmek
otaçı	otaşı, tarih., dial. otaçı	hekim
öç-	ös-, tarih., dial. öç-	gütmek, sönmek
öçür-	öçür-, tarih., dial. öçür-	söndürmek
öktem	öktem	zâlim, pervasız
ökün-	ökün-	pişman olmak
ökünç	ökünüş, tarih., dial. ökünç	pişmanlık
ökündür-	ökündür-	pişman ettirmek
ön-	ön-	bitmek, yetişmek
öng	ön	renk
öngi	önge	başka, başkası
örte-	örte-	yakmak
örü	ör, örü	yüksek, dik, üst
öt-	öt-	geçmek, bir şeye geçmek, delmek
öte-	öte-	ödemek
ötel-	ötel-	ödenmek
ötün-	ötün-	arz etmek, dilekte bulunmak, ricada bulunmak
sak	saq (= sak)	uyanık
san	san	sayı, sayma, benzeme
saran	saran	hasıs, cimri, eli sıkı
saranlık	sarandıq, tarih., dial. saranlıq	hasıslık, cimrilik
sart	sart	tacık, satıcı
sasıt-	sasıt- (ауыспалы)	berbat etmek
savab	sawap	doğru, doğruluk
sayra-	sayra-	sakımak, ötüşmek
sığta-	sığta- (= sığta-)	ağlamak
sığtat-	sığtat- (= sığtat-)	ağlatmak
sin-	sin-	kırılmak, bozulmak, incinmek
sınuk	sınıq	kırılmış, kırık

sing-	sin- (= sing)	sinmek, saklanmak, hazmedilmek
sızık	sezik	sezis, sezme, şüphe
sızın-	sezin-	şüphelenmek
song	son	son
sor-	sor-	emmek
suk	suq	aç gözlü, alçak, haris, tamahkâr
sukluk	suqtuq, <i>tarih., dial.</i> suqluq	açgözlülük, tamahkârlık
suv	suw (= suv)	su
satu	satı	merdiven
sek	säk (= sek)	şüphe
tagı	tagı (= tağı)	yabani
taqat	tagat	güc, kuvvet
taki	tagı	dahi, daha
tala-	tala-	yağma etmek
tam-	tam-	damlamak
tamuğ	tamuq	cehennem
tamur	tamır	damar, nabız
tang	tañ	tan, sabah vakti
tang	tañ	saşılacak, acaip şey
tangırka-	tañırqa-	hayret etmek
tangsuk	tañsıq	acayıp
tarlık	tarlıq	darlık
tayak	tayaq	dayak
tayan-	tayan-	dayan-
tayanç	tayanış	dayanak, teselli
tekin	tegin	boşuna
teke	teke	geyik
telmir-	telmir-	dilenmek
tetik	tetik (ауыспалы)	zeki, akıllı
tıdıq	tıyuw	yasak
tilmaç	tilmaş, <i>tarih., dial.</i> tilmaç	tercüman
tin	tinis	hefes
tingla-	tingda-, <i>tarih., dial.</i> tıñla-	dinlemek
tıying	tıyin	sıncap
ton	ton	elbise
tor	tor	ağ, tuzak
torku	torqa	ipek kumaş, ipekli
tör	tör	baş köse
tüg-	tüy-	catmak, bağlamak
tükel	tügel, <i>tarih., dial.</i> tükel	tamamen, bütün
tün	tün	gece
tüne-	tüne-	gecelemek
tünek	tünek	zindan
tüp	tüp	dip, esas
tüs	tüs	renk
tüs-	tüs-, <i>tarih., dial.</i> tüş-	inmek
tütün	tütün	duman
uq-	uq-	anlamak
uqtur-	uqtur-	anlatmak
ulus	ulus, <i>tarih., dial.</i> ulus (millet, halk)	koy, şehir
una-	una-	razi olmak
ur-	ur-	vurmak, dögmek
ut-	ut-	venmek
üçeğü	üşewü, <i>tarih., dial.</i> üçeğü	her üçü
ügi	üki	baykus
üle-	üle-	paylaşmak
ülgü	ülgü	ölçü, tarazi, tartı
üngür	üngür	in, mağara
ür-	ür-	havlamak
ür-	ür-	üfleme
üz-	üz-	kesmek
üzük	üzük	kesik, tamamlanmamış, yarım kalmış
üzül-	üzül-	kesilmek, kırılmak, parçalanmak
vade	wade	vâid, söz
yad	jat, jadı, <i>tarih., dial.</i> yad, yadı	anma, hatırlama
yağı	jaw, <i>tarih., dial.</i> yağ, yağı	düşman
yağılık	jawlıq, <i>tarih., dial.</i> yağılık	düşmanlık
yağu-	juwu-, juwı-, <i>tarih., dial.</i> yağı-	vağlamak
yağuk	juwuk, juwık, <i>tarih., dial.</i> yağık, yağuk	yakın
yal	jal, <i>tarih., dial.</i> yal	ât valesi, ense
yal-	jal-, <i>tarih., dial.</i> yal-	parlamak
yalın	jalın, <i>tarih., dial.</i> yalın	aley
yalıng	jalan, <i>tarih., dial.</i> yalan	çıplak
yana	jana, <i>tarih., dial.</i> yana	vine
yap yaşı	jap, jasıl, <i>tarih., dial.</i> yap yaşı	yemyeşi
yap-	jap-, <i>tarih., dial.</i> yap-	örtmek, kapamak

yapıl-	jabıl-, <i>tarih., dial.</i> yapıl-	örtünmek, kapanmak
yarlıq	jarlıq, <i>tarih., dial.</i> yarlıq, yarlıq	buyruk, emir, ferman
yarlıқа-	jarlıқа-, <i>tarih., dial.</i> yarlıқа-	buyurmak, emretmek, affetmek, bağışlamak
yarıq	jarıq, <i>tarih., dial.</i> yarıq, yarıq	aydınlık, parlak
yarıqlıq	jarıqlıq, <i>tarih., dial.</i> yarıqlıq, yarıqlıq	aydınlık, parlaklık
yaşın	jasın, <i>tarih., dial.</i> yaşın	şimsek
yaşır-	jasır-, <i>tarih., dial.</i> yaşır-, yaşır-	gizlemek
yat	jat, <i>tarih., dial.</i> yat	yabancı
yavuz	jawuz, <i>tarih., dial.</i> yawuz	kötü
yay	jay, yay, <i>tarih., dial.</i>	ilkbahar, yaz
yazı	jazi, <i>tarih., dial.</i> yazı	kır, ova
yazıl-	jazıl-, <i>tarih., dial.</i> yazıl-	açılmak, çözülmek
yazım	jazım, <i>tarih., dial.</i> yazım	şasma, yarıлма, yoldan çıkma
yazıq	jazıq, <i>tarih., dial.</i> yazıq, yazıq	suç, günah
yek	jık	şeytan
yel-	jel-, <i>tarih., dial.</i> yel-	kışmak
yanç-	janşı-, <i>tarih., dial.</i> yanç-	koparmak, ısırmak, yere vurup ayağıyla ezmek
yetil-	jetil-, <i>tarih., dial.</i> yetil-	güdülmek
yıldra-	jılıra-, <i>tarih., dial.</i> yıldıra-, yıldıra-	parlamak
yılqı	jılqı, <i>tarih., dial.</i> yılqı	hayvan, hayvan sürüsü
yılqıcı	jılqısı, <i>tarih., dial.</i> yılqıcı	hayvan besleyicisi
yırak	jırāq, <i>tarih., dial.</i> yırāq	uzak
yırла-	jırла-, <i>tarih., dial.</i> yırла-	terennüm etmek, zikretmek
yınçke	jınıske, <i>tarih., dial.</i> yınılçke	ince
yoy-	joy-, <i>tarih., dial.</i> yoy-	silme, bozma
yokal-	jogal-, <i>tarih., dial.</i> yogal-, yogal-	yok olmak
yoriğa	joriğa, jorğa, <i>tarih., dial.</i> yoriğa, yorğa	yürüten
yu-	juw-, <i>tarih., dial.</i> yu-, yuw-	yıkamak
yuk-	jıq-, <i>tarih., dial.</i> yuq-	bulasmak, sırayet etmek
yumuş	jumus, <i>tarih., dial.</i> yumuş	hizmet, vazife
yumuşçı	jumussı, <i>tarih., dial.</i> yumuşçı	hizmetçi, haberçi
yut	jut, <i>tarih., dial.</i> yut	felâket

және басқалары.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Абитжанова Ж.А., Даулетиярова З.А. Ж.Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі метафоралардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы. Алматы, 2014. 27 б.
- [2] Arat R.R. Kutadgu Bilig. I. Metin. 3 baskı. Ankara, 1991. P. 33-35.
- [3] Arat R.R. Kutadgu Bilig. III. Index. İstanbul, 1979. P. 21-30.
- [4] Ercilasun A.B. Kutadgu Bilig Grameri: Fiil. Ankara, 1984. P. 44.
- [5] Derleme Sözlüğü. I-XII. Ankara, 1963-1982. P. 56.
- [6] Киргизия при Караханидах. Фрунзе, 1983. P. 46.
- [7] Korkmaz Z. XI-XIII yüzyıllar arasında oğuzca. Türk Dili Araştırma Yıllığı-Belleten 1973-1974'den ayrıbasım. Ankara, 1974. 41-48.
- [8] Köymen M.A. Büyük Selçuklu İmparatorluğu Tarihi. I. Ankara, 1989. P. 13-15.
- [9] Наршахи М. История Бухары. Перев. Н.Лькошина. Ташкент, 1897. P. 75.
- [10] Мокеев А., ж.б. Түрк әлдеринин салттуу спорттук оюнлары. Бишкек, 2015.
- [11] Tarama Sözlüğü. I-VIII. 1965-1988. P. 200.
- [12] Togan Z.V. Oğuz Destan. İstanbul, 1972. P. 142.

Т.Н. Ермакова¹, Г.А. Ескермесова²

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің проф., ф.ғ.д.

²PhD докторант

ПУНКТУАЦИЯ: ФУНКЦИЯСЫ МЕН АНТРОПОӨЗЕКТІЛІК

Аннотация. Мақалада антропоөзектік парадигмадағы лингвистиканың алға қойған мақсаты тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің семиотикалық жүйе ретінде тілдің барлық деңгейлерінде көрініс беруін зерттеп анықтау болып табылатынына мән беріледі. Бұл бағыттар жалпы тіл біліміне үлкен өзгерістер әкелді: тіл біліміндегі басты құндылықтар ауысып, зерттеу шеңбері кеңейе түсті. Оның қатарында пунктуация да бар. Коммуникация сәтті болуы үшін баяншы мен қабылдаушы бірдей коммуникативтік құралдарды қолданып қана қоймай, сонымен қатар сол құралдың білдіретін мәнін түсінуі керек. Тыныс белгілердің қойылуын дұрыс түсіне білген оқырман мәтінді түсінумен қатар одан эстетикалық әсер де алады. Авторлық пунктуацияны терең түсіне білген оқырман жазушының діттемін, айтайын деген ойын анық байқайды. Сондықтан қазіргі кезде пунктуацияның функциясы мен антропоөзектілікке сипаты қайта қарастыруды қажет етеді.

Тірек сөздер: пунктуация, функция, антропоөзектілік, коммуникация.

Т.Н.Ермакова¹, Г.А.Ескермесова²

¹Казахский государственный женский педагогический университет, д.ф.н., профессор

²PhD докторант

ПУНКТУАЦИЯ: ФУНКЦИЯ И АНТРОПОЦЕНТРИЗМ

Аннотация. В статье акцентируется внимание на том, что целью лингвистики в антропоцентрической парадигме является изучение и выявление проявления особенностей мировоззрения языкового субъекта как семиотической системы на всех уровнях языка. Эти направления внесли большие изменения в общее языкознание: поменялись главные ценности в языкознании, расширился круг исследований. В их числе - пунктуация. Для того, чтобы коммуникация была успешной, рассказчик и реципиент должны не только использовать одни и те же коммуникативные средства, но и понимать значение этого инструмента. Читатель, умеющий правильно понимать постановку знаков препинания, наряду с пониманием текста получает от него эстетическое удовольствие. Читатель, глубоко разбирающийся в авторской пунктуации, четко замечает, что хочет сказать писатель. Следовательно, в настоящее время необходимо пересмотреть функцию пунктуации и природу антропоцентризма.

Ключевые слова: пунктуация, функция, антропоцентризм, коммуникация.

T.N.Ermekova¹, G.A.Eskermesova²

¹Kazakh State Women's Pedagogical University, Doctor of Philology, Professor

²PhD doctoral student

PUNCTUATION: FUNCTION AND ANTHROPOCENTRISM

Annotation. The article focuses on the fact that the purpose of linguistics in the anthropocentric paradigm is to study and identify the manifestation of the features of the worldview of a language subject as a semiotic system at all levels of language. These areas have made great changes in general linguistics: the main values in linguistics have changed, the range of research has expanded including punctuation. In order for communication to be successful, the narrator and the recipient should not only use the same communication tools, but also understand the meaning of this tool. The reader who knows how to correctly understand the punctuation marks, along with understanding the text, gets aesthetic pleasure from it. The reader, who is deeply versed in the author's punctuation, clearly notices what the writer wants to say. Consequently, the function of punctuation and the nature of anthropocentrism should now be redefined.

Keywords: punctuation, function, anthropocentrism, communication.

Адам ақыл-парасат, сана-сезім иесі болғандықтан, айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білуге ұмтылады, олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі. Осындай адам факторларының өзекті болуына байланысты, бүгінгі ХХІ ғасырда тілді антропоөзекті тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда тілдің объективті және субъективті жағына ерекше мән беріледі. Адамды тілінен тыс сипаттау мүмкін емес, тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктерін адам және оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады.

Тыныс белгілер жазба тілде көрініс табады. Жазба мәтіндегі пунктуация сөйлеу үдерісіндегі ауызша мәтінге тікелей байланысты. Жазба тіл ауызша тілдің қағазға түсірілген нұсқасы болғанымен, әрқайсысындағы ойдың жеткізілуі бірдей бола бермейді. Ауызша сөйлеу барысында интонация, дауыс қарқыны, кідіріс, екпін т.с.с. өзіндік ерекшеліктер жазба тілде тыныс белгілер, бейвербалды құралдар арқылы беріледі. Сол себепті тыныс белгілердің қойылуына қарай сөйлемді түрліше қабылдауға болады. Пунктуация тұтастай алғанда, жазба тілдегі негізгі қағидаларға бағынады, ол жазба тілдің графикалық жүйесіне негізделіп, кейінірек пайда болған, қосымша жүйе ретінде мәтін ұйыстырушы қызмет атқарады. Сол себепті тілдік қатынасты (коммуникацияны) тиімді ететін фактор ретінде пунктуация коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етіп отыр.

Пунктуация әу баста жазбаша мәтінді мағыналық жіктерге бөлу қажеттігінен пайда болды. Сондықтан ол жазба тілдің синтаксистік құрылысымен тығыз байланысты. Қоғам дамуымен байланысты тілдегі өзгеріс, жаңалықтар мәтіннің пунктуациялық жағынан безендірілуіне де белгілі бір дәрежеде ықпал етіп жатады. Тыныс белгілер, бір жағынан, тілдегі қалыптанған нормаларға сүйене отырып, тұрақты сипатқа ие болса, автор діттеміне сәйкес, қоғам дамуына, тілдің синтаксистік құрылысындағы өзгерістерге байланысты да өзгеріп, дамып отырады.

Тіл білімінде қалыптанған әдеби тіл мен сөйлеу тілі (бұл жерде сөз әдеби тілдің ауызша түрі турасында емес) өзара қарсы қойылады. Оның өзіндік себептері де бар: 1) сөйлеу тілі – дайындықсыз жүзеге асады, ал қалыптанған әдеби тіл арнайы дайындықты қажет етеді; 2) сөйлеу тілі ресми жағдайда қолданылмайды, ал қалыптанған әдеби тіл ресми ортаға, әлеуметке бағышталады; 3) сөйлеу тілі сөйлесушілердің бетпе-бет келуі, тікелей қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде жүзеге асады, ал қалыптанған әдеби тіл үшін ол міндетті емес [1]. Академик Р.Сыздықова *әдеби тілді* танытатын белгі-меже ретінде бір жүйеге түсіп қалыптасқан, лексика-грамматикалық, фонетикалық категориялары сұрыпталып, тұрақталған, графика-орфоэпиялық нормаларға ие болған; территориялық және әлеуметтік жағынан бөлінбеген тұтастық сипаты бар (гомогенность); диалектілерден

жоғары тұрған (наддиалектная форма), яғни супердиалектілік сипатының болуы; функционалдық стильдердің біразында қызмет етуі (полифункциональность); өңделіп отыруға бейімділігін ағай келіп: «Бұл – негізінен жазу-сызуы өте ертеден келе жатқан тілдерге қатысты анықтама. Бұндай таным барлық тілдердің тарихи кезеңдерінің баршасына түгел тән болмауы да мүмкін. Сондай-ақ әдеби тілдің статусы жазуға (жазба дүниелерге) ғана қатысты болуы да міндетті емес. Демек, бұл белгілердің бірқатарына кейбір әдеби тілдер барлық кезеңде түгелдей жауап бере алмаған», – дейді [1, 10].

Жазба тіл қоғамдық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Сол себепті ол стиль қалыптастырушы, нормақалыптастырушы қызмет атқарады. Қоғам дамуына байланысты таңбаның білдіретін мәні күрделеніп, мазмұн межесі сан жағынан да, сапа жағынан да жетіліп отырады. Тілде функционалды стильдердің, олардың жанрларының түзілуіне, әр стильдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес тіл жүйесі де өзгеріп, оны реттеп отыру қажеттігі туындайды. Сөйтіп, ол кодификациялаушы, нормалаушы қызмет атқарады.

Жазба мәтіндегі пунктуация сөйлеу үдерісіндегі ауызша мәтінге тікелей байланысты. Жазба тіл ауызша тілдің қағазға түсірілген нұсқасы болғанымен, әрқайсысы ойды түрліше жеткізеді. Ауызша сөйлеу барысындағы интонация, дауыс қарқыны, кідіріс, екпін т.с.с. ерекшеліктерді жазба тілде тыныс белгілер арқылы беру мүмкін бола бермейді. Ауызша мәтінді жазба мәтінге сол күйінде түсіру мүмкін емес. Себебі жазбаша мәтін сөйлеушінің дауыс қарқынын, қаттылығын не нәзіктігін, жуан дауысты не қырылдаған дауысты білдіре алмайды. Сол сияқты ауызша оқыған кезде жазба мәтіндегі бас әріп пен кіші әріпті, сызықшаны, шрифт түрін т.б. білдіру мүмкін емес. Осыған байланысты Ю.В. Рождественский ауызша сөйленім мен жазба мәтіннің өзіндік ерекшеліктері туралы былай дейді: «Знаки препинания корреспондируют с темпоритмом и мелодикой, пробелы отвечают актуальным и потенциальным паузам, шрифты как бы имитируют динамические характеристики речи» (Рождественский, 1990, с. 308-309).

Тұтастай алғанда, жазба мәтіндегі құралдарды екіге бөлуге болады. Бірі әліпбиде бейнеленсе, енді бірі жазуда қолданылғанмен, әліпбиде көрсетілмейді. Жазу жүйесінде таңба белгілері көрініс табады. Оның тұрпат межесі сурет, геометриялық белгі, фигура ретінде бейнеленіп, визуалды субстанция ретінде таңбаланады. Ал мазмұн межесі сол таңбалардың (сурет, геометриялық белгі, фигура) білдіретін мәні, ұғымы, сан, сөз, жекелеген дыбыс түрінде көрініс табады [2, 8]. Яғни, дыбыстар жүйесі, ұғымдар т.с.с. жазба тілде таңба түрінде көрініс табады.

Ауызша және жазбаша тілді жүйелеуде, пунктуацияны семиотикалық жүйе ретінде сипаттауда, қызметін айқындауда, зерттеушілер арасында пікір алалықтары болуына байланысты бүгінгі таңда пунктуацияны тануда көптеген қиындық туындап отыр.

Тыныс белгі жазу қажеттілігін өтеу үшін кейінірек пайда болған. Ол мәтіннің синтаксистік, логика-грамматикалық, интонациялық, коммуникативті-прагматикалық қажетін өтейді. Мәтіндегі тыныс белгілердің қызметі автордың өз ойын жеткізудегі жаңа ізденістерімен, коммуникативті-прагматикалық міндеттерімен ғана шектелмейді, сондай-ақ тілдік жүйенің өзіндік эволюциялық үдерістерімен де тығыз байланысты болады. Пунктуациядағы өзгерістер тілдік жүйедегі үдерістермен, тілдік тұлғаның араласуымен жүзеге асады. Профессор Ф.Оразбаева қазіргі кезде коммуниканттардың өзара сөйлесу, пікір алысудағы қызметіне ерекше мән берілетінін ескерте келіп, тілдік қатынасты «сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу, қарым-қатынас жасау дегенді білдіре келіп, адамның екінші біреуге жеткізейін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін; қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түпқазығы» ретінде сипаттайды [3, 229].

Ғалым тілдік қатынаста хабарды жүзеге асырушылар, хабарға тікелей қатысушылардың орны ерекше екенін айта келіп, оны белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын баяншы, ақпаратты жеткізетін бірліктер, ақпаратты не деректі қабылдаушы деп жіктейді:

«*Баяншы* – сыртқы объективті әсерді, өмірді сезінуден, пайымдаудан туған санадағы ойды түрлі тілдік амал-құралдардың, бірліктердің көмегімен екінші біреуге баяндауды, хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік байланысқа қатысушы, тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

Бірліктер – хабарлаушыдан шыққан дерек туралы басқа адамның санасында ұғым тудыратын, оған ақпараттың түсінікті болуын қамтамасыз ететін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысшы ретінде қызмет атқаратын қатысымдық бірліктер.

Қабылдаушы – белгілі бір хабарды қабылдап алып, оның мәнін тілдік бірліктер арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасына өткізіп ұғынудың нәтижесінде тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы.

Баяншыға да, қабылдаушыға да – бәріне ортақ әрекет – байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы жүзеге асады. Адамдар арасындағы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де жүзеге аспайды. Байланыс – тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты. Баяндау мен қабылдау үрдістері тілдік қатынастың барлығына тән [3].

Пунктуация жазба тілдің дамуына сәйкес әрі баяншының дйгтемiне байланысты өзгерiп, толығып отырады. Е.В.Падучева баяншының сөйленiм субъектi, дейкисис субъектi, сана субъектi, бақылаушы ретiнде түрлi қызмет атқаратынын айтады [4, 33-34]. Мәтiннiң қандай болып шығуы авторға (баяншыға) байланысты болғанмен, автор да белгiлi бiр деңгейде мәтiнге тәуелдi болады. Мәтiн ақпаратты жеткiзiп қана қоймай, қабылдаушыға әсер етуi де керек. Сондықтан баяншы сол қоғамда қолданылып жүрген тiлдiк құралдарды пайдалана отырып, ойын мақсатына сәйкес жеткiзуге тырысады. Мәтiн авторы, баяншы тiлде бұрыннан бар, қолданылып жүрген тiлдiк құралдар қорын пайдаланумен қатар өз ойын жеткiзу үшiн тыныс белгiлердi мақсатына сәйкес түрлендiре отырып қолдануы мүмкiн. Бұл орайда вербалды және бейвербалды құралдардың көмегiмен кодқа салынған ақпаратты, яғни түзiлген мәтiндi дұрыс қабылдайтын, яғни кодты дұрыс түсiне бiлетiн қабылдаушының да орны бөлек. Яғни сөйлеушiнiң ойын дұрыс жеткiзуi ғана емес, тыңдаушының оны дұрыс түсiнiп, дұрыс қабылдауының да коммуникация үшiн маңызы ерекше. Коммуникация сәттi болуы үшiн сөйленiм әрекетiнiң субъектiлерi – сөйлеушi мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға берiлiп отыратын кодтарды меңгерiп қана қоймай, дұрыс қолдана бiлуi қажет [5, 18].

Коммуникация сәттi болуы үшiн баяншы мен қабылдаушы бiрдей коммуникативтiк құралдарды қолданып қана қоймай, сонымен қатар сол құралдың бiлдiретiн мәнiн түсiнуi керек. Тыныс белгiлердiң қойылуын дұрыс түсiне бiлген оқырман мәтiндi түсiнумен қатар одан эстетикалық әсер де алады. Авторлық пунктуацияны терең түсiне бiлген оқырман жазушының дйгтемiн, айтайын деген ойын анық байқайды. Академик Рәбига Сыздық: «Адамдар айтайын деген ойын бiр-бiрiне ауызша да, жазба түрде де жеткiзе алады, орфография немесе емле, дұрыс жазу қағидаларын белгiлейдi. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтiн негiзгi мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткiзiп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелерi де көпшiлiкке бiрдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелерi әрi ортақ, әрi тұрақты болуға тиiс. Емле ережелерiнiң тиянақсыздығы жазатын адамға үлкен қиындық келтiредi. Белгiлi бiр сөздер мен сөз тiркестерiнiң жазылуы бiр iзге түспеген болса, ең сауатты адамның өзi толқып, қиналады», – деп жазады [6, 290].

Тыныс белгiлер жиi қолданылуының нәтижесiнде өзiндiк мәнге, қызметке ие болады. Әрқайсысының атқаратын қызметiне сәйкес тыныс белгiлер көпшiлiк сипат алып, жалпыхалықтық қолданысқа түседi. Мәтiн мазмұнын жеткiзу үшiн баяншы түрлi тәсiлдi қолданады. Тiлдiк тұлға ойын дұрыс жеткiзу үшiн сол қоғамда нормаға айналған (қалыптанған) ережелерге сүйенуiне тура келедi. Сонда ғана баяншы мен қабылдаушының арасындағы түсiнiстiкке қол жеткiзуге болады. «Норма деп тану үшiн

«әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), *дәстүрлілік*, көпшілікке біршама *ортақтық* белгілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі. Сөйтіп, *жүйелілік*, *реттілік* болып танылатын норма – тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын *тілдік*, *әлеуметтік* категория. Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс» [6, 37].

Пунктуация мәтінді белгілі бір бөліктерге жіктеп, мағынаны жеткізу үшін қажетті құрал ретінде тілдің графикалық жүйесіне енді. Пунктуация ақпараттың вербалды бөлігімен бірге қолданыла отырып, өзіндік ақпарат жеткізе алады. Мысалы: *Жаным-ау, мына Құдайдың күні қайтеді? Тағы боран! Әлі, әлі боран! Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау сорлыны! – деп уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап Базаралы ойлана қалды* (М.Әуезов, Шығ.). – *Тоқтатпашы көшті, тоқтатпа!.. Әй-й, салды балақ сасық күң-ай! Сенің шашыңды жұлмасам ба! – деп ойбай салды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Берілген мысалдарда тыныс белгілер кейіпкердің мінезін, күйзелісін, болмысын аша түсуде өзіндік қызмет атқарып тұр. Тыныс белгі болмаса не дұрыс қойылмаса, мәтінді түсіну де қиынға соғар еді.

Тыныс белгілердің қызметі мәтінде айқын көрінеді. Себебі мән мәтіннен, мәтін синтагматикасынан тыс тыныс белгінің ерекшелігін айқындау мүмкін емес. Тыныс белгілер мәтіннің дұрыс жеткізілу, дұрыс қабылдануы үшін қызмет етеді. Мысалы: *Көкшетаудың табиғаты қандай еді* деген сөйлемнің соңына леп белгісі не сұрақ белгісінің қойылуы сөйлемнің мағынасын түрліше ұғынуға негіз болады. Сұрақ белгісі қойылса, нақты сұрақ, яғни Көкшетаудың табиғаты туралы сұрау түрінде болса, леп белгісі қойылған жағдайда Көкшетаудың табиғатын еске алып, сүйсіну, табиғаттың көркемдігіне тәнті болу мәнінде ұғынылады. Ешқандай тыныс белгі қойылмаған жағдайда сөйлемнің мағынасын айыру қиынға соғады. Сондықтан тыныс белгілер мәтін түзуші қызмет атқарады деп айтуға толық негіз бар. Себебі тыныс белгі стилизүзуші құрал ретінде автордың өз ойын дұрыс жеткізуіне, оқырманға әсерлі болуына қызмет етеді. Яғни тыныс белгілер автордың коммуникативті діттеміне сәйкес тілдің өзіндік заңдылықтары бойынша қолданылатын жүйелі түзілім. Тыныс белгілердің жалпы қызметі – коммуникативті міндетті өтеу, нақты қызметі белгілі бір сөйлеу әрекетінде көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 3 т. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ел-Шежіре, 2014. 10-б.
- [2] Гамкрелидзе Т.В. Сравнительно-историческое изучения языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. М., 1988. С. 8.
- [3] Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Ан Арыс, 2009. 368 б.
- [4] Падучева Е.В. Говорящий как наблюдатель: об одной возможности применения лингвистики в поэтике // Известия РАН. Серия литературы и языка. 1993. № 3. С.33- 44.
- [5] Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 392 б.
- [6] Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 3 т. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ел-Шежіре, 2014. 290 б.

Б. Хасен, Б. Жанайхан

Сүлейман Демирел атындағы университет, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ «САРЫ» СӨЗІ ҚАТЫСҚАН ТІРКЕСТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Қазақ және түрік тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы «сары» компонентінің ортақ семантикалық жақындығын екі халықтың дүниетанымының сабақтастығы арқылы түсіндіруге болады. «Сары» түсіне байланысты туындаған тұрақты сөз тіркестеріндегі семантикалық жақындық туыстас екі халықтың дүниетанымының тереңнен тоғысатындығын көрсетеді. Тілдердің дамуының кейінгі кезеңдеріндегі жаңа қабаттағы бірліктердің айырмашылықтары да анық көрінеді.

Тірек сөздер: этнолингвистика, ұлттық дүниетаным, тұрақты тіркес, семантикалық ерекшеліктер, тілдегі түр-түс атаулары т.б.

Б. Хасен, Б. Жанайхан

Университет имени Сулеймана Демиреля, к.ф.н.

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОВСОЧЕТАНИЙ С УЧАСТИЕМ СЛОВА «САРЫ» В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. Общая смысловая близость компонента «сары» в составе устойчивых словосочетаний в казахском и турецком языках может быть объяснена преемственностью мировоззрения двух народов. Смысловая близость в устойчивых словосочетаниях, возникающая в связи с «желтым» цветом, свидетельствует о глубоком переплетении мировоззрения двух родственных народов. Различия единиц в новом слое на более поздних этапах развития языков также очевидны.

Ключевые слова: этнолингвистика, национальное мировоззрение, устойчивое сочетание, семантические особенности, цветообозначения в языке.

B. Hansen, B. Zhanayhan

Suleiman Demirel University, Candidate of Philology

SEMANTIC FEATURES OF PHRASES WITH THE PARTICIPATION OF THE WORD «SARY» IN THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES

Annotation. The general semantic proximity of the «sary» component in the composition of stable phrases in the Kazakh and Turkish languages can be explained by the continuity of the worldview of the two peoples. The semantic proximity in stable word combinations that arises in connection with the 'yellow' color indicates a deep interweaving of the worldview of the two related peoples. The differences in units in the new layer at later stages of language development are also obvious.

Keywords: ethnolinguistics, national worldview, stable combination, semantic features, color values in the language.

Тілімізде қолданып жүрген түр-түс атауларының тамыры тереңнен бастау алады. Ол халықтың рухани және мәдени өмірімен, өткен тарихымен астарласа келіп, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен мол мағлұмат береді. Түр-түс атаулары семантикасы әр халықтың өзіндік дүниетанымына сай түрленіп, ауыс мағынада қолданылады. Мақалалымыздың зерттеу нысаны ретінде алып отырған сары сөзі түркі тілдерінің барлығында дерлік дыбысталуы жағынан қазақ тіліне ұқсас формада қолданылады. Түркітанушы ғалымдар сары (сарық) сөзін *sar-ы, sar-ық, sar-ығ* түрінде жіктеліп, *-ы/-ық/-ығ* формаларының көне жұрнақ екендігін айтады [1, 221-223].

Түркі тілдерінің түбі бір болса да, түр-түс атауларының қолданысы тұрмыс-тіршіліктегі ерекшелігінің нәтижесінде, ұлт танымына сай кейін өзгешеленгендігін байқауға болады. Әсіресе, бұл ерекшелік сөздердің ауыс мағыналарында айқын көрінеді. Тегі бір түркі халықтары болғанына қарамастан, қазақ және түрік тіліндегі *sары* түсіне қатысты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра зерделегенде, ұқсастықтармен қатар, айырмашылықтарды аңғаруға болады.

Қазақ және түрік тілдерінде сары түс адаммен байланысты жиі қолданылады. *Сары* түсімен тіркескен сөздер адам жасынан хабар береді. Қазақ тіліндегі *sары тіс* көпті көрген, жасы ұлғайған адам мағынасында қолданылады. Ал түрік тіліндегі *kemiği sararmak* (сүйегі сарғаю) тұрақты тіркесі де қартаю, жасы келу мағынасында жұмсалады. Қазақ тіліндегі *sары жілік* тіркесі орта жастағы кісіге қатысты қолданылады.

Қазақтар отыз бен қырық арасындағы ақыл толысқан шақты *sары тора шақ* деп атаған. Жас мөлшерін білдіруде қолданылып отырған *sары тіс* сөзін әуел баста ата-бабаларымыз малға байланысты қолданғанға ұқсайды. Мал төрт жасқа толғаннан кейін тіс жаңаламайды, малды бес жастан бастап *sары тіс* екен деп мөлшерлеп жасын таниды. Қазақта алты жасқа толған еркек қойды *жасамыс* деп, ал саулықты *шар саулық* деп атау бар. Сонымен қатар, *sары тіс сақа айғыр* тұрақты тіркесі де әккі айғырларға қолданылса, тіс қаққан кәнігі ұрыларды *sары тоқым (сірі тақым)* ұры деген [2, 455].

Сары тоқым ұры тіркесі ат үстінен түспеген ұрының, тер сіңіп сарғайып тозған ер астындағы тоқымын сипаттаудан шығуы да мүмкін. Қазақ тілінде *sарытақым* – ат үстіне жүруге әбден төселген адамға қатысты қолданылса, *sарытабан* ұзақ жүріске шыдайтын мықты атқа айтылады.

Сондай-ақ қазақ тілінде қолданылатын *sары қарын* тіркесі бар. Әйел затына байланысты қолданылатын бұл тіркес кексе әйел деген мағынада қолданылады. Бұл тіркестің де шығу тегі малмен байланысты деп ойлаймыз, кейін адамға байланысты қолданылған. Қазақ үш-төрт рет құлындаған биені сары қарын бие дейді. Себебі жас малдың қазы майы ақ түсті болса, үш-төрт құлындаған биенің майы сарғыш болып келеді. Қазақ тілінде қолданылатын *sары қарын әйел* тіркесі де үш-төрт рет құрсақ көтерген әйел затына қатысты қолданылады.

Адам баласының ғұмырын табиғаттағы жыл мезгілдерімен салыстырар болсақ, көктем – көк өрім балалық шақ, жаз – жайқалып жайнап жүрген жастығың, сары күз – сарыгідір болған кез, ал аппақ қыс – ақсақал атанған сәт. Сондықтан сары түстің орта жаспен байланыстыра сипатталуы – заңды құбылыс.

Кейде сары түсімен тіркесе келген сөздер жастық кезеңді де білдіріп жатады. Қазақ тілінде жиі қолданылатын сары *ауыз, sары ауыз балапан* тіркестері түрік тілінде *azı sarı* (аузы сары) түрінде келіп тым жас, тәжірибесіз деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде *sары қарын бала, sары мойын бала* тіркесі де жас бала ұғымында қолданылады.

Сары түс қазақ тілінде табиғатпен байланыстыра қолданылғанда, табиғи құбылыстың ұзаққа созылуын сипаттайды. Мысалы, *sары жел* – үздіксіз соғып тұрған жел, *sары аяз* – бірнеше күнге созылатын қатты аяз, *sары (ала) таң* – ұзақ таң. Ал түрік тіліндегі *sarı sıcak* (сары ыстық) тіркесі аптап, шілдіңір ыстыққа байланысты туындаған [3, 1260].

Кейде *сары* сөзі қазақ тілінде кең, ұзақ созылған деген ұғымды да береді. *Сары бел, сары жон, сары жота, сары дала, сары жайлау, сары тау, сары беткей* тіркестері мен *Сарыарқа, Сарыадыр, Сарыбұлақ* топонимдерінің құрамындағы *сары* сөзінің семантикасынан мұны анық аңғаруға болады. Түрік тілінде мұндай тіркестерді кездестірсек те, топонимдерінен ұшыратымыз. Мысалы: *Sarıyer, Sarıdağ* т.б.

Сары тек табиғат құбылысының ғана емес, адам іс-әрекетінің, физиологиялық, психикалық қалпының да ұзаққа созылғандығын көрсетеді [4;86-88]. Қазақ тіліндегі *сары жамбас, сал бөксе болды, сары төсек* тіркестері ұзақ уақыт төсек тартып жатқан адамға байланысты айтылады. Қазақшадағы *сары уайым* болса, тұңғиық қайғы-қасірет мағынасында. Белгілі ғалым Р. Сыздықова *сары уайым* тіркесіндегі *сары* сөзі парсы тілінен кірген деген пікір айтады. Яғни *сары уайым* тіркесі уайым-уайым болып, бір мағынадағы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болған плеонастық тіркес дейді [5;147].

Қазақ тілінде *сары* түсі ескі ұғымында да қолданылады. Мысалы: *сары қағаз* – ескі қағаз, *сары табан қар* – із түсіп тапталған ескі қар, *сары жұрт* – ескі қоныс, *сары жұрт болды* – ескірді, тақырланды. Ал түрік тілінде *Sarıurt amtı* ауыл атауы бар. Сонымен қатар қазіргі түрік тілінде солғын, оңған деген сын есімдердің орнына *сары* сөзінен жасалған етістік есімшеге айналып ғана қолданылады: *sararmış kağıt, sararmışkumaş* т.б.

Сары ұйғыр, сары үйсін деген этностық атаулардағы *сары* да семантикалық тұрғыдан көнемен сабақтасатын тәрізді.

Қазақ тіліндегі *сары майдай сақтау* мейлінше қадірлеп сақтау ұғымында қолданылады. Қазақ халқында тұздалған *сары май* кептіріліп үрленген қарынға, бүйенге салынып, бапталып ұзақ сақталатын болған. Кейін бұл дәстүр этнолингвистикалық сипат алып, тілде тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан.

Қазақ халқында *сарымайға* байланысты *сарымайға қозғаған жармадай* (үйлесімді, жарасымды), *сарымайдай жақты* (ұнады, көңілінен шықты), *сарымайдай еріді* (жақсы көрді, елжіреді), *сарымайдай ерітті* (еліктірді), *сарымайдай толықсыды* (кербезденді, толықсыды) сияқты тұрақты тіркестерді кездестіруге болады. Түрік тілінде *сары майдың* орнына *sarı yağ* немесе *tere yağ* тіркестері қолданылады. Түрік тіліндегі *sarı yağ ile yağlayıp kuyruk yağ ile dağlamak* (*сары маймен сылап, құйрық маймен қақтау*) тұрақты тіркесі басында жақсы қараған болып, кейін есесіне әбден қинау деген мағынада қолданылады.

Көшпенді өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысқандықтан, мал өнімдерінің *сары* түспен тіркесуін қазақ тілінен жиі ұшыратуға болады. Мысалы: *сары уыз* – жаңа туған малдың қою сүті, *сары қымыз* – емдік қасиеті жоғары сапалы қымыз, *сары маңыз* – сүттің бетіндегі қою қаймағы, *сары су* – қайнатқан құртты сүзгенде аққан қышқыл су, *сары құйқа* – күйдірілмей жақсы үйітіліп, етімен бірге баптап пісірілген қойдың терісі, *сары ала қазы* – еті мен майы тең сүрленген қазы, *соғымның сары аласы* – сүрленген май аралас соғым еті, *сары қи* – қызуы күшті, ісі жұмсақ қойдың қиы, *сары жана* – кепкен жалпақ тезек, *сарыаяқ* – қыста ерте туған төл, т.б.

Тағам атауының алдына келген *сары* сөзі қуатты, кенеулі, күшті деген ұғымды беретінін байқауға болады. Түрік халқының көшпенділікпен қатар, мал шаруашылығынан ерте қол үзе бастауына байланысты малдан алынатын тағамдарға қатысты қолданылатын мұндай сөздер олардың сөздік қорынан сирек байқалады. *İneğin sarısı, toprağın karası* (сиырдың сарысы, топырақтың қарасы) деген мақалдан түрік халқының *сары* сиырды ерекше бағалағанын көреміз. Тіпті ертеректе ауызекі тілде *sarı kız* (*сары қыз*) тіркесі сиыр деген мағынаны да берсе, қазір анаша орнына *sarı kız* сөзі қолданылады [3;1261].

Түрік тіліндегі *tuzu kuru, sabunu sarı* (тұзы құрғақ, сабыны сары) тұрақты тіркесі қазақ тіліндегі төрт құбыласы сай, ішкені алдында, ішпегені артында сияқты тіркестермен мағыналас.

Түріктер малға қарағанда, егінмен, балық шаруашылығымен көбірек айналысады. Түрік тілінде кездесетін *sari ağız*, *sari balık*, *sari hani*, *sari dudak* сияқты балық атауларының жиі кездесуі сөзімізге дәлел.

Сары сөзі қазақ және түрік тілдерінде алтын сөзімен тіркесе қолданылып, құнды, бағалы деген мағынаны береді. Қазақ тіліндегі *сарыала қамшы* этнонимінің қалыптасуына да алтынның сарылығы әсер етсе керек, *сарыала қамшы* – алтыннан немесе жез бен мыс араластырып дайындалған қамшы түрі. Қазақ дәстүрінде *сарыала қамшы* киелі саналып, «*сарыала қамшыға сайтан жоламайды*» деп, бақсылар ойын салған кезде қолданған. Үйге пәле-жала жоламайды деп төрге іліп, бойын қорқыныш билеген адам басқа жастанып жатқан. Сондай-ақ қазақтың ескі нанымında *сарықарағаннан* да жын-шайтан қорқады деген ұғым бар.

Ал түрік тілінде *сары* түсіне байланысты кейін туған *sarı çizmeli Mehmet ağa* тұрақты тіркесі кім екені, қайда тұратыны белгісіз бөтен адамға байланысты қолданылады. Осман империясы тұсында Ыстамбұлда тұратын түрлі ұлттарды киіміне қарап ажырататын болған екен. Армяндар қызыл, римдіктер қара, еврейлер көк, түріктер сары аяқ-киім киген. Сары етік, қызыл шапан Османлы шахтарының белгісі ретінде танылған [6;9].

Түрік тіліндегі *Sarı Yahudi* тұрақты тіркесі екіжүзді, сырты мен іші бірдей емес адамдарға қатысты қолданылады. Сары аяқ-киім киіп, өзін түрік етіп көрсеткісі келген еврейге қатысты қолданылған тіркес қазіргі таңда тұрақты тіркеске айналған.

Қазақ дәстүрінде сары түсті киім көп киілмеген. Сыйға тартылатын заттың сары болмауына да аса мән берген. Тіпті сары түсті көйлектік маға сыйға берілсе, пайдаланбаған. Мұның сыры *sarğajo*, *sarylu*, *solu* ұғымымен астарласатын сияқты. Дегенмен, аналарымыз кейде сары түсті киімді сәбиге көз тимесін деген мақсатта кигізетін болған.

Қорытындылап айтар болсақ, қазақ және түрік тіліндегі сары түсіне байланысты туындаған тұрақты сөз тіркестеріндегі семантикалық жақындық туыстас екі халықтың дүниетанымының тереңнен тоғысатындығын көрсетеді. Тілдердің дамуының кейінгі кезеңдеріндегі жаңа қабаттағы бірліктердің айырмашылықтары да анық көрінеді. Әрі қазақ тіліндегі *сарышаян*, *сарыжылан*, *сарыинелік*, *сарымаса*, *сарышыбын*, *сарыалақоржын*, *сарыусар*, *сарышұнақ*, *сарыалақаз*, *сарықұтан*, *сарыбалақ*, *сарыбоздақ*, *сарыандыз*, *сарыбасиша*, *сарысасыр*, *сары сояу*, *сарышалаң*, түрік тіліндегі *sarıgöde*, *sarıasma*, *sarıger*, *sarıçibin*, *sarıca*, *sarıca erik*, *sarı bursa*, *sarı bülbül*, *sarı çalı*, *sarı çiçek*, *sarı, ciğidem*, *sarı diken*, *sarı papatya*, *sarı sabır*, *sarı yonca* сияқты күрделі сөздердің көптеп кездесуі сары түсінің сөзжасамдық қабілетінің де түркі тілдерінде күшті екендігін көрсететеді [7], [8; 627-628].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М.: Наука, 1974. 476 с.
- [2] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Наука, 1977. 712 б.
- [3] Türkçe Sözlük . Ankara: Türk Tarih Kurumu Basım Evi, 1988. 1679 s.
- [4] Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2000. 136 б.
- [5] Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Ел-Шежіре, 2014. 412б.
- [6] Reşat Genç. Türk inanışları ile milli geleneklerinde renkler ve sarı, kırmızı, yeşil. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 1997. 74 s.
- [7] Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). (12-т.). Алматы: Дәуір, 2011. 549 б.
- [8] Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. Алматы, 2007. 808 б.

У.Г.Анесова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, PhD философия докторы

СИМВОЛ – ЗАТТЫҚ-БЕЙНЕЛІЛІК ЛИНГВОКРЕАТИВТІ ОЙЛАУ НӘТИЖЕСІ

Аннотация. Тіл мен ойлау – адам баласының ажырамас бөлігінің бірі. Символдану үдерісі де адамның ойлауы, санасы, танымымен тығыз байланысты. Символ құруда ойлау, бейне, таңба өзіндік қызметін атқара отырып, концептуалдану үдерісіне түседі. Адамның санасында көптеген ассоциациялар мен эмоцияларды туғызады. Сол себепті, символ заттық-бейнелілік лингвокреативті ойлау нәтижесінде пайда болады.

Тірек сөздер: символ, креатив, лингвокреатив, таңба, зат, идея, мәдени код, мәдени таңба, ассоциация, концептуалдану үдерісі.

У.Г.Анесова

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
Старший преподаватель кафедры казахского языкознания, PhD

СИМВОЛ – РЕЗУЛЬТАТ ПРЕДМЕТНО-ОБРАЗНОГО ЛИНГВОКРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ

Аннотация. Язык и мышление – одна из неотъемлемых частей человеческого рода. Процесс символизации также тесно связан с мышлением, сознанием, познанием человека. В построении символа мышление, образ, символ вступают в процесс концептуализации, выполняя свою функцию и вызывая в сознании человека множество ассоциаций и эмоций. Поэтому символ возникает в результате предметно-образного лингвокреативного мышления.

Ключевые слова: символ, креатив, лингвокреатив, знак, предмет, идея, культурный код, культурный знак, ассоциация, процесс концептуализации.

U. G. Anesova

Kazakh Al-Farabi National University Senior Lecturer of the Department
of Kazakh Linguistics, PhD

THE SYMBOL IS THE RESULT OF OBJECT-FIGURATIVE LINGUOCREATIVE THINKING

Annotation. Language and thinking are an integral part of the human race. The process of symbolization is also closely related to the thinking, consciousness, and cognition of a person. In the construction of a symbol, thinking, image, and symbol enter into the process of conceptualization, fulfilling their function and causing a lot of associations and emotions in a person's mind. Therefore, the symbol arises as a result of object-figurative linguocreative thinking.

Keywords: symbol, creative, linguocreative, sign, object, idea, cultural code, cultural sign, association, conceptualization process.

Адам баласын өзгелерден айрықшалап тұратын нәрсе – символ құрудың қажеттілігі. Адам физикалық ортада ғана емес, символикалық ғаламда өмір сүреді. Символдар әлемінің пайда болуын салт-жоралармен түсіндіре аламыз. Салт-жоралар символдар түрінде қызмет атқарған және оларды білу тұлғаның әлеуметтік-мәдени деңгейінің көрсеткіші ретінде танылып, адамның ұлтқа тән маңызды нәрселер мен мәдениетті білу деңгейін анықтаған. Соған байланысты біз символдарды өз-өзінен пайда болып өмір сүретін құбылыс емес, адам санасының жемісі ретінде қарастырамыз.

Символ және символизм, символика, символист жайлы айтқанда, олардың әртүрлі термин екенін ашып көрсеткен жөн:

СИМВОЛ (грек *symbolon*) – айрықша таңба; белгілі бір идеяны жандандыратын таңба, образ; мәнімен байланысы жоқ белгілі бір топ адамдары ғана елейтін, көзге көрінетін, сирек естілетін құрылым [1].

СИМВОЛИЗМ зат.әдеб. *XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында әдебиет пен өнерде қалыптасқан мистикаға, декаденттік сарындарға бой ұрған ағым*. Символизм бағытын ұстаушылар теориялық түпқазығын немістің идеалистік философтарынан алды (Қазақ әдебиетінде де символизмді өнер ұстанымы еткендер болды). М. Жұмабаев басқа қазақ ақындарының ішінде символизм рухында жазылған өлеңдерімен ерекшелінеді («Қаз.әдеб.») [2, 194 б.].

СИМВОЛИКА зат. 1. *Шартты белгілер мен символдар арқылы түпкі идеяны, ойды тұспалдай, астарлай, меңзей айту құбылысы*. Қос кейіпкердің шағаламен тілдесуі символика түрінде бейнеленген екі жастың келешектегі өмір нысаны мен бақытқа, үлкен махаббатқа ұмтылуы іспеттес («Қаз.әдеб.»). 2. *Символдардың жиынтығы*. = *Әскери символика* [2, 194 б.].

СИМВОЛИСТ зат. *Символизм ағымына түскен, символизмге бой ұрған адам*. Туған елдің сұлу табиғатын жырлаған ақындар *символистердің* қатарына қойылып келді. Соның ішінде, Мағжанның өлеңдері орыс символистерінен нәр алған, бірақ өзінше бір қайталанбас дүниелер болып табылады. Мағжанның символизм рухында жазылған өлеңдерінен, әрине, орыс символистерінің рухы, үні сезіледі («Қаз.әдеб.») [2, 194 б.].

Символға тікелей қатысы бар терминдерге осындай анықтама бере аламыз. Символдың зерттелуі қазақ тіл білімінде көбінесе әдебиеттану ғылымының шеңберінде болғанын біз символизм ағымының дамуынан көре аламыз, бірақ қазіргі таңда сол ағымның шеңберінде жарық көрген озық көркем шығармалар символдың тілдік тұрғыдан зерттелуінің негізгі нысанына айналып отыр. Символды бұлайша зерттеу оның жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, себебі символ ретсіз нәрсе емес, ол да концепт сияқты белгілі бір ретке бағынады, танымдық тұрғыдан күрделі үдерістерге ұшырап, қолданысқа түседі.

Символ жайлы айтып кететін болсақ, ғалым В.А.Маслова оған байланысты бірнеше қызметтерді, ерекшеліктерді көрсетіп береді: 1) символ таңбаға барабар ұғым (қолдан формалданған тілдерде); 2) өмірді өнер мен образды түрде қабылдауға бағытталған әмбебап категория (өнердің эстетикасы мен философиясында); 3) мағынасы конвенциалды (яғни сөздіктерде орнықтырылған) болып келетін мәдени объектінің басқа объектінің мағыналық аналогы болуы (мәдениеттануда, әлеуметтануда және басқа да гуманитарлық ғылымдарда); 4) өзінің алғашқы мағынасының басқа да мазмұнның формасы ретінде қолданылуы (көптеген гуманитарлық салаларда – философия, лингвистика, семиотика және т.б. – кездесетін символдың кең мағынасы); 5) И.Кант, Ф.В.Шеллинг, Г.В.Ф.Гегель, И.В.Гете символға нағыз ғажап мазмұн ретінде түсініктеме береді [3, 95 б.]. Шын мәнісінде берілген символдардың ерекшеліктерінің бірі оның мазмұнында және көбінесе ғажап, мистикалық сарында жүруінде болып табылады. Бұны символдың концептуалдану үдерісіне ұшырауымен түсіндіруге болады. Ойдың қысқа да түсінікті жетуі үшін ортағасырлық көзқарастардың негізінде семантикалық үшбұрыштың символдық образы жасалған. Семантикалық үшбұрышқа қатысты тұжырымдамаларды В.В.Колесов,

М.В.Пименова және тағы басқа орыс зерттеушілері өз еңбектерінде қолданады. Бұны да концептуалданудың бір құбылысы ретінде қарауға болады. Біз ол арқылы заттық әлем, таңба мен идеяның арасындағы байланысты көре аламыз:



Сурет 4 – Семантикалық үшбұрыш

Берілген кестені қарайтын болсақ, идея ол ойлау формасына енген кез келген тұжырым, ой, образ немесе түсінік, ал таңба болса, бұл жағдайда, сөз болып тұр, зат дегеніміз шынай өмірде кездесетін деректі құбылыс немесе зат. Адам сөзден идеяға, идеядан затқа көшеді және бұны семантикалық үшбұрышта әртүрлі бағытта қарастыруға болады.

Идея да әртүрлі болып, сәйкес келмеуі мүмкін, әр ұлтта немесе әр тұлғада бөлек-бөлек басқаша болды. Бұл сезім де, эмоция да емес, ал ұлттық мінездің үлкен бөліктерде көрініс табуы болып табылады. Мысалы, В. Шубарт былай дейді: «Бірінші идея француздық болады, ал оның құрастырылған зат түріндегі қорытындысы немісше болады» [4, 15 б.]. Зерттеуші Қ. Қайырбаева символ мен идеяның арақатынасы тұрғысында былай дейді: «Символ белгілі бір мазмұн идеясымен тығыз байланысты, ол өз кезегінде басқа бір, неғұрлым құнды мәдени мазмұнды білдіру қызметін атқарады. Символ – кез-келген мәдениетке тән құбылыс. Символ әртүрлі мәдениет контекстінде кодтала отырып, олар да түрлі мәнге ие болады. Бұл орайда қай ұлттың болмасын өзінің ұзақ даму тарихында эстетикалық ұғым-түсініктеріне, шаруашылық кәсібіне, мінез-құлыққа, ырым-наным, салт-дәстүр ерекшеліктеріне байланысты сүйкімді образдары, сөз – болады [5, 133 б.].

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі Р. Сыздық символ мен идеяға байланысты: «Қазақ поэзиясының тілін зерттеушілер символ дегенді кеңінен арнайы сөз еткен емес, символ – идеяның заттық нышаны, образы», – деп атап өтеді [6]. Р.Сыздықтың бұл ойы да жоғарыдағы семантикалық үшбұрышпен жанасады деуге болады.

Біз символдарды мәдени тұрғыдан қараймыз, соған байланысты, символ басқа да мәдениеттерге тән стереотиптенген құбылысқа қатыстырылуы әбден мүмкін. В.А.Маслова өз еңбегінде: «А.Ф.Лосев символ өзінде ұйысқан мазмұнның мағынасының ары қарайғы күшейген жалпылама принципі деген, яғни ол ақпараттық әлеуметтік-мәдени кодтың спецификалық факторы және сол ақпаратты тасымалдау механизмі ретінде қаралуы мүмкін. Символдың осы қасиетін Ю.М.Лотман да атап өткен, оның айтуы бойынша, мәдениет, бір жағынан, мұраланған мәтіндердің белгілі бір саны болса, екінші жағынан мұраланған сим-волдардың саны» [3, 96 б.]. Көріп отырғандай, символ мәтіннің түріне жатпайды, ол өзіндік жеке таңбаға жатады. Алайда символды контекстік тұрғыдан зерттеуге болады және оның контекстегі немесе мәтіндегі рөлі бір бөлек мәселе болмақ. Жалпы шетел және орыс ғалымдарынан символды зерттегендер: Лосев А.Ф., Уваров Л.В., Мантатов В.В., Рубцов Н.Н., Потебня А.А., Лотман Ю.Н., Белый А., Тэрнер В. және т.б.

Ал қазақ тіл білімінде, әдебиеттануда символ жайлы тоқталып, зерттегендер: І.Кенесбаев, М.Балақаев, Ә.Т.Қайдаров, З.Қабдолов, Қ.Жұмалиев, Е.Н. Жанпейісов, К.Ш.Хұсайынов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ.Ғабитханұлы және т.б.

З. Қабдолов пен Қ. Жұмалиев сияқты ғалымдарымыз символды троптың бір түрі деп санаған. А.А. Потебня да осындай ойды ұстанады. Гегель символды жеке тұлғаның сөзі ретінде емес, ұлттық сипаттағы құбылыс деп біледі. Символ өзі үшін өмір сүрмейтін, көбінесе кең және жалпы мағынада түсінілетін, пайымдалатын сыртқы болмыс.

Символдық деп метафора, аллегория немесе мәдени таңба түрінде жүретін әлі де бар немесе заманы өтіп кеткен миф пен ритуалға келетін белгілерді атайды. Мифтер


халықта кең таралған әлемнің құрылымын сақтаушы мәдени құбылыс. Өмір озған сайын мифтер жоғала береді, дегенмен, метафоралар арқылы оларды қалпына келтіруге болады. Л. Джонсонның айтуы бойынша: «Діни ритуалдар – негізінде метафора жатын іс-әрекеттің күнделікті көрінісі. Діни ритуалдардың метафорикасына көбінде метонимия кіреді: шынайы әлемнің объектілері кейбір шынайы аспектілердің орнын діни түсінікпен алмастырады» [7].

Символдың тағы бір басты қасиеті – оның образдылығы. Осыған байланысты, көптеген ғалымдар символ ұғымын бейне арқылы анықтайды. Көптеген анықтамаларда «образ – символ – таңба» концептілерінің жиынтығы беріледі. Символ және таңба семиотиканың ең басты ұғымдары ретінде қолданылып, шын мәнінде екеуіне де ортақ қасиеттерді қамтиды: екеуі де үш компонентті модель түрінде құралған (таңбалаушы – таңбаланушы және семиотикалық байланыс; (означаемое – означающее и семиотическая связка), конвенционалды және т.б. Бірақ таңбаның мағынасы символға қарағанда конвенционалды ғана емес, соған қоса, дәл болу қажет, мысалы, жол тәртібіне байланысты таңбалар жол үстіндегі апаттардың болмауына септігін тигізу мақсатында жасалған. Н.Д. Арутюнованың айтуы бойынша, таңбалар конвенционаланады (конвенционализируются), ал символдар канонданады (канонизируются). Егер таңбаның мәні – таза нұсқау болса, ал символдың мәні әлдеқайда кең [3, 99б.].

Символ – сөз қолданудағы шеберліктің бір қырын көрсетіп бере отырып, стильдік қызметті де атқарады. Жазушы сөзді символдық мәнде қолданғанда, белгілі бір стильдік мақсатты, шығармадағы мотивті жеткізуді көздейді. «Сөз–символ жазушының айтпақ ойын дөп басып, шығарманың бейнелілігін арттыру үшін қажет» [8] болса, символдың мәдениеттегі күрделі, дихотомиялық белгісін оның таңбаға қатыстылығынан тани аламыз. Символдың таңбадан түбегейлі айырмашылығы оның мағынасының денотатқа (белгіленген объекті) тура бағытталмауында.

Символдардың өзге таңбалардан ерекшелігі оның семантикасынан байқалады. Символдың осы қасиеті арқасында адам қажеттіліктеріне жарамды және құнды түсініктер көрініс табады. «Тілдік символ қасиеті дүние бейнесін, аялық білім шеңберінде қарастырылатын тілдік таңба мотивациясынан тұрады. Символ өз ішінде атау беру немесе тұрақты мағыналық шарттылық мәнін сақтайды. Сонымен қатар, тілдік тұлғаның қалыптасуына сыртқы (әлеметтік) және ішкі (психологиялық, био-логиялық) факторлар айтарлықтай ықпал етеді» [8, 84б.].

Символдың пайда болуы, түзілуі және қолданылуы тағы да бір факторға байланысты: «... жеке адамның білімі мен ұжымдық (қоғамдық) білімді бір-бірінен шатастырмаған жөн. Ұжымдық білім әр уақыт кең, ауқымды, толық әрі шындыққа жақын келеді. Ал жеке адамның білімі – әрқилы. Ол кейде толық, кейде шала болуы мүмкін. Ғалымдардың «адамның білімі мен тәжірибесі қандай болса, ол жасаған дүниенің тілдік бейнесі де сондай болады» дейтіні содан болса керек. Себебі тілдік таңбаның (сөздің) мазмұны (мағынасы, ұғымы) адамның көрген-білгеніне, көңіл түйгеніне, білім деңгейіне тәуелді» [9, 15 б.]. Қ.Қайырбаева символға төмендегідей төрт түрлі сипат береді:



Сурет 1 – Символға берілген сипат

Символ кез келген тілдік бірлік тәрізді кумулятивті қызметі арқылы халықтың эстетикалық таным-түсініктерін, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүрін танытады [5, 9б.]. Қорыта келгенде, символ көп салада әртүрлі мағынаға

ие болады. Бірақ солардың барлығын символдың танбалылығы, идея үстейтіндігі мен образдылығы және бейнелілігі біріктіреді. Лингвистикада символдар көбінесе поэзия мен көркем мәтіндердегі мәнмәтіндерде сөз-символдар ретінде қарастырылып зерттеледі және оның зерттелу ауқымы өте кең. Оның негізгі қасиеті ретінде ұлттық-мәдени қызметін айта аламыз. Ұлттық-мәдени ренктерді көрсетуші бірлікке сөзді жатқызамыз. Сөз вербалдану және когнитивтік әрекеттерге ұшырап, адамның немесе тілдік тұлғаның санасындағы тілдік және тілдік емес білімдер жүйесін когнитивтік құрылымға айналдырады, сол когнитивтік құрылымның бір бөлігі болып символдар қалыптасады. Осы жерде белгілі бір символдың санада орын табуы немесе мүлде мағынасыз болуы тілдік тұлғаның құзіреті мен аялық біліміне байланысты болады, себебі жоғарыда атап өткендей, адамның білімі мен өмірлік тәжірибесі қандай болса, оның құрған әлем бейнесі сондай болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Философский энциклопедический словарь. Инфра. М.,1999. 576 с.
- [2] Қазақ әдеби тілінің сөздігі/Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. 13 т. 752 б.
- [3] Маслова В.А. Лингвокультурология. 2-е изд. М.: Academia, 2004. 256 с.
- [4] Колесов В.В., Пименова М.В. Языковые основы русской ментальности: учебное пособие // ГОУ ВПО «Кемеровский государственный университет» (Серия «Концептуальные исследования». Кемерово, 2011. Вып. 14. 144 с.
- [5] Қаирбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл.канд. дисс. Алматы, 2004. 127 б.
- [6] Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы, 1998. 600 б.
- [7] Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. М.: Едиториал УРСС, 2004. 256 с.
- [8] Якобсон Р. В поисках сущности языка. Семиотика. М.,1983. 423 с.
- [9] Айтбаева Н.К. Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты: филол. ғыл.канд. ... дисс. Алматы, 2007. 105–124 бб.

О.П.Әбутәліп

Алматы Менеджмент университетінің доценті, ф.ғ.к.

**ХАЛЫҚТЫҚ КҮНТІЗБЕНІҢ ЛИНГВОСЕМИОТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ:
ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІН ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫМДАР ТҮРҒЫСЫНАН
ҚАРАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Аннотация. Мақалада халық күнтізбесінің тілдік бірліктері, концептілік категорияларының объективтік ақиқатпен байланысы, этномәдени кодтық негіздері мен мәндері талқыланады. Күнтізбе жүйесіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жүйелеу негізінде ұлттық болмыс пен ұлттық тұрмыс-тіршілікті, қазақ халқының ертедегі астрономиялық білімі мен күн райын болжаудағы тәжірибелерін, болжамын айқындау мәселесі қойылып, қазақ күнтізбесінің қалыптасу, пайда болу негіздері жайында зерттеулер беріледі. Зерттеудің мақсаты – қазақтың күнтізбе жүйесіндегі лексика-фразеологиялық бірліктердің күнтізбелердің жүйелерін айқындаудағы рөлін және қазіргі календарь системасындағы түркілік күнтізбенің алатын орнын айқындау. Сол арқылы қазақ күнтізбе жүйесін жасап шығару.

Тірек сөздер: лингвомәдениеттану, лингвосемиотика, халық күнтізбесі, космонимдер, айдың тоғысуы, түрік мүшелі, азаматтық күнтізбе.

О.П. Абуталип

Алматинский университет менеджмента, доцент, к.ф.н.

**ЛИНГВОСЕМИОТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ НАРОДНОГО КАЛЕНДАРЯ:
ВАЖНОСТЬ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО КАЛЕНДАРЯ ЧЕРЕЗ ЯЗЫКОВЫЕ
ЕДИНИЦЫ**

Аннотация. В статье обсуждаются языковые единицы народного календаря, связь концептуальных категорий с объективной реальностью, основы и значения этнокультурного кода. На основе систематизации слов и словосочетаний, относящихся к системе календаря, ставится проблема определения национальной идентичности и национального быта, ранних астрономических знаний и опыта казахского народа в ежедневном прогнозировании погоды, представлены исследования об основах формирования, возникновения казахского календаря. Цель исследования- выявить роль лексико-фразеологических единиц в системе казахского календаря в определении систем календарей и уточнить место тюркского календаря в современной системе календаря, - тем самым создать казахскую календарную систему.

Ключевые слова: лингвокультурология, лингвосемиотика, народный календарь, космонимы, прохождение Луны, тюркский календарь, гражданский календарь.

O. P. Abutalip

Almaty University of Management, Associate Professor,
Candidate of Philology

LINGUOSEMIOTIC ASPECTS OF THE NATIONAL CALENDAR: THE IMPORTANCE OF STUDYING THE KAZAKH CALENDAR THROUGH LANGUAGE UNITS

Annotation. The article discusses the linguistic units of the national calendar, the relationship of conceptual categories with objective reality, the basics and meanings of the ethno-cultural code. Based on the systematization of words and phrases related to the calendar system, the problem of determining the national identity and national life, the early astronomical knowledge and experience of the Kazakh people in daily weather forecasting is posed. And research results are presented on the basics of the formation and emergence of the Kazakh calendar. The purpose of the study is to find out the role of lexical and phraseological units in the Kazakh calendar system in determining the calendar systems and to clarify the place of the Turkic calendar in the modern calendar system, - thus, to create the Kazakh calendar system.

Keywords: linguoculturology, linguosemiotics, folk calendar, cosmonyms, moon passage, Turkic calendar, civil calendar

Адамның санадағы ойын дәл әрі нақты жеткізу үшін белгілі бір ұғымды айқын бере алатын тілдік таңба қажет. Демек, тілдік таңбаның өзіндік мазмұны болуы тиіс. Қазақ тіліндегі сөздердің мазмұн межесінде бірнеше мағыналар (түсініктер) үйіріліп жатады. Тіпті бір сөздің мазмұн межесінде белгілі бір дәуірдегі аңыз, болжам, ырым, наным-сенім түсініктерімен байланысты әр алуан мәнділіктер болады. Сөздің ішкі мағыналарын, қолданыстағы мәнін объективті өмірмен байланыстыра қарап, этимологиялық қырларына сүйеніп, лингвомәдени компоненттерін тексеру арқылы тілдің сан алуан қызметі мен қасиеттері ашылады.

Қазақ тілінде, өзге тілдер сияқты, сөздің лексикалық және фразеологиялық бірліктерінің мағыналары мен мазмұнында ұлттық болмысқа, ұлттың дәстүрлі шаруашылығына өмірі мен наным-сенімі, таным-түсінігі, ойлау нәтижесімен байланысты концептілік категориялар жарыса өмір сүреді. Қазақ тілінде осы күнге дейін сақталып, қолданыста жүрген сөздердің біралуаны – байырғы күнтізбеге қатысты лексикалық және фразеологиялық бірліктер. Күнтізбеге қатысты лексема-фраземалардың мәні мен мағынасы қазақ халқының аспан денелерінің қозғалысын бақылап, соған орай ауа райының өзгеруін анықтай алу тәрізді әуелде сезімдік қабылдаулардан туындаған. Демек, тілдегі аспан денелері атауы мен жыл мезгілдері, ай аттарының шығу төркіні, қолданыста ұзағынан сақталуы халықтың ақиқат дүниесі үзіктеріне ат қойып, тілдік құралдар арқылы категорияландыру үрдісімен байланысты болып отыр. Яғни тілдің мәні мен мағынасы объективтік ақиқатпен байланысты. Мәселен, Үркер тек жұлдыз атауы (оним) ғана емес, бұл онимның мазмұнында жыл мезгілдерінің өзгеруіне қатысты аспан денелерінің қозғалысына байланысты ақпараттар бар. Осы секілді жыл мезгілдері мен ай, күн аттарына, жұлдыздар атауына қатысты әртүрлі ақпараттар когнитивтік санада концептілік құрылымдар арқылы орын тепкен. Сөздің наным-сенімнен туындағанын, сөздік қолданыста қандай мағыналық өзгерістерге ұшырағанын, бастапқы этимологиясы қандай болғанын, фразеологиялық тіркестердің қандай мәнде жұмсалғанын тілдік таңбалардағы этномәдени кодтарды ашу арқылы айқындауға болады. Күнтізбе жүйесіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жүйелеу негізінде ұлттық болмыс пен ұлттық тұрмыс-тіршілікті, қазақ халқының ертедегі астрономиялық білімі мен күн райын болжаудағы тәжірибелерін, болжамын айқындау өзекті мәселе болып табылады.

Байырғы қазақ күнтізбесіне қатысты тілдік бірліктер – халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінің көрінісі. Сондай-ақ қазақ күнтізбесінің ерекшелігі этностың дәстүрлі шаруашылығына, табиғи ортаға, ауа райын болжай білу тәжірибесіне, жыл мезгілдерін жұлдызға қарап ажырату, жыл қайыру, әрбір жыл мезгіліне тән ерекшеліктерді тану

қасиетіне қатысты болғандықтан, күнтізбелердегі лексика-фразеологиялық бірліктерді антропоцентристік бағытта зерттеу тиімді деп танылады.

Тақырыпты зерттеу барысында Ай аттарын саралай келгенде, байырғы қазақ қоғамында (діни емес, дүниауи қоғамда) күнтізбенің 1) «*Ай-Жұлдызға*» негізделген күнтізбе, яғни Айдың белгілі бір фазасында Үркермен тоғысуына негізделген «*Үркер күнтізбесі*», байырғы есепшілердің тілімен айтқанда, тоғыс есебіне негізделген күнтізбесі; 2) Қамбар жұлдызының Аймен тоғысуына сәйкес «*Ай-Жұлдыз*» күнтізбесі немесе халық астрономдарының айтуынша, Қарт наурыз күнтізбесі; 3) «*Күнге*» негізделген тәулік есепті күнтізбе (360 + 5 тәулік немесе бес қонақ) болғаны белгілі болды.

Қазіргі халық тілінде бір айдың бірнеше атауының да белгілі бір себептері бар. Синхронды тұрғыдан вариант тәрізді көрінгенмен, диахрондық тұрғыдан олар әртүрлі күнтізбеге қатысты ай атаулары болып табылады. Мысалы, үштің айы, тоғыз тоғыс, қаңтар т.б., «январь» айы деген мағынаны білдіреді. Ал, шын мәнінде, «Қарт наурыз» бойынша үштің айы «январь», Үркер күнтізбесі бойынша тоғыз тоғыс – «январь», Жас наурыз бойынша қаңтар – «январь» дегенді білдіреді.

Күнтізбелерді зерттеу барысында оның екі үлкен топқа ажыратылатыны анықталды. Біріншісі – жер бетіндегі құбылыстарға, дәлірек айтқанда, ауа райының өзгерістеріне негізделген күнтізбелер. Әдетте оларды табиғи күнтізбелер деп атайды. Екіншісі – аспан денелерінің қозғалыстарына негізделген, яғни астрономиялық негізі бар күнтізбелер. Астрономиялық негізі бар күнтізбелер төрт түрлі қағидаға негізделеді. 1. Күн күнтізбесі. Ол күннің қозғалысына немесе белгілі бір жұлдыздың, мәселен, Сүмбіленің қозғалысына негізделеді. 2. Ай күнтізбесі. Ол айдың қозғалысына негізделеді. 3. Ай-Күн күнтізбесі. Екеуінің де қозғалысы қатар бақыланады. 4. Тоғыс күнтізбесі. Үркер шоқжұлдызының қозғалысына негізделеді [1, 80 б.].

Күнтізбе жүйесінің құрылу тарихындағы халықтың уақытты өз тәжірибесінде өлшеп, күнтізбесін болжап көрсету қабілетінің сол халықтың дүниетанымына тікелей қатыстылығын айғақтайды. Т.М.Потемкина «Основные этапы и организационные формы развития археоастрономии» еңбегінде: «Бұл кешенді жаңа ғылыми сала жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың тоғысуы нәтижесінде қалыптасты, бұл ғылым тек ежелгі астрономиялық білімді зерттеу ретінде ғана танылмайды, сонымен қатар сол заманда өмір сүрген халықтың дүниені тану қабілеттерін, сол адамдардың санасындағы дүние бейнесін зерттеу маңызды орын алады», – деп көрсетеді [2, 203 б.].

Б.А.Фролов пен Л.С.Марсадолов «Архаикалық космологиядағы сандар», «Батыс Алтайдағы Ақбауырдың астрономиялық аспектісі» деп аталатын еңбектерінде ғылымға дейінгі астрономияға арнайы тоқтала келіп, ежелгі астрономиялық таным-түсінікті зерттеу арқылы таңбалық жүйенің алғашқы қалыптасу кезеңін айқындауға болады және ол прототілдің негізі болып саналады деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар А.Давлетшина «Эпиольмекский календарь: проблемы корреляции» еңбегінде ежелгі мезоамерикалық өркениетін танытатын ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде олардың астрономиялық түсініктері ақиқат дүниені интерпретациялау құралы болғанын айтады. Ал ғылымда эпиольмектік иероглифтер жазу таңбасы ретінде танылмайды, себебі оны оқу мүмкін емес деп шешкен болатын [3]. Демек, астрономиялық таңбалардың да белгілі бір ұғымды, адам санасындағы таным-түсінікті, жағдаятты түсіндіруге қабілетті деген қорытындыға келуге болады.

Бұнымен қоса орыс ғалымдары Х-ХІV ғасырларға дейін қолданылып келген ай-күн күнтізбесін зерттеу арқылы халық ауыз әдебиетіндегі біршама мифологиялық аңыздардың мазмұны осы күнтізбе атауларының аспандағы бейнесі мен қозғалысына сәйкес келетінін аңғарған болатын. Соның негізінде астрономиялық құбылыстарды тілдік жүйеден, яғни фольклорлық мәтіндерден анықтауды тиімді деп санаған. Мәселен, орыс және шетел ғалымдары әрбір шоқжұлдыз туралы халық арасындағы таным-түсінігінен

туындаған аңыз, әңгімелерді арнайы ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырған. Р.Франк «Охота на европейских небесных медведей: следы небесной системы координат в славянской и угро-финской фольклорной традиции» деген еңбегінде, А.В.Лушинкова «Ранние представления о Большой Медведице у народов Евразии» деген еңбегінде, М.Раппенглук «Изображение, роль и значение Млечного пути» еңбегінде арнайы тоқталған. Бұл ғалымдардың зерттеулерінде адамзаттың күн жүйесі мен аспан денелері қозғалысы туралы танымындағы космологиялық және діни наным-сенім түсініктерінің тығыз байланыста, бірін-бірі толықтырып жатқан бүтін дүниетанымдық тұтастыққа құрылғаны негізгі түйін болып келеді.

Акад. І.Кенесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде «Түркі халықтарында жыл санаудың бұл «он екі мүшел жыл» жүйесі қай дәуірде туған дегенге жауап бере қою қиын. Бірақ қалай дегенде де, өзге көршілес халықтарда осы жүйенің өте ертеде болған тарихи дерегі бізді түркі халқының арғы тегі көне дәуіріне қарай жетелей түседі», – дей келіп, М.Қашқаридағы мынадай деректі келтіреді [4, 637 б.]:

XI ғасырда жазылған «Дивану лугат ит-түрк» («Түрк сөздерінің жинағы») деген кітапта ағатқы тюрколог Махмут Қашқари төмендегідей қызық дерек келтірген. Бір ескертетін жай, бұл дерек сол дәуірдің (XI ғасырдың) өзінде де тарихи аңызға айналып үлгерген.

Түріктер он екі түрлі хайуан атын он екі жылға ат етіп қойған. [Адамның] тууы, соғыс тарихы және басқаларды [басқа да оқиғаларды, жайларды], міне, осы жылдардың айналып келуімен есептейді. Бұның [бұлай санаудың] шығу себебі мынадай: Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгері болып өткен соғысты [соғыс тәсілін] үйренбекші болған, бірақ сол ұрыс болып өткен жылды дәл анықтауда жаңылысқан. Осыдан кейін бұл жайды [қаған] жұртымен кенеседі де, былай дейді: «Біз бұл тарихты анықтауда қаншалық жаңылысқан болсақ, бізден кейінгілер де соншалық жаңылысады. Олай болса, біз енді он екі айға және аспандағы он екі шоқжұлдызға [зодиак] негіздеп, он екі жылға ат қоюымыз керек, бізден кейін жыл есебі осы жылдардың айналып келуіне қарап есептелсін және мұның өзі мәңгі бір ескерткіш болып қалсын», – дейді [5].

«...Қаған ауға шықты және адамдарға жабайы хайуандарды Іле дариясына қарай қууды бұйырды. Бұл өзі өте үлкен су. Адамдар ау қылып хайуандарды суға қарай айдай бастады, сол кезде он екі хайуан судан өтті. Он екі жылды, міне, осы хайуандардың атымен атады. Ең алдымен судан өткен хайуан Сыңған болды. Сол себептен жыл басы соның атымен аталды. Сол сөзге жыл қосып Сыңған жылы деп атады. Одан кейінгі өткендер төмендегі тәртіпте болды. Және олардың әрқайсысы бір жыл үшін есім-ат болды: *Уд жылы, Барс жылы, Тавышқан жылы, Нек жылы, Жылан жылы, Жунд жылы, Қој жылы, Бічін жылы, Тақағу жылы, Ылт жылы, Тоңуз жылы*. Тонузға жеткен соң, есеп және Тышқаннан басталады» [5]. Түріктер бұл жылдардың әрқайсысында бірер керемет бар деп біледі: мәселен, оларша Сыыр жылы болса – ұрыс көп болады, өйткені сыыр – бір-бірімен сүзісетін хайуан. Тауық жылы кірсе, азық-түлік көбейеді, бірақ адамдарда бейнет көп болады. Өйткені тауықтың тамағы дән болып, оны тауып жеу үшін бар нәрсені түрткілеп жүреді. Нек [Ұлу] жылы кірсе, егіншілік болады, дақыл көп болады, өйткені ол суда тіршілік етеді. Донуз жылы кірсе, суық қатты, қар көп болады әрі бәлекет көп болады. Осыған ұқсас әр жылға берер болжам айтады [5, 330-332 б.].

Дегенмен жыл санау уақытын дәл нақты айқындау үшін, белгілі бір оқиғаның болу сәтімен белгілеу уақыт мөлшерін дәл көрсетеді. Мүшел есебі ең алғаш Ежелгі түркілерден туындаған деп пікір түйгенмен, нақты қай уақыттан басталғаны белгісіз болып отыр. Осындай нақты белгілеу болмағандықтан, Ежелгі Түркілердің күнтізбесінде М.Қашқаридің айтуынша, жануарлардың Іле суынан өтуі жөніндегі аңызды тарихи оқиға деуге болмайды. Бұл жерде мүшел ретін көрсетуге негіз болар, сүйенер тиянақтың болмай отырғаны едәуір қиындық келтіреді. Азаматтық есепке дейін көптеген күнтізбе жүйелері болғаны белгілі.

Халықтық күнтізбенің қалыптасуына мүшел есебі де өз септігін тигізетіні белгілі. Дегенмен мүшел есебі алғаш қай елде пайда болғандығы бүгінгі күнге дейін шешілмеген дау болып отыр. Бұл салада қыруар зерттеу жұмыстарын жүргізген Еуропа мен Ресей ғалымдары болды [6, 84 б.]. Француз лингвисті Жозеф Галлеви мүшелді «түрік мүшелі» деп атағанымен, оны әуелде мысырлықтар ойлап тапқан, ал түркілер оны «өңдеген» деген пікір айтса, неміс ғалымы Г.Хирт пен И.Миккола мүшел ең баста ежелгі Грецияда шығып, кейіннен қытайға ауысқан деген пікір айтады. А.Н.Самойлович «Түркі тілдес халықтардағы 12 жылдық хайуанаттар айналымы жайындағы мәселе» деген мақаласында «хайуандар тізімі» мүшел есебі Мысырда пайда болды деуге Тевкросстың грек тілінде жазылған жылнамасы негіз бола алмайды [7]. Француз ғалымы Э. Шаванн «Түркілердің 12 жылдық мүшелі» атты мақаласында Ж. Галевидің «көшпенділер күнтізбе жасай алмайды» деген пікіріне қарсы шығады. Сондай-ақ Э.Шаванн мүшелдің Қытайда пайда болмағанын қытай деректері бойынша дәлелдейді. Тянь дәуірінде жазылған жылнамада: «Қырғыздар жылды он екі хайуан арқылы белгілейді. Жыл «инь» таңбасына келгенде, олар барыс жылы дейді» делінген. [8]. Яғни бұл жылнамадан сол кезде Қытайдың жылдық мүшелінде «таңба» болғанымен, хайуанат атаулары болмағанын аңдаймыз. Ал Г.П. Сердюченко «мүшел түркі халықтарынан шыққан» деп кесіп дәйектейді. [9]. Қазақстандық ғалым И.В.Захарова мақаласында мүшелдің пайда болуы туралы деректерді талдай келе, мынадай қорытынды жасайды: «Он екі жылдық мүшел есебі бұдан 2000 жылдай бұрын (б.э.д.1 ғасырда) Орта Азияда пайда болған» [10]. Хайуанаттар мүшел құраудың соншалықты нақты жыл санауын түзе білуі, сол халықтың мәдениетінде жатыр.

Тағы да бір тарихи деректер бойынша, Көк түріктер саналған Телеүіттер еліндегі ежелгі қорғаннан мүшел салынған медальон табылған. Бұл сурет қай заманда салынса да, оны салған адамның Жердің дөңгелек екенінен хабары бар екені байқалады. Жер шеңберінің жоғарғы жағына Ай мен Үркер шоқжұлдызы (қазіргі уақытта «маймыл» аталып жүрген мешін бейнесіндегі адамның көкірек тұсына Үркер жұлдызы орналасқан) және жарығы күшті жұлдыз (Сүмбіле) бейнеленген Жер шарының төменгі жағына Күн мен тағы бір жұлдыз бейнеленген.

Дегенмен суреттегі мүшел есебінің 12 хайуанаты қазіргі реттіліктен сәл басқаша белгіленген. Күннің сол жағынан жоғары қарай мүшел атаулары былай орналасқан: 1. Тышқан, 2. Сиыр, 3. Барыс, 4. Доңыз (қазірше – қоян), 5. Тауысқұс (қазірше – ұлу), 6. Жылан, 7. Жылқы, 8. Мешін (қазірше – қой), 9. Қой (қазірше – мешін), 10. Тауық, 11. Ит, 12. Піл (қазірше – доңыз). Бұндай мүшел есебінен құрылған жыл санау күнтізбесінің осы күнге дейін құндылығын жоймай, дәл келуінің себебі, Жердің дөңгелек шеңберіне қарай орналасуында емес, оның ішкі жүйесін Ай, Күн, Үркер жұлдыз шоғырына негізделген Тоғыс есебін құрауында болып отыр.

Мүшел есебі қазақ халық күнтізбесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мүшел жыл қайыру есебі бойынша жүзеге асады. Жыл басы, яғни бірінші жыл тышқан болып табылады, екінші жыл сиыр, үшінші жыл барыс, төртінші жыл қоян, бесінші жыл ұлу, алтыншы жыл жылан, жетінші жыл жылқы, сегізінші жыл қой, тоғызыншы жыл мешін, оныншы жыл тауық, он бірінші жыл ат, он екінші жыл доңыз. Осы он екі атаудың ішінде доңыз жылы қаракиік, ал ит жылы опадар деп те аталады. Тауа мұсылман доңыз жылын ит жылы деп айтуды лайық көрмей, доңызды қаракиік, итті опадар деп айтатын болған.

Байырғы қазақ қауымында адамның туған жылы он екі хайуанаттың бірімен аталған, мысалы, тышқан жылы туған баланың жылы тышқан болып есептеледі.

Он үш жыл бір мүшел болады, одан кейін он екі жыл қосылып, жиырма бес екі мүшел, отыз жеті үш мүшел, қырық тоғыз төрт мүшел, алпыс бір бес мүшел, жетпіс үш алты мүшел, сексен бес жеті мүшел, тоқсан жеті сегіз мүшел деп аталады.

Мүшел атауының қазақ әйелдері тілінде өзгеше айтылатын түрі бар. бұл атау әйелдің күйеуінің туыстарының атын атамайтын дәстүрімен (табумен) байланысты. Мысалы:

Мәшһүр Жүсіп [12, 418 б., 178-179 б.] он екі жыл атауын былай деп көрсетеді: 1. *Жорғалауық – тышқан*, 2. *Әуке – сиыр*, 3. *Дінке – барыс*, 4. *Жырық – қоян*, 5. *Шолпетер – ұлу*, 6. *Ұзыниешей – жылан*, 7. *Таздыр – жылқы*, 8. *Жандық – қой*, 9. *Ойнарқы – мешін*, 10. *Құс баласы – тауық*, 11. *Ноқай – ит*, 12. *Жертүртер – доңыз*.

«Ақылға салғанда, қатындар қойған ат дұрыс. Ана тілінің асылдығы – осы» дейді [12, 418 б., 179 б.].

Жылдың ауысуын Мәшһүр ата Жүсіп Ұлу таққа мінді, Қоян құлады дейді [12, 418 б., 182 б.]. Бұл тіркесті Қоян шықты, Ұлу кірді деп түсінеміз.

Күн мен Айдың қозғалысына тікелей қатысы жоқ, негізінен алғанда, ауа райы мен шаруашылық маусымдарына байланысты қалыптасқан күнтізбе жүйесі «азаматтық айлар» жүйесімен құрылады. Қардың еруі мен жердің көктеуі, өсімдіктердің толуы мен солуы, күн салқындап, аспанды сұр бұлттар қаптап, күздің басталуы, қар жауып, аяз бен боран кезектесіп, қыстың түсуі бүкіл халыққа мәлім болады. Сондықтан азаматтық айлар халықтың өмір тәжірибесіне жақын.

Қазақ тілінде жарық көрген қазақ күнтізбесі туралы айтатын болсақ, алғаш қазақ тілінде басылып шыққан алғашқы календарь 1899 жылы Орынборда «Календарь для киргизов – Қазақ үшін календарь» деген атпен жинақ түрінде жарық көрді.

Толық мағынасындағы тұңғыш қазақ календары 1923 жылы Орынбор қаласында араб әріптерімен басылып шығарылды. Бұл күнтізбенің бірінші жолында «ит жылы бітіп, доңыз жылының басталуы 22 март» деп жазылған. Бұл күнтізбеде әрбір айдың екі түрлі атауы көрсетілген: *январь – дәлу; февраль – хұт; март – хамал; апрель – сәуір; май – сауза; июнь – саратан; июль – әсет; август – сұмбіле; сентябрь – мизан; октябрь – қақырап; ноябрь – қауыс; декабрь – жидді*. Бұлай берілу себебін «айлардың бірінші атауы римше, екінші атауы ғарапша (яғни арабша)» деп көрсеткен.

Сонымен, қорыта айтқанда, күнтізбе жүйесі мыңдаған жылдар бойы жинақталған өмір тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған. Бастапқыда күнтізбе жүйесі жер бетіндегі табиғи құбылыстарға – қардың кетуі, өзендердің тасуы, дауылдардың соғуы, құстардың келуі, тағы басқа да жыл мезгілдеріне лайықты болатын өзгерістерге қарап күн мен айды белгілеуден қалыптасқан.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Исақов М. Халық календары. Алматы, 1980. 318 б.
- [2] Потемкина Т.М. Основные этапы и организационные формы развития археoaстрономии. М.: Наука, 1985. 457 с.
- [3] Давлетшина А. Эпиольмекский календарь: проблемы корреляции. Ташкент: Фан, 1978. 368 с.
- [4] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 712 б.
- [5] Қашқари М. Диуани-лұғат ит-түрік. Ташкент, 1960. I т. 332 б.
- [6] Потанин Г.Н. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. Алматы, 1972. 512 с.
- [7] Самойлович А.Н. К вопросу о 12-летнем животном цикле у турецких народов. Т. 1. Л., 1927. 268 с.
- [8] Струве В.В. История древнего Востока. М., 1941. 457 с.
- [9] Сердюченко Г.П. Счет лет по животному циклу у кабардтиночеркесов, абазии и ногойцев: Т. 11. Нальчик, 1947. 324 с.
- [10] Захарова И.В. Двенадцатилетний животный цикл у народов Центральной Азии. Алматы, 1963. 465 с.
- [11] «Түркістан» газеті. 2006. 26 ақпан.
- [12] Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. II т. Павлодар, 2007. 224 б.

МРНТИ 16.01.00

Д.Е. Асылжанова

Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің магистрі

**ДЖ.Д.СЭЛИНДЖЕРДІҢ «THE CATCHER IN THE RYE»
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ СЛЕНГТІҢ ҚЫЗМЕТІ**

Аннотация. Мақалада сленгтің әдеби шығармаларда атқаратын негізгі қызметтері мен ерекшеліктері, қолдану себептері талданған. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі сленгтерді орыс тіліне аудару ерекшеліктері сипатталған.

Кілт сөздер: сленг, сленг функциясы, «The Catcher in the rye», жастар сленгі.

Д.Е. Асылжанова

магистр Национального педагогического университета имени Абая

**ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СЛЕНГА В
ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ ДЖ.Д.СЭЛИНДЖЕРА
«THE CATCHER IN THE RYE».**

Аннотация. В статье проанализированы основные функции и особенности, причины употребления сленга в литературных произведениях. Также описаны особенности перевода английского сленга на русский язык.

Ключевые слова: сленг, функция сленга, «The Catcher in the rye», молодежный сленг.

D.E. Asylzhanova

Master of the National Pedagogical University named after Abai

**FEATURES OF THE FUNCTIONING OF SLANG IN THE WORK
OF FICTION BY J. D. SALINGER «THE CATCHER IN THE RYE».**

Annotation. The article analyzes the main functions and features, the reasons for the use of slang in literary works. The peculiarities of translating English slang into Russian are also described.

Keywords: slang, slang function, «The Catcher in the rye», youth slang.

Сленг – ерекше тарихи түрде қалыптасқан, ауызекі тілде қолданылатын эмоционалды бояуға ие лексика, нақты ажыратылатын тілдік жүйе болып табылады. Тілдің басқа да бөлімдері сияқты сленгтер үнемі жаңа сөздермен толығып, жаңа мағыналарға ие болып отырады, алайда лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құрылымының негізгі қаңқасы өзгеріссіз қалады. Сондай-ақ сленгтер функционалды ерекшелігін де жоғалтпайды.

Г.Р. Иванованың пайымдауынша, сленгтердегі атаулар сөйлеушінің коммуникативтік қажеттіліктерінің салдарынан пайда болуына байланысты коммуникативті функция

номинативті функциямен сай келеді (Иванова, 1990: 128). Стандартты тілде баламасы жоқ номинативті бірліктер коммуникация үрдісін жеңілдетіп, тіпті, кейде анықтайтындықтан жоғары коммуникативті мәнге ие болатыны сөзсіз. Мәселен, ағылшын сленгінде стандартты тілде баламасы жоқ *to flunk out* (үлгерімнің төмен болуынан оқу орнынан шығарылу) деген лексема бар. Алайда Сэлинджердің повесіндегі бас кейіпкер бұл сленгизмді өзімен бірге оқитын достарымен, құрдастарымен сөйлесу барысында қолданады: «I'm the one that's flunking out of the goddam place, and you're asking me to write you a goddam composition». Оларға бұл сөз түсінікті болып қана қоймай, коммуникативті тұрғыда қажет болып табылады, себебі аталмыш сленгті білу бір-бірінің ойын бірден түсініп, еркін түрде сөйлесуге мүмкіндік береді.

Мұндай лексикалық бірліктер әлемнің тілдік бейнесіне қайталанбас элементтер ретінде енгендіктен когнитивті тұрғыда өте маңызды. Осылайша коммуникативті функция мен когнитивті функцияның байланысын аңғара аламыз. Соңғысы сленгтегі көп атауларда стандартты белгілеулерде жоқ қосымша ақпараттың болуында және қоршаған орта туралы қосымша ақпарат беруінде көрініс табады.

Номинативті функция. Техникалық прогресс, компьютерлендіру процесі, сән үрдісінен қалыс қалмай, алға ұмтылу нәтижесінде жаңа сленг сөздер қалыптасып жатыр, өйткені әдеби тілде кейбір реалийлердің тиісті мағыналары жоқ. Сленгке жататын сөздер мен сөз тіркестерінің лексиканың басқа да бөліктерінде сөздік сәйкестіктері болмаса, лексикографтар белгілі бір лексикалық бірліктерді түсіндіру үшін сипаттау әдістеріне жүгінулері тиіс. Мысалы, «The Catcher in the rye» повесінде мағыналары тұрақсыз және баламасыз сленгизмдер кездеседі, сондықтан да Oxford Dictionary of Modern Slang (J7 Ayto, J. Simpson) сөздігінде оларға түсініктеме түріндегі анықтама беріледі: *tail* – woman regarded collectively (by men) as means of sexual gratification, sexual intercourse; *lulu* – a remarkable or excellent person or thing; *falsies* – a padded bra.

Сленг заңға қайшы келетін мораль мен құбылыстарды ғана білдірмейді, ол осы ұғымдарға эпикалық-бейтарап, жағымды немесе айтарлықтай тәкаппарлық және мәжбүрлі деген сияқты белгілі бір қарым-қатынасты да білдіреді. Олай болса, сленгтің эмоционалды-бағалау функциясын сөз ете аламыз.

Сэлинджер повесінен алынған келесі үзіндіде сөздердің көбісі дәрежі әрі ауызекі тілге тән эмоционалды, экспрессивті реңкке боялған, сондай-ақ Стрэдлейтер мен Холден Колфилд арасындағы бір-біріне деген жеккөрушілік сезімдердің барына күман туғызбайды:

«You don't even know if her first name is Jane, ya goddam moron!»

«Now, shut up, Holden, God damn it – I'm warning ya», – he said. I really had him going. «If you don't shut up, I'm gonna slam ya one».

Бұл сұхбатта ызалану мен ашуланудың жоғарғы дәрежесін білдіретін *shut up* сленгизмі қолданылған. Бағалау компоненті болғанмен, ол әдейі ығыстырылған, себебі жағымсыз көзқарас тікелей сөйлеушінің аузына қақпақ болуға емес, сөйлеушінің айтып жатқан сөзіне бағытталған. Сленг сөздерде коннотацияның барлық түрі бар, мәселен, эмоционалды компонент кеміткен, кекесінді және бағалық мағынаға ие.

Әсіресе, сөйлеу кезінде шындыққа тән әртүрлі жағымсыз құбылыстарды білдіретін сленгизмдердің эмоционалды-бағалау бояуы қанық. Мұндай сленгизм Сэлинджер повесінде өте көп кездеседі, автор осы арқылы бас кейіпкердің өзін қоршаған әлемге риза еместігін көрсетіп отыр: Колфилд адамдардан, олардың қырық өтірігінен түңілген, өзінің өмір сүруінің мағынасыз екенін түсінеді. Мысалы, *goner* – дұрыс жолдан тайып, құрдымға кеткен адам, жоғалған зат; *to booze* – алкогольді шамадан тыс көп ішу; *rotten* –

жиіркенішті, жексұрын, сұмпайы; to snow – алдап-арбау. Сондай-ақ сөйлемге дәрежелілік пен өрескелдік сарынын беру үшін ғана әдейі қолданылған сленг сөздер бар (bastard, damn, fuck).

Ғалымдардың көпшілігі эмоционалды-бағалау функциясы сленгтің экспрессивті функциясымен астасып жатқандығын көрсетіп тұр. Сөйлеу тілінде сленгті қолданатын ұжым өз ойын бейнелі түрде беруге, қоршаған ортаға, онда болып жатқан оқиғаларға, оларды бағалауға деген қарым-қатынасын беруге тырысады.

Сленгизмдер әдеби тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің стилистикалық синонимдері болып табылады, олар ешқашан белгілі бір ұғымдарды білдірудегі бірден-бір құрал қызметін атқармайды. Сол себепті сленгтер өзіне деген эмоционалды қарым-қатынас тудыратын қарапайым зат атауларына қарағанда екінші деңгейдегі экспрессивті атаулар болып табылады. Олардың экспрессивтілігі бейнелілікке, тапқырлыққа, оқыстыққа, кейде қызықты бұрмалаушылыққа сүйенеді. Номинативтіден гөрі экспрессивті функция басым түседі.

«The Catcher in the rye» повесінің бас кейіпкері – жасөспірім. Ол мектепте оқиды, құрдастарымен араласады, сөйлеу тілінде жастар өзара ерікті түрде, бейресми жағдайда қарым-қатынасқа түскенде өте жиі қолданатын арнайы сленгтің «жастар сленгі» деген түрін қолданады. Сонымен қатар баяндау желісі бірінші жақтан Холденнің оқырман досына барлық нәрсені шынайы мойындауы түрінде баяндалады, сондықтан да кітапты оқып отырған кез келген жасөспірім өн бойында міні көп кейіпкермен өзін опонай сәйкестендіре алады немесе жасөспірімдер шынайы өмірде жиі тап болатын қиындықтарды, оның уайым-қайғысын түсіне алады. Бас кейіпкердің тілінде жастарға тән сленг тым көп кездеседі, мысалы: to get (give) the ax – оқудан шығарылу, wise guy – білгіш, can – дөретхана.

Сленгтің экспрессивтілігі туралы әңгіме қозғаған кезде контекстің, нақты тілдік жағдайдың маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Басқа сөзбен айтқанда, бәрі сленгизмді пайдаланатын қоғамға байланысты. Егер сленгтің сөйлейтіндердің арасында қолданылатын болса, оның экспрессивтілігі жоғары болады.

Сөйлеудің белгілі бір түріне деген қоғамдық немесе жеке қатынас маңызды рөл атқарады. Алайда белгілі бір тілдік құралдардың, сөздер мен мағыналардың әлеуметтік, тілішілік, идиолекті, жас уәждемесінің де маңызы зор. Арнайы сленг бірліктері қоғамның әлеуметтік стратификациясымен, түптеп келгенде, әлеуметтік топтық, кәсіби, әлеуметтік-демографиялық және т.б. сияқты әлеуметтік дифференциацияның белгілі бір аспектілерімен байланысты. Белгілі бір сленгті иелену белгілі бір топқа, кейде бірнеше топқа деген тиістіліктің нәтижесі болып табылады, ал кейде адамның өмір жолын білдіреді. Өзге топ өкілдерімен байланысқа түсетін бұл адамдар сленгті таратады. Жаргонизм және арготизм сияқты арнайы сленг бірліктері әлеуметтік топ мүшелерінің арнайы нұсқаулары, олардың дүниетанымын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, дүниетанымдық функцияны атап өткен жөн.

Белгілі бір топтың мүддесін сленг лексикасының тақырыбы арқылы аңғара аламыз, яғни арнайы сленгті қолданушылардың мәдени, этикалық, эстетикалық, әлеуметтік басымдылықтар жүйесі ашылады. Сонымен, повестің бас кейіпкері мен оның құрдас-тарының сөйлеу тілін зерттеу нәтижесінде Холден мен оның достарының мүдделерін айқын көрсететін лексикалық топтардың мынадай тақырыптық топтары анықталы: алкоголь, алкогольді сусындар – кеңейтілген лексика-семантикалық топ; синонимдер «мас», «алкогольді масаю» деген қатардың бейтарап басымдылықтары айналасына шоғырланады: tight, oiled, blind, booze hound; жыныстық қатынас (tail, to rush somebody,

to get wise with somebody, pancy, horny); төбелес (to rough up, to slam, to sock); ақша (rocks, buck, dough, stuff, to shell out); адамдармен қарым-қатынас, бағалау (dopey, rat, nut, slob) және т.б.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын нәтиже дүниетанымдық функция арнайы сленгке тән эзотериялық функциямен байланысты, өйткені дәл осы бірліктер белгілі бір топ мүшелеріне тән ынтымақтастық сезімін, тіпті бөтен адамдарға деген өшпенділік, жек көру, мысқылдау қатынасын көрсетеді. «Өзінікін» «бөтендерге» қайшы қою «өзінікі» бола алмаған, белгілі бір топқа сіңе алмаған бөтен адамдарға қатысты қолданылатын пейоративті сленгизмдер тобынан көрініс тапты.

Мысалы, егер жастар сленгизмін қарастыратын болсақ, жастар дегеніміз – әртүрлі істермен айналысатын, өздеріне тән әуестіктері мен пайымдамалары, білім беру деңгейлері бар әртүрлі адамдар. Сондықтан жастар сленгі де жастар сияқты біркелкі емес. Жасөспірімдер мен жастардың көптеген бірлестігі басқа топтардың (хиппи, спорт т.с.с. сленгтерінен алынған сөздерді қолданады. Сөйтіп Холден актерлік сленгтен (to go into this nodding routine – иілу), психоанализ саласынан (exhibitionist-менменсіген өркөкірек адам), спорт сленгінен (to sink), джазистердің жаргонынан (lick-импровизация) алынған сөздер қолданады. Осылайша арнайы сленгтерді қолдану сөйлеушіні айналадағыларға түсініксіз болып көрсетіп, қорғаныш функциясын атқарады.

Кейбір ғалымдары сәйкестендіру (идентификациялық) функциясын сигналды деп атайды, сондай-ақ бұл эзотериялық функциямен байланысты. Оның мәні мынада, сленг көптеген нәрсенің ішінен (сондай-ақ сөйлеу мәнері, ым-ишара арқылы) «өзінікін» тануға мүмкіндік беретін құпия сөз болып табылады, ол мұқтаж жандардың ізденістерін жеңілдетеді, ерекше байланыстар орнатып, қолдауға көмектеседі. Әңгіме барысында өзі туралы, өзін қоршаған орта туралы сигнал береді, оның сөзінен оның әлеуметтік жағдайы, жасы, қай өңірдікі екені туралы (өйткені белгілі бір говорға белгілі бір фонетикалық, грамматикалық, лексикалық белгілер тән) нақты түсінік қалыптасады. Әңгімелесуші сөйлеу тәртібі арқылы сол топ мүшелерімен қарым-қатынасқа түсуге дайын екендігін көрсетеді. Осылайша Холден Стрэдлейтер қолданған сленгтерді еш қиындықсыз түсініп (I'll be up the creek, buddy, sharp), оған берген жауабында ұқсас сарындағы сленгтерді қолданады. Тілдесудің мұндай формасы екеуі үшін де таптырмайтын бірден-бір жолы болып табылады.

Дейктикалық немесе сипаттаушы функция көркем әдебиетте қолданылады. Белгілі бір кейіпкер қолданатын сленгизмдер белгілі бір деңгейде оның жеке тұлғасын, белгілі бір адамдар тобына тиістілігін сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл функцияның жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, «бөтен» нәрселердің ішінен «өзінікін» тануға бағытталған сәйкестендіру функциясымен байланысы байқалады. Кейіпкерлердің сөйлеуінде сленгизмдерді қолдану әңгімеге сол топқа тән белгілі бір бояу береді, бұл лексика кейіпкерлердің сөйлеу портреттерін және олардың әлеуметтік рөлдерін типтендіру үшін қолданылады.

«The Catcher in the rye» повесінде Холденнің Нью-Йорк қонақүйінде Сани есімді жезөкшемен танысу көрінісі сипатталады. Холденге неше жастасың дегенде, ол жиырма екі деп жауап берсе, қыз оған қарап күледі: «Like fun you are». Алайда Колфилд үшін бұл күтпеген жағдай болды, өйткені ол жезөкшелермен сөйлескен кезде қалыптасқан сөйлеу тәртібі мен мәнері туралы түсініктен (атап айтқанда, сөйлеу кезінде сленг пайдалану) хабардар болатын: «It sounded like a real kid. You-d think a prostitute and all would say «Like hell you are» or «Cup the crap» instead of «Like fun you are».

Уақытты үнемдеу функциясы сленгтің уақытты және сипаттау кеңістігі болып табылатын орынды үнемдеуге көмектесетіндігімен байланысты. Захарченконың (2006) пікірінше, бұл функцияны жүзеге асыру құралы аббревиация болып табылады. Сондай-ақ Сэлинджер тілінен мынадай қысқарған сөздерді де кездестіруге болады: *dorm* (dormitory) – ұйықтау ауданы, *Pencey prep* (preparatory school) – дәулетті отбасынан шыққан ұлдарға арналған жабық интернат мектебі, *bud* (buddy) – дос, *BB guns* қысқарған сөзі – ұсақ калибрлі қару.

Олай болса, сөйлеу тіліндегі сленг әртүрлі функцияларды атқарады, десе де олардың ішіндегі аса маңыздысы экспрессивті болып табылады. Өйткені «сленг – жеке адамдардың қоғамда қалыптасқан әдеттегі тілден ауытқу, өзін-өзі бір сәтке ұмыту нәтижесінде туындаған сөйлеу формасы» (Jespersen, 1922: 149). Сленгтің көмегімен кейіпкеріміз Холден Колфилд жарық дүниеге, оның ішінде өзіне деген жек көрінішін білдіреді. Сленгтің коммуникативті және номинативті, экспрессивті және эмоционалды-бағалау, дүниетанымдық және эзотериялық және т.б. сияқты функцияларының бәрі өзара байланысты.

Жұмыстың зерттеу нысаны – Дж. Д. Сэлинджердің «Над пропастью во ржи» атты романындағы лексикадан бөлініп алынған сөздер тобы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Иванова Г.Р. Функции сленга в речевой деятельности американских студентов // Когнитивные и коммуникативные аспекты английской лексики. М., 1990. 43 с.
- [2] Захарченко Т.Е. Эквивалентная лексика в русском и английском сленге: словообразовательный, системный и функциональный аспекты: дис. канд. филол. наук Ростов н/Д., 2006. 22 с.
- [3] Швейцер А.Д. Очерк современного английского языка в США. М., 1963. 55 с.
- [4] The Oxford Dictionary of Modern Slang / Ed. By J. Ayto, J. Simpson. New York, 1996. P. 103.
- [5] Jespersen O. Language: Its Nature, Development and Origin. New York, 1922. P. 162-165.
- [6] <http://www.cliffsnotes.com/literature/c/the-catcher-in-the-rye/about-the-catcher-in-the-rye/historical-setting>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).
- [7] <http://www.sparknotes.com/lit/catcher/section6.rhtml>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).

Б.Х. Исмагулова¹, А.С.Базарбаева², М.Канабекова³

¹Орталық Азия университетінің профессоры, ф.ғ.д., профессор

²Қазақ ұлттық техникалық университетінің доценті, ф.ғ.к., доцент

³Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, аға оқытушы

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ҮРДІС

Аннотация. Жұмыс газет және журнал беттерінен жиналған деректер негізінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ тілінің лексикалық жүйесінде орын алған жаңа қолданыстар мен неологизмдердің қарқынды дамуын талдауға арналған. Жаңа атаулар мен қолданыстардың көбеюі әрі бір уақытта жасалып, қолданысқа енуі лексикалық дублет, синонимдер, окказионализмдер және өзге де құбылыстардың орын алуына мүмкіндік берді, бұл бірліктерді зерттеу жаңа сөздердің мағыналық болмысында орын алып жатқан семантикалық және стилистикалық дифференциация үрдістерін анықтауға көмектеседі.

Тірек сөздер: лексика, синонимия, лексикалық дублет, окказионализмдер, жарыспалы қолданыстар, неологизмдер.

Б.Х. Исмагулова¹, А.С.Базарбаева², М.Канабекова³

¹Центрально-Азиатский университет, д.ф.н., профессор

²Казахский национальный технический университет, к.ф.н., доцент

³Казахский государственный женский педагогический университет, ст. препод.

ДИНАМИЧЕСКАЯ ТЕНДЕНЦИЯ В КАЗАХСКОЙ ЛЕКСИКЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. Работа посвящена анализу стремительного роста новых лексических словоупотреблений в казахском языке в первые годы государственного суверенитета, извлеченных методом сплошной выборки из популярных газет и журналов. Всплеск лексических новообразований обусловил появление лексических дублетов, синонимов, окказионализмов и других явлений, исследование которых позволяет установить, что в настоящее время происходит процесс семантической и стилистической дифференциации в семантической природе новых слов.

Ключевые слова: лексика, синонимия, лексические дублеты, окказионализмы, вариантные словоупотребления, неологизмы.

B. Kh. Ismagulova¹, A. S. Bazarbayeva², M. Kanabekova³

¹Central Asian University, Doctor of Philology, Professor

²Kazakh National Technical University, Candidate of Philology, Associate Professor

³Kazakh State Women's Pedagogical University, senior lecturer.

DYNAMIC TREND IN THE KAZAKH VOCABULARY IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE

Annotation. The work is devoted to the analysis of the rapid growth of new lexical word usages in the Kazakh language in the first years of state sovereignty, extracted by the method of continuous sampling from popular newspapers and magazines. The surge of new lexical formations caused the appearance of lexical doublets, synonyms, occasional expressions and other phenomena, the study of which allows us to establish that at present there is a process of semantic and stylistic differentiation in the semantic nature of new words.

Keywords: vocabulary, synonymy, lexical doublets; occasional words; variant word usage, neologisms.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік саласында үлкен жаһандық процестер тек қана күрделі қоғамдық өзгерістерді ғана алып келмей, мемлекеттік тіл мәртебесін иемденген қазақ тілінің лексикалық саласына да ауқымды инновациялық үрдістерді әкеле алды. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында – саяси, құқық, экономика, шаруашылық, ғылыми-техникалық, мәдени – жаппай жаңа реалийлер мен ұғымдар пайда бола бастады. Бұл өз кезегінде тілдің ең қозғалмалы, тұрақсыз бөлігі болып табылатын қазақ тілінің лексикалық, сол тәрізді орыс тілінің де, өзге де республика территориясындағы тілдердің лексикалық қабаттарына әсерін тигізбей қоймады. Соның ішінде мемлекеттік тілдің инновациялануы, модернизациялық процестерді бастан кешуі, әсіресе, қарқынды жүрді. В.Ю.Михальченко дұрыс атап өткендей, «бүкіл ХХ ғасырдағы тіл білімінің дамуы тілдің әлеуметтік табиғатына назар аударумен ерекшеленеді» [1]. Ал соңғы онжылдықта әлемдік ғаламдану үрдісінің қоғамдық өзгерістерге әсер еткені соншалық – тілге әсер етуші әлеуметтік факторларды талдап отыру қажеттілігі орын алуда. Мәселен, қазақ тілі үшін бұл қоғамдық өзгерістердің барлығы лексиканың жаңа сөздермен толығуына, қоршаған ортаны қабылдаудың өзгеше ұғымдарының пайда болуына алып келді. Бұл жағдай қазақ тілінің әртүрлі салаларда қолданылуына, өміршендігіне, оны қолданушы тұлғалар санының өсуіне мүмкіндік берді.

Бұл дәуірдің қоғамдық өзгерісінде орын алып отырған көріністің барлығын біз ел ішіндегі жаңалықты ғана емес, әлемдік деңгейдегі ақпаратты да таратып отыратын баспасөз беттерінен біле аламыз. Бұны, әсіресе, ұлтымыздың ұлы ұстазы, педагог, қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы өте дұрыс байқаған: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы хәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың ал-дына түсіп, жөн көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газет жұрт естімегеннің естіп, білгенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқыт-пасқа тырысады» [2].

Қазақтілді баспа беттеріндегі жаңа қолданыстарды талдау барысында қазақ тілінің сөздік құрамында бар сөздердің лексика-семантикалық жағынан дамып, жаңа мағынаға

ие болуы қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын алғанын атап өтуіміз қажет. Небәрі ширек ғасыр кезеңінде қазақ тілінің лексикалық қорында жаңа ұғымдар мен сөздердің көбейгендігі соншалық – «лексикалық жарылыс» орнады десек те болады. Жаңа қолданысқа, әсіресе, масс-медиа саласы бірден реакция танытып отырды, бұл өз кезегінде қазақ тіліндегі лексикалық инновация процесінде орын алып жатқан тенденциялар мен үрдістерді дәл ажыратуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, XX ғасырдың 90 ж. белгілі бір реалийлер мен ұғымды білдіруде бірден бірнеше жарыспалы лексикалық қолданыстар пайда болды, олардың арасында өзара бәсекелестік орнады. Мәселен, бір-бірінің орынын ауыстыра алатын әрі номинативті функция атқаратын жарыспалы дубликаттар бір уақытта пайда болып, қолданысқа еніп отырды: *капуста* – *орамжапырақ* немесе *қырыққабат*, *варенье* – *тосап* немесе *қайнатпа*, *анкетирование* – *сауалнама* немесе *сұрақ салу*, *анкета* – *сауалнама* немесе *сауал-сұрақ*, *микрорайон* – *ықшамаудан*, *шағынаудан*, *мөлтекаудан*, *аэропорт* – *әуежай* немесе *аэротұрақ*, *газета* – *үнпарақ* немесе *үнқағаз*, *семья* – *жанұя*, *отбасы*, *үйелмен* (*окказионал*), *айлық пен зарплатаның орнына еңбекақы*, *жалақы*, *айлықпұл* (*окказионал*), т.б.

Тілдегі мұндай жарыспалы бірліктердің – *орамжапырақ* немесе *қырыққабат*, *тосап* немесе *қайнатпа*, *иссапар* немесе *жолсапар*, *ықшамаудан*, *шағынаудан* немесе *мөлтекаудан*, *үнпарақ* немесе *үнқағаз*, *айлық*, *еңбекақы* немесе *жалақы* – қатар қолданысы тіл білімі саласында лексикалық дублет, синонимия, тепе-теңдік тәрізді мәселелердің өзектілігін арттырады. Жоғарыдағы баламалы лексикалық бірліктерді қарастыра отырып, келесідей тұжырым жасауға болады: бұл сөздердің кез келген мәнмәтіндегі, мәтмәтіннен тыс та мағыналары толықтай сәйкес келеді. Салыстыр: «Жақында «Алмагүл» *ықшамауданынан* бір қазақша балабақша ашуға қол жеткізіпті» [3, 08.01]. «Ақмешіт» *шағын ауданына* қарай бет түзеген автобустың шопыры құлағымызға таныс есімді хабарлады» [3, 14.07]. «Микрорайон» сөзінің баламасы болып табылатын жоғарыдағы сөздердің барлығы бір-біріне толықтай бара-бар және стилистикалық жағынан нейтральды бірліктер болып табылады, сондықтан лексикалық дублекаттар қатарына қосуға толықтай негіз бар.

Алайда тілдің табиғи заңдылықтары мұндай абсолютті ұқсастықтарға жол бермейді, сол себепті де соңғы онжылдық шамасында сөздердің бір үлгі мен бір туынды негіз-ден жасалғанына қарамастан, алғашқы нұсқаның (*ықшамаудан*) кейінгі нұсқаны (*шағынаудан*) шеттете бастағаны байқалады. Бірінші нұсқаның басымдығы болмашы ғана болса да, *ықшам* семасының кеңістікке қатысты мағынаға ие екендігі («ықшам бөлме») әрі күнделікті өмірде *шағын* бірлігіне қарағанда жиі қолданылатындығын ескерсек, аталмыш нұсқаның қолданысқа бейімділігі жоғарырақ екенін аңғарамыз.

Шағын синонимі «үлкен емес, шектелген, кішкентай, аз көлемді» («шағын кәсіпорын») мағыналарын береді, сөздің кеңістікке қатысты семасы күңгірт. Ал *мөлтекаудан* сөзі мүлдем қолданыс аясынан шығарылып, лексикалық дублеттер қатарына өтуде. Сонымен бірге *орамжапырақ*, *тосап* және *аэротұрақ* сөздерімен толықтай мағыналас әрі стилистикалық сәйкестігі бірдей болса да, лексикалық дублеттер қатарынан қолданыстан шығып бара жатқан *қырыққабат*, *қайнатпа* және *әуежай* сөздерін де жатқызсақ болады. Бұл бірліктер тек қажет емес қайталаулардан қашуға ғана көмектеседі.

Отбасы, *жанұя*, *үйелмен* жарыспалы қолданыстарының алғашқы екі нұсқасы ақырындап синонимдер қатарын толықтырса, *үйелмен* сөзі, талдаулар байқатқандай, тек *окказионал* қолданыс болып қана саналады. Салыст.: 1) *Отбасы* – аса маңызды әлеуметтік құрылым ретінде көптеген қоғамдық ғылымдардың зерттеу объектісі. Халық санағының деректері бойынша жыл сайын *отбасының* саны артып отырған [4, 19.09]. 2) *Жанұяда* көп бала болып өстік [4, № 2]. 3) Қазақша сөйлеспейтін отбасылар көбінесе қалада кездеседі және олар бала санын шектейтін хәм қариялары жоқ болғандықтан,

мұндайлар демографияда шағын көлемді *үйелмендер* деп саналады» [5, 21.04].

Ал *отбасы* сөзі әдеби тілге қосылып, берік орнықты, бұрынғы атауды (*семья*) толықтай ығыстырып шығарды. *Жанұя* синоним ретінде қолданылады: эмоционалдық, көркемдік-мәнерлілік жағынан ерекшеленеді, ал мағыналық жағынан «өз, өзім» семасына жақын келеді. Ал жаңа атау болып отырған *үйелмендер* сөзі күнделікті қолданыс тіліне ене қоймады, табиғаты жағынан окказионал қолданыс болып табылады әрі тек мәнмәтінде ғана актуалды бірлікке айнала алады.

Бұрынғы орыс тіліндегі атаулар *капуста*, *варенье*, *семья*, *командировка* қолданыстан толықтай шығып қалған жоқ, қазақ тілділердің арасында ауызекі сөйлеу кезінде жиі қолданылады. Бұл тек ауызекі сөйлеу жағдайында ғана орын алады: сөйлеуші ақпаратты тез жеткізу мақсатында бірден ойына келген бірлікті қолданатыны белгілі. Ал біз жоғарыда сипаттап өткен қазақ тіліндегі баламалар қандай да бір жоғары лексика санатына (әдеби тілде қолданысқа) ие, сондықтан күнделікті өмірде кең қолданысқа ие емес, ал орыс тіліндегі кірме баламалары ауызекі сөйлеу жағдаятын қанағаттандыратын бірлік болып отыр (интерференция құбылысы).

Сонымен, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарына жасалған талдау бұл саланың қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар мен неологизмдердің белсенді ортасы екендігіне көз жетті, ал бұл өз кезегінде қазақ тілі лексикасында пайда болған жаңа сөздерді, қолданыстарды табуға, жаңа атаулардың пайда болуына әсер еткен тенденциялар мен үрдістерді анықтауға, олардың лексика-семантикалық, стилистикалық, т.б. ерекшеліктерін тануға көмектеседі. Жаңа қолданыстар көп болғанымен, олар коммуникативті орта мен тұлғаның сұраныс-тарын қанағаттандыруға байланысты ақырындап жіктеле, бөліне, жүйелене бастағанын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Михальченко В.Ю. Социоллингвистика. Психоллингвистика. Российская социальная лингвистика: Прошлое, настоящее, будущее // *Voprosy filologii*. 1999.

№ 001. С.22-28.

[2] Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 80-саны/ http://bilimdiler.kz/akin_zhazushi/6-ahmet-baytrsynly.html.

[3] «Ана тілі» газеті, 1992. 3 б.

[4] «Жас Алаш» газеті, 1995. 7 б.

[5] «Жұлдыз» журналы, 1993. 24 б.

А.А.Қаршығаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

Проф. С.МЫРЗАБЕКОВ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОЭПИЯСЫ ЖАЙЛЫ

Аннотация. Мақалада проф. С.Мырзабеков қазақ сөзінің айтылым үлгісін жан-жақты қарастыру керектігі, біріншіден, мәселенің тарихына кеңінен тоқталу; екіншіден, зерттеудің ғылыми аппаратын қалыптастыруға күш салу; үшіншіден, қазақ сөзінің айтылымының фонетикалық негіздемесін жасау; төртіншіден, қазақ сөзінің айтылым сөздігін құрастыру; ең соңында қазақ сөзінің төркін айтылым үлгісін қайта қалыптастыру жолдарын баспа беттерінде үзбей насихаттау керектігі жайында сөз қозғайды.

Тірек сөздер: айтылым, артикуляция, радиодикторлар, орфоэпиялық сөздік, ерін үндестігі, тоғысыңқы, тербелінкі, тербелімді, тілдік құбылыс, айырым белгі.

А.А.Қаршығаева

младший научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова, к.ф.н.

ПРОФЕССОР С.МЫРЗАБЕКОВ ОБ ОРФОЭПИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье проф. С. Мырзабеков отметил, что необходимо всесторонне рассмотреть модель произношения казахского слова, во-первых, нужно подробно остановиться на истории проблемы; во-вторых, приложить усилия для формирования научного аппарата исследования; в-третьих, создать фонетическое обоснование произношения казахского слова; в-четвертых, составить орфоэпический словарь казахского языка; наконец, необходимо постоянно пропагандировать в прессе способы восстановления первоначального произношения казахского слова.

Ключевые слова: орфоэпия, артикуляция, радиодикторы, орфоэпический словарь, губной сингармонизм, слабое колебание голосовых связок, полукосебание голосовых связок, полное колебание голосовых связок, языковое явление, знак различия.

A. A. Karshygaeva

Junior Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, Candidate of Philology

PROFESSOR S. MYRZABEKOV ON THE ORTHOEPY OF THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. In the article, prof. S. Myrzabekov noted that it is necessary to comprehensively consider the model of pronunciation of the Kazakh word, first, it is necessary to dwell in detail on the history of the problem; secondly, to make efforts to form the scientific apparatus of research; thirdly, to create a phonetic justification for the pronunciation of the Kazakh word; fourth, to compile an orthoepic dictionary of the Kazakh language; finally, it is necessary to constantly

promote in the press the ways to restore the original pronunciation of the Kazakh word.

Keywords: orthoepy, articulation, radio speakers, orthoepic dictionary, labial synharmonism, weak oscillation of the vocal cords, semi-oscillation of the vocal cords, complete oscillation of the vocal cords, language phenomenon, sign of distinction.

Қазақ тілі фонетикасында көпке дейін сөздің айтылымына (орфоэпиясына) арнайы мән берілмей келді. «Фонетика» пән ретінде негізінен сөздің жазылымын ғана қамтып отырды. Тіпті дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасының өзі жазу үлгісіне қатысты ғана айтылатын, басқаша айтқанда, әріпке тән дыбыстың артикуляциясы сөз болатын. Ал оның орфоэпиялық жағы болса, кейде ескеріліп, кейде ескерілмей қала берді. Ескерілген күнде оқулықтың ең соңында жартыкеш ереже мен мысалдар түрінде ілініп қана тұрды. Оның өзі қазақ тілінің айтылым жүйесі жайлы толық мәлімет бере алмады. Тілдің орфоэпиялық үлгісі оқулықтың өн бойын түгел қамтып отыру керектігі ескерілмеді. Сондықтан да сөз құрамындағы дыбыстардың таңбасының оқыту бағдары оның айтылымы емес, жазылымы болды. Соның нәтижесінде оқулықтар мен оқу-құралдарында «дыбыс» дегеннен гөрі, «әріп» деген жиі кездеседі. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің өзі «дыбыс» дегеннің орнына «әріп» деп сөйлейді. Мұның өзі оқыту үстінде сөздің дыбыстық үлгісі ескерілмей, көбінесе жазылым бейнесінің басым болуына әкеліп соқты. Бірлі-жарым шыққан орфоэпиялық сөздіктер [1; 2; 3] қосалқы құрал ретінде қала берді. Аталған сөздіктер міндетті оқу-құралы ретінде пайдаланылмағандықтан, көпке таныс болмады, оларды пайдалану ретін де көпшілік оқырман біле бермеді. Мектепте болсын, қазақ тілінің мамандарын дайындап жатқан жоғары оқу орындарында болсын ол сөздіктердің қажеттілігі шамалы болып қалды. Ал қазақ тілінің орфоэпиясына тікелей тәуелді теле- және радиодикторлар, әртістер мен әншілер болса, орфоэпиялық сөздіктерден тіптен бейхабар жатты.

Осының бәрінің тікелей нәтижесі ретінде ұрпақ ауысқан сайын қазақ сөзінің айтылымы жазудың жетегінде кете берді, яғни «қалай жазылса, солай оқу» [4] тұрақты дағдыға айналды, сөйтіп жазу үлгісі қазіргі ұрпақ тілінде жалған «әдеби» нормаға айналып кетті.

Қазақ сөзінің айтылым жүйесіндегі мұндай теріс өзгерістер тіл мамандарын ойлантпай қойған жоқ. Солардың бірі «...қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі және өзіндік қасиетімен жазылуы, айтылуы жөнінде зерттеп, зерделеп, мақалалар жариялап, ғылыми еңбектер жазып, қоғамдық ойға қозғау салуға күш-жігер жұмсаумен болған...» [5] проф. С.Мырзабеков [6] еді.

Проф. С.Мырзабеков қазақ сөзінің айтылым үлгісін жан-жақты қарастырды: біріншіден, мәселенің тарихына кеңінен тоқталды; екіншіден, зерттеудің ғылыми аппаратын қалыптастыруға күш салды; үшіншіден, қазақ сөзінің айтылымының фонетикалық негіздемесін жасады; төртіншіден, қазақ сөзінің айтылым сөздігін құрастырды; ең соңында қазақ сөзінің төркін айтылым үлгісін қайта қалыптастыру жолдарын баспа беттерінде үзбей насихаттаумен болды.

Проф. С.Мырзабеков қазақ сөзінің айтылым тұрқы қандай болу керектігін көрсе-тетін дәлелді сөзді кезінде қазақ сөздерін қалай естісе, сол күйінде жазып алған П.М.Мелиоранский [төрөлөрдүң], Н.И.Ильминский [ауұз, ауұтқұ], Радлов [әуө, жолаушұ] т.б. еңбектерінен табады.

Бір кездегі ерін үндестігінің дәл осылай айтылған үлгісінің енді келіп бұзылып бара жатқанын, тіптен бұзылып қана емес, жойылып бара жатқанын көріп отырған ғалымның «Ғасырлар бойы айтудың нәтижесінде қалыптасқан ерін үндестігі жазудан теперіш көріп, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр» [6,12] деп дабыл қағуы тегін емес.

«Кемеңгер Ақыметтің кең өлшеп, келістіріп пішкен жазуында (емлесінде) мүлт

кеткен бір жер болса, ол – ерін үндестігі» [6,11],– дей келіп, проф. С.Мырзабеков: «Ерін үндестігі – сөздің құрамындағы дыбыстардың еріннің қызметіне қарай үйлесіп тұруы... Мұны Ақымет жақсы біледі. Сөйте тұрып, еріндіктер (о, ө, ұ, ү) «бас буыннан басқасында келмейді, бас буыннан басқасын сүймейді» [7,142].– деп жазуда қаңтарып қойды. Қалған буындарда айтыла ма, айтылмай ма, ол да белгісіз. Халел де мұны айналып өтеді. Бұл жөнінде пікір айтушылар оны «көнерген», «өлген» заңдар қатарына жатқызады» [6,11]. Шындығында, зерттеушілер қазақ тіліндегі ерін үндестігін бүгінгі бар фонетикалық құбылыстардың қатарына жатқызбайды. Ары кеткенде «екінші буыннан кейін кездеспейді» деген қорытынды жасайды. Шын мәнінде, бүгінгі ұрпақ тіліне құлақ салатын болсақ, тіптен екінші буыннан да табу қиын. Өйткені ән сөзінің ішінде жиі кездесетін *жүрөк* сөзінің орнына *жүрек* дегенде күнде естіп жүрміз. Сөйтіп сөздің еріндік айтылым үлгісінен ешбір белгі қалмаған. Бұрынғы ғұламалар ескертіп, проф. С.Мырзабеков секілді бүгінгі тілге жанашыр мамандар дабыл қағып, уайым жеп жатқан тілдің нақты жағдайы осындай. Жазба тілдің әсері деп осыны айтуға болады.

Тілдегі сөздердің ауызекі төл айтылым үлгілеріне жазудың ықпалын кезінде-ақ байқаған Х.Досмұхамедұлының «Елдің тілінің бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады... Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды» [8,91] деген көреген сөзінің нәтижесін бүгін бәріміз көріп отырмыз. Проф. С.Мырзабеков айтқан *ұлы заңның* арқауы сетінеп барады. Оның тағы бір басты себебін ғалым өзіміз сол күйінде бұлжытпай алып отырған және одан әзірге құтылуды ойламай отырған орыс тілінің емлесінен көреді. «Тілдің ауанына қарамай, хариітін, емленің ауанына бұрып, тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейді» [7,399] деген өзі кемеңгер атаған А.Байтұрсынұлының сөзіне арқа сүйейді.

Проф. С.Мырзабеков ендігі жерде жазба тілдің жазба әсерін жазба жолмен ғана жөндеуге болатынын дұрыс түсініп, орфоэпиялық сөздіктер құрастыруды қолға алғанын көреміз. Осыған орай ол: «Жазуда жасандылық болмай тұрмайды. Халық тілі өзінің ұлы заңдарының негізінде дамиды. Ұлы заңдардан туатын айту нормаларын айтылым сөздігі анықтап, айшықтап беруге тиіс» [6,12] – дейді. Бұл жерде ғалым емеурін танытып отырған үш нәрсені аңғарамыз: бірінші, жазу бар жағынан сайлы болып шыға бермейді, яғни оған белгілі бір шарттылық тән болады; екінші, ғылымда *іргелі* (фундаментал) деп аталатын тіл заңдылықтарын *ұлы заң* деп отыр, ондағы айтағы – тілдің тірегі болатын ережелердің аса маңызды екенін, оны айналып өтуге болмайтынын, мүмкіндігінше жазудың жетегінде жіберуге болмайтынын ескерту; үшінші, жазуда кеткен шарттылықтарды реттеп отыратын тек айтылым сөздіктер болады. Ендеше айтылым сөздіктер қосалқы құрал деңгейінде ғана қалып қоймай, күнделікті қолдан түспейтін сілтеме құрал, барлық мектеп пен жоғары оқу орындарында міндетті пән болуға тиіс. Сөздің, сөз тіркестерінің қазақ тілінде сөйлеушілердің бәріне тән ортақ төл айтылым үлгісін қалыптастырудың бір ғана жолы осы болмақ.

Жоғарыда қолымызда бар орфоэпиялық сөздіктердің оқу орындарында іске аспай келе жатқандығын айттық. Проф. С.Мырзабековтың пайымдауынша, «Әзірге жарық көрген орфоэпиялық сөздіктер оқулықтарда айтылатын қағидаларға қарайлап, содан ұзай алмай жүр. Тіл, ерін үндестігінің үні шықпай қалуда. *Төбе* сияқты сөздердегі *б*-ны *в* етіп әлек. Содан да біз оларды аудиторияда пайдалана бермейміз» [6,12-13] болып шығады. Ғалым бұл жерде не оқулықтарда, не оқу бағдарламаларында, не бұрынғы орфоэпиялық сөздіктерде ескерілмей келе жатқан жайды дұрыс аңғарып отыр. Ол – сөз құрамындағы

әрбір дыбыстың сөйлеу үстіндегі артикуляциялық түрленімі. Дыбыстың негізгі артикуляциясы бар, оның тілдегі қалпы барлық уақытта тұрақты болады. Дыбыстың жеке тұрған кезіндегі артикуляциялық сипаттамасы бір басқа да, оның мәтін (сөз) құрамындағы артикуляциялық сипаттамасы бір түрлі болып келеді. Ендеше жоғарыдағы *б* дауыссызының негізгі артикуляциялық сипаттамасы «Б дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз дыбыс болып табылады. Б дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады. Б дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербелінкі) дауыссыз дыбыс болып табылады. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс» [9,23]. Сонда дауыссыздың жеке тұрғандағы жасалу тәсіліне қатысты негізгі белгісі *қос еріннің өзара тоғысуы* болып шығады. Ал дауыссыз мәтін құрамында, керісінше, *қос еріннің өзара жуысуы* арқылы жасалады. Сонда бір дыбыс екі фонетикалық жағдайда екі түрлі айтылады. Мұның қазақ тілінің әдеби айтылым нормасына еш қайшылығы жоқ. Керісінше сөздің айтылымы табиғи естіледі. Алайда оқулықтарда дауыссыздың негізгі артикуляциясы дұрыс берілгенімен, оның мәтін құрамындағы артикуляциясы дұрыс анықталмаған. Сондықтан да оны орыс тілінің *в* дауыссызымен жаңсақ алмастырып жүр. Орыс тіліндегі *в* дауыссыз дыбысының жасалу тәсілі тіс пен еріннің жуысуы арқылы жасалады. Ендеше ол екеуін өзара еш салыстыруға болмайды. Өйткені қазақтың *төбе* сөзін [*төве*] деп транскрипциялауға еш болмайды. Біріншіден, дауыссыздың артикуляциясы дұрыс беріліп отырған жоқ (ерін-еріндік артикуляция тіс-еріндік артикуляциямен алмасып кетіп отыр), екіншіден, орыс тілінен хабардар қазақ оқырманы сөзді бұзып оқиды.

Ғалымның орфографиялық сөздіктерді «аудиторияда пайдалана бермейміз» деуінің басты себебі де осында жатыр. Өйткені сөздің келтірілген орфографиялық үлгісі қазақ сөзінің айтылым заңдылықтарына кереғар келеді.

Қазақ тілінің дыбыс құрамындағы кірме дыбыстардың орны бөлек екеніне ғалым қатты көңіл бөліп отырған. Тіптен, әбден қалыптасып, көз үйреніп кеткен, сөйтіп орфографиялық үлгісімен жазылып келе жатқан Байтұрсынұлының «*Ахмет*» деп жуысыңқы *х* дауыссызы арқылы жазылып келген атын «*Ақымет*» [6,7] деп тоғысыңқы *қ* дауыссызы арқылы жазып кетті. Мұндағы ғалым ойы араб-парсы тілінен келген *х* дауыссыз дыбысына тән әріптен құтылу болса керек. Жалпы С.Мырзабеков тілдік құбылыстарға статистика тұрғысынан қарауға әрқашан үлкен мән беріп отырған. Өйткені зерттеу әдісі ретінде статистиканың мәні зор. Мысалы, «Қазіргі қазақ тілінде тіл үндестігіне күндес 150-ге жуық араб-парсы сөздері бар. Көзін жазумен ашқан жұрт оларды жазылуынан айнытпай айтып жүр. Ал ана үні құлағында қалған ересектер арасында (бұлар аз) оларды бірыңғай жуан (арқа жақ), не бірыңғай жіңішке (түстік жақ) айтатындар әлі бар [6,10] деген нақты сандық мәлімет келтіреді. Сонда қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінен енген сингармонизмге айтылымы кереғар 150 сөз аз ба, көп пе? Қазақ тілінің жалпы лексикалық қоры тұрғысынан алсақ, түк емес. Алайда, сингармонизм тұрғысынан алатын болсақ, онда сингармонизмнің айтылым тұрпатын бұзып тұрған бір сөз болса да көп. Бірғана *қайтіп* сөзін бөле қарап отырғандығын да содан деп түсіну керек: «Ата заңға көнбей жүрген бір ғана төл сөзіміз бар. Ол қайтіп дейтін кіріккен түбір. Айтуда қайтіп немесе кәйтіп болса керек еді, алайда жазу жеңіп кетті» [6,10].

Мұндағы проф. С.Мырзабековтың айтайын деп отырғаны жазу тілдің айтылым үлгісінің көрінісі болу керек, жазу айтылымнан алшақтап кетпеу керек деген екенін түсіну қиын емес.

Зерттелімнің ғылыми аппаратына байланысты орфография мен орфоэпия тер-

миндерінің төркінін талдай келіп, «Қазақтың өз сөзімен орфоэпияны – айтылым, орфографияны – жазылым түрде қалыптастырған жөн» [6, 3] деген ұсыныс жасайды.

Қорыға келгенде, проф. С.Мырзабеков арнайы көтеріп кеткен қазақ орфоэпиясы қазақ тілі мен қазақ тілі білімінің бүгінгі зәру мәселесіне айналып отыр. Оның шешімі тек орфоэпиялық сөздіктер шығарумен, сондай-ақ бірлі-жарым тіл жанашырларының жан айқайымен шектелмей, «жалпыхалықтық» шара болса керек. Қазақ тілінің орфоэпиясы міндетті пән ретінде қабылданып, жүйелі түрде мектеп пен жоғары оқу орындарында өтілу керек, ол үшін алдымен мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орнының оқытушылары дайын болу керек. Ендеше алдымен олардың «орфоэпиялық сауатын» ашудан бастауға тура келеді. Осы бір жалпыхалықтық ғылыми-әдістемелік шараның бастамасы ретінде жақында жарық көрген академиялық айтылым сөздікті атап өткен жөн [10].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 16 б.
- [2] Дүйсебаева М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. Алматы: Мектеп, 1981. 120 б.
- [3] Серғалиев М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1996. 146 б.
- [4] Сыздықова Р. Сөз сазы. Алматы: Ғылым, 1983. 45 б.
- [5] Мырзбектен С. Өзіме өгей өз тілім // Қазақ әдебиеті, 30.07.04. 8 б.
- [6] Мырзбектен С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. 77 б.
- [7] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. 173 б.
- [8] Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998. 108 б.
- [9] Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. 47 б.
- [10] Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005. 44 б.

Н.Б.Сейсенбек

Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің магистрі

СОМАТИЗМДЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҒЫ: ЭКВИВАЛЕНТ ПРОБЛЕМАСЫ

Аннотация. Мақалада кез келген тілдің ежелгі лексикалық қорына жататын соматизмдерді аудару мен аударма тілден балама табу мәселелері қарастырылады. Соматикалық атаулардың көп мағынаға ие болуы оның аударма үрдісі кезінде де қиындықтар туатыны белгілі. Қазақ тіліндегі бас, бет, қол, көз, мұрын, мойын соматизмдерінің түсіндірмелі сөздіктерде тіркелген мағыналары мен ағылшын тіліндегі head, face, arm, eye, nose, neck соматизмдерінің тіркелген мағыналары арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданған.

Тірек сөздер: соматизмдер, соматикалық лексика, аударма, эквиваленттілік, балама, көпмағыналылық

Н.Б.Сейсенбек

магистр Национального педагогического университета имени Абая

МНОГОЗНАЧНОСТЬ СОМАТИЗМОВ: ПРОБЛЕМА ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы перевода соматизмов, относящихся к древнему лексическому фонду любого языка. Соматические названия имеют много значений, и это, естественно, является проблемой перевода. Проанализированы сходства и различия между зарегистрированными значениями соматизмов казахского и английского языков: бас/head, бет/face, қол/arm, көз/eye, мұрын/nose, мойын/neck.

Ключевые слова: соматизмы, соматическая лексика, перевод, эквивалентность, эквивалент, многозначность.

N. B. Seysenbek

Master student of National Pedagogical University named after Abay

SOMATISM MULTIPLICITY: THE PROBLEM OF EQUIVALENCE

Annotation. In this article, the issues of the translation of somatisms related to the ancient lexical fund of any language are considered. Somatic names have a lot of meanings, and this is naturally a translation problem. The similarities and differences between the registered meanings of somatisms of the Kazakh and English languages have been analyzed: бас/head, бет/face, қол/arm, көз/eye, мұрын/nose, мойын/neck.

Keywords: somatic names, somatic vocabulary, translation, equivalence, equivalent, ambiguity.

Сөздердің көпмағыналылығы барлық тілдерге тән. Тілдегі сөздер тарихи эволюциясы кезінде мағыналары арасында өзара шарттастық пайда болады да, диахрониялық жағынан дами келе қолданыста жаңа реңктерге ие бола бастайды. Жаңа ұғымға атау керек болған сәтте осыған дейін болған түсініктің атауын метафоралық ойлау жүйесі негізінде жаңа ұғым мен түсінікті сипаттау үшін бұрынғы атауды қолданады.

Әдетте, тілдің байырғы төл сөздері көпмағыналылық сипатқа ие келеді. «Сөздің көпмағыналылығы, негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Неге десеніз, бұлар ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз, тың мағыналар жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамыған, тұрақтанып әбден қалыптасқан», – дейді профессор А.Салқынбай [1,38]. Көпмағыналы сөздер бір негізден ғана тарайды әрі бір табына қатысты болады. Зерттеулер дәлелдегендей, тілде бір мағыналы сөздерге қарағанда көпмағыналы сөздердің саны көп. Сондықтан көптеген сөздер көпмағыналы болғандықтан, оны аударуға келгенде қиындықтар пайда болады. Өйткені сөз мағыналарының бұл варианттарына сәйкес өзге тілде эквивалент болмауы мүмкін.

Аударманың негізгі бірлігі сөз болғандықтан, Л.С.Бархударов лексикалық бірліктердің семантикалық сәйкестігін 3 типке жіктейді: толықтай сәйкестік, жартылай сәйкестік және сәйкестіктің болмауы [2,32]. Көпмағыналы сөздерді аударудың арнайы аудармашылық стратегиясы жоқ, алайда контекстегі мағынаны түсіну арқылы беруге болады. Сонымен қатар, сөз мағыналарын түсіндірме сөздіктер, энциклопедиялық сөздіктер, екі-тілді сөздіктерден іздеу арқылы аударуға болады.

Тілдегі дене атауларының – соматизмдердің кез келген тілдің көне, байырғы, төл қабатына жататындықтан, өзінің лексикалық-семантикалық дамуы барысында көптеген мағыналарға ие болған. Сондықтан соматизмдер көпмағыналы сөздердің елеулі бөлігін қамтиды.

«Бас» соматизмінің мағынасын қарастыру барысында «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» 23 мағынасын кездестіруге болады.

Бас¹ зат.анат. 1. Адам не жануарлар денесінің кеудеден жоғары не алдыңғы қозғалмалы бөлігі. 2. Адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі. 3. ауыс. Кісінің жеке-дара өзі; адам. 4. Малдың саны, тұяқ. 5. Әр алуан өсімдіктің жоғарғы жағы, ұшы. 6. Таудың, қырдың, дөң-дөңестік ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі. 7. Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі. 8. Таяқтың, сойылдың т.б. заттың бір жақ шеті, ұшы. 9. Балта, пышақ, шот т.б. құрал-сайманның саптан төменгі жүзі бар жағы. 10. Аяқ киімнің ұшы, алдыңғы жақ бөлігі. 11. ауыс. Заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі, орамасы. 12. ауыс. Мекен-тұрақты білдіретін сөздермен тіркескенде маңы, жаны, қасы деген мағынаны білдіреді. 13. Әуелі, алғашқы. 14. Мезгілдің алғашқы кезі. 15. Белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері. Даудың басы – Дайрабайдың сиыры (Б.Майлин, Шығ.). 16. ауыс. Басшы, жетекші. 17. ауыс. Ақыл, ой, ес. 18. ауыс. Тағдыр, өткен өмір мағынасында. 19. ауыс. Мемлекет, ел билігінің ең жоғарғы органы. 20. Негізгі, ұйытқы, басты. 21. Бірінші тұрған, алғашқы. 22. Белгілі бір процестің басталуы. 23. Діни. Рәкәт, бір отырыс (намаз).~ Екі бас намаз [3.11-126.]

Келтірілген 23 мағынаның да барлығы «бас» соматизмінің мағыналық варианттары мен инварианттары екенін байқауға болады. Сонымен қатар бұл соматизм өзінің лексикалық-семантикалық дамуы арқасында термин (анатомияда) ретінде де қалыптаса алған. «Кісінің жеке-дара өзі, адам» және «малдың саны, тұяқ» мағыналары метонимия құбылысы жүзінде жасалған. Бұл мағыналар «бас» сөзінің нұсқасы, яғни варианты болып табылады да, өзге нұсқалар «бас» соматизмінің инварианттары болып шығады. Денотаттық мағынаның әсерінен өзге мағыналар дамып, қолданысқа енген.

«Большой англо-русский словарь» сөздігін пайдалан отырып «бас» соматизмінің баламасы «**head**» сөзінің келесідей мағыналарын жіктеп көрсетуге болады: 1. Бас. 2. Ақыл, интеллект, ақылмен ойлау қабілеті. 3. а) адам, б) көптік мағынада, мал басы fifty head of cattle ≈ бес жүз ірі қара мал. 4. Басшы, бастық, жетекші. 5. Бас пішініне ұқсас нәрсе head of cabbage ≈ қырыққабаттың бір қауданы. 6. жай-күйі мен қалып-тұрқы жағынан басқа ұқсас нәрсе немесе а) алдыңғы жағдай, басында, бұрын, бірінші The tallest boy stood at the head of the line. ≈ Ең үлкен ұл бала бас жағында тұрды. The studious girl graduated at the head of her class. ≈ Ұқышты қыз барлығынан бұрын мектепті жақсы бітірді; б) алдыңғы бөлік, бірдеңенің алдыңғы жағында в) тұмсық тұсы (кеме, қайық); г) бас жақ (төсектің); д) жоғарғы бөлігі (баспалдақ, бөлімнің, беттің, т.б. е) басы, ұшы, төбесі; ж) қалпағы (шегенің); түйреуіштің басы; таяқтың тұтқасы, ұстайтын жері; з) көпіршік; 7. Мүйіс; 8. Өзеннің бастауы, көзі. The head of the Mississippi River is in Minnesota. ≈ Миссисипи өзенінің бастауы Миннесота штатында жатыр; 9) а) жоғарғы нүкте, кульминация; бір нәрсенің шарықтау шегіне жетіп, сынуы, омырылуы. When will the crisis come to a head? ≈ Дағдарыс қашан өзінің шарықтау шегіне жетеді? б) медицина, бастың іріңдеп ісуі. 10. Тақырып, бөлім, айдар. 11. Тиынның беткі жағы. 12) сабы (пышақтың), желкесі (балтаның), балтаның ұстайтын жері. 13. архит. Күмбез. 14. Тех., гидр. гидростатистикалық қысым, сұйықтың қысымы head of water ≈ су қысымының биіктігі. 15. Құрылыс, есік не терезенің жоғарғы дінгегі. 16. Тех. станоктың қысқышы. 17. Теңіз, кеме желкені. 18. Көптік мағынада, тау кені (таза); концентрат (жоғарғы сападағы). 19. Молаю, арту, көбею, қосылу (құю кезінде) give a horse his head ≈ тізгінді жіберу [4].

Ағылшын тіліндегі «head» (бас) соматизмінің 19 мағынасы көрсетілген. Соматизм терминдік мағынасының дамуы барысында география (мүйіс), техника, гидротехника, теңіз салаларында толықтай терминдік ұғым болып қалыптасқан.

Қос тілдегі аталған соматизмнің сөздікте мағыналарын салғастыра келе бір-біріне бара-бар бола алатын мағыналарының барын байқауға болады. «Адам, адамның жеке өзі» және «мал саны» мағыналарын беретін нұсқалары бір-біріне өзара сәйкес келе алады. Сонымен қатар, «өзеннің басы, бұлақтың қайнар көзі» мағыналары, «ақыл, ес, ой, интеллект» мағыналары да, «бірінші тұрған, алғашқы», «балта, пышақ, шот т.б. құрал-сайманның саптан төменгі жүзі бар жағы» мағыналары, «басшы, жетекші» мағыналары да екі тілге ортақ. Бұл мағыналар аударма жағдайында да бір-біріне балама бола алады әрі аударманың сәтті, бара-бар шығуына мүмкіндік береді.

Бет зат 1. Бастың алдыңғы жағы, жүз, дидар. 2. Бет сүйек пен жақ сүйектің арасындағы ет, беттің ұшы. 3. анат. <лат.facie> Мұрын, ауыз, иек, көзшара, көзшараасты, ұрт, жақ аймақтарынан тұратын адамның басының бір бөлігі. 4. Адамның өзіндік түрі, түс-келбеті, өң, түр, шырай. 5. Бір нәрсенің үстінгі жағы, жоғарғы қабаты. 6. Өзен, көл, дария т.б. жоғарғы жағы. 7. Таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі. 8. Жақ, түс. 9. Кітап-дәптер, газет парағының әрбір жазылатын жағы. 10. инф. <лат.page> Компьютердегі виртуалды адресі бар белгілі бір ұзындықтағы блок. 11. геом. Арнаулы тәсілмен анықталатын нүктелер жиыны. 12. ауыс. -ған/-ген тұлғалы есімшесімен тіркесіп, амал-әрекетінің алғашқы шағын білдіреді. 13. ауыс. Белгілі бір бағыт, бағдар, беталыс. 14. ауыс. Жай, жай-жапсар. 15. ауыс. Қаһар, айбат, сұс. 16. ауыс. Түрі, ыңғайы. [3.298-300 бб.].

Сөздікте 16 мағынасы көрсетілген «**бет**» соматизмі бірнеше терминдік мағынаға (геометрия, информатика, анатомия) ие бола отырып, семантикалық дамуы барысында заманауи тағы да үш мағынаны өзіне қосып алған. Одан өзге мағыналарының барлығы метафоралық ойлау негізінде денотаттық мағыналарының бөлінуінен пайда болған. 12-мағынасы полисемия құбылысына келмейді, сондықтан тек контекстік мағынаға ие болатындықтан, кең мағыналы (широкозначные) сөз қатарына жатады.

«Большой англо-русский словарь» сөздігін пайдалан отырып «бет» соматизмінің баламасы «**face**» сөзінің келесідей мағыналарын жіктеп көрсетуге болады: 1. Бет, жүз; физиономия. 2. а) беттің көрінісі *angry face* ≈ ашулы түр, *happy face* ≈ жүзі бақытты; б) бет-аузын қисайту; бет-аузын қисайтушылық; бет-аузын тыжырайтушылық *Don't make a face at me.* ≈ Маған өйтіп түр танытпа! 3. Сыртқы көрініс, сыртқы түр. 4. Репутация, бет-бейне, абырой, бедел, қадір. 5. Алдыңғы жақ, бет жақ. 6. Циферблат (сағаттың цифрлы беті). 7. Спорт, жазық бет (теннис алаңы). 8. Ауызекі сөйлеу, бетсіздік, ұятсыздық, бассыздық, әдепсіздік, дөрекілік. *to show a face* ≈ қиқарланып тұрып алу. 9. Әск. фас (бірдеңенің бет алды, бет жағы). 10. а) қаптама, қаптайтын зат, қаптауыш б) макияж (бет-мойынға түрлі опадалап жағу). 11. геом. қыр. 12. Тех. бет (қарсы, маңдай, тура, тіке). 13. Тау-кен. кенжар (кеніштегі немесе шахтадағы кені бар жердің бір бөлімі), кеншардың беті. 14. Полигр. очко (әріптің кескіні). 15. Құрыл. ұзындық (тақта) [5].

Қазақ тіліндегі «бет» соматизміне балама бола алатын «**face**» соматизмі ағылшын тілі сөздігінде 15 мағынаға ие болған. Оның ішінде спорт, әскер, техника, тау-кен, құрылыс, полиграфия салаларында өзінің терминдік мағынасына ие бола отырып, тағы да 6 мағынаны өзіне жүктеп алған.

Екі тілдегі сөздіктерді салыстыра келе, біздіңше, келесідей мағыналар өзара сәйкестікке ие бола алады: «адамның өзіндік түрі, түс-келбеті, өң, түр, шырай», «алдыңғы жақ, бет жақ» мағыналары ғана өзара балама бола алады. Сонымен қатар, геометрия саласында қолданылатын терминдік мағынаға көтерілген мағынасы екі тілде де бір-біріне балама бола алады.

Көз зат. 1.Көру мүшесі. 2.анат. <лат.*oculus*> Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше. 3. ауыс. Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей. 4. ауыс. Нәрсенің өзі. 5. Адам, жан. 6. ауыс. Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе. 7. ауыс. ақыл, ес, сана. 8. ауыс. Жемістің өніп шығатын жері, бүртік кіндігі. 9. ауыс. Иненің жіп өткізетін тесігі. 10. ауыс. Кереге және торлы заттардың тесігі. 11. ауыс. Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры. 12. ауыс. Алды, көз алды. 13. ауыс. Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі. 14. ауыс. Тұрғы, көзқарас, ұстаным. [6,173-174 бб.].

Қазақ тілінде «көз» соматизмі ұлттық колоритке бай екендігі, ұлттық-ментальдық түсініктерді қамтыған, қазақ халқының әлемді тану принциптерін танытатын бірден-бір соматизм (5- және 6-мағыналар мысал бола алады) екендігі байқалады. Анатомия саласында терминдік мағынаға көтеріле алған.

«Большой англо-русский словарь» сөздігін пайдалан отырып, «қол» соматизмінің баламасы «**eye**» сөзінің келесідей мағыналарын жіктеп көрсетуге болады: 1. Көз. 2. Көз көру, көзқарас *eagle eye* ≈ көзі қырандай өткір. 3. Көзқарас, назар беру, қарау. 4. Орталы-ғы, жинағы, түйіні (ғылым, мәдениет, т.б.). 5. а) пікір, ой-пікір, пайым *in my eyes* ≈ меніңше *to open smb.'s eyes (to the truth)* ≈ біреудің шындыққа көзін ашу б) белгілі бір қашықтықты өлшей алу қабілеті, көз мөлшер, көзбен шамалау. 6. Бір нәрсеге зейін, назар, ықылас, ілтипат қою; бақылау. *to catch smb.'s eye* ≈ біреудің назарын аудару. 7. Көз пішінін еске түсіретін қандай да бір зат, нәрсе. а) кішкене тесік (қарау үшін жасалған тесік); б) түйреуіштің көзі; в) көздің суреті (павлиннің қанатын салуда қолданылады). 8. детектив, жансыз, тыңшы, ізші. 9. Теледидар экраны. 10. Тау-кен, шахтаның ауызы, шығатын жері. 11. метеор. Тропикалық циклон орталығы [7].

Сөздікте «**eye**» соматизмінің 11 мағынасы қамтылған және оның ішінде терминдік мағынаға ие болған кеңейген мағыналары да бар. Сөздіктерді салыстыра келе, біздіңше, келесі мысалдар соматизм мағыналары өзара бір-біріне эквивалент бола алады: «тұрғы, көзқарас, ұстаным» немесе «пікір, ой-пікір, пайым», сонымен қатар «бір нәрсеге зейін,

назар, ықылас, назар қою» және де «әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шенберлі әшекей» немесе «Көз пішінін еске түсіретін қандай да бір зат, нәрсе» мағыналары бір-біріне бара-бар келеді.

Қол¹ зат. 1. Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ, алақаннан тұратын қолдың басы. 2. Адамның иықтан қар, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі. 3. анат. <лат.membrus superius> Адамның иықтан басталып, саусақтарының ұшына дейін бөлігін қамтитын жоғарғы дене мүшесі. 4. ауыс. Жұмыс күші, адам. 5. ауыс. Билік, иелік. 6. ауыс. Қолтаңба, жазу. 7. Әскер, жауынгер. [8, 697 б.]

«Қол» соматизмінің сөздікте 7 мағынасы көрсетілген. Сонымен қатар, терминдік мағынаға көтерілген нұсқасы да бар. «Жұмыс күші, адам» және «әскер, бастаған қол» мағыналары метонимия құбылысы негізінде жасалған.

«Большой англо-русский словарь» сөздігін пайдалан отырып, «қол» соматизмінің баламасы «**arm**» сөзінің келесідей мағыналарын жіктеп көрсетуге болады: 1. Қол (қолдың білезігінен иығына дейінгі аралық, медицинада білектің иықпен бірге алғандағы бөлік). 2. Жануардың аяғы, бармақ ұштары, саусағы а) алдыңғы табаны, б) жамбасынан табанына дейінгі бөлік; в) ауыс. Сегізаяқ, теңіз жұлдызы тәрізді омыртқасыз жануарлардың қозғалушы мүшесі. 3. Тар теңіз шығанағы; өзеннің саласы, тармағы. 4. Таудың бөктері, баурайы, қырдың бүйір жағы. 5. Көйлектің, жейденің жеңі. 6. Диванның шынтақ таянышы, тұтқасы. 7. Негізгі бұтақ (діңі ажыратылып тұрған бұтақтарға қатысты айтады). 8. Билік, күш. 9. тех. Иіңтіректің иегі, тұтқа, сап. 10. Теңіз, а) зәкір табанына; б) рейға (желкенді керіп байлайтын дінгектегі көлденең бұрыс) симетриялы түрде орналасқан жұқа бөлік [9].

Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде «**arm**» соматизмінің 10 мағынасы ұсынылған. Оның медицина, техника, теңіз салаларына қатысты терминдік мағынасы түзілген.

Сөздіктерге салғастырмалы талдау жасай отырып, тек медицина немесе анатомия саласында ғана қолданылатын терминдік мағыналардың ғана бір-біріне сәйкес келетінін байқауға болады. Өзге мағыналардың ешқайсысы бір-біріне тура, балама келмейді. Мәселен, ағылшындар жан-жануардың аяғын «қол» деп атаса, қазақ халқы дене мүшесінің бұл бөлігін «аяқ» деп атайды.

Мұрын зат. Адам мен жан-жануардың дем алатын және иіс сезетін мүшесі.

Мойын зат. 1. анат. Адам не жануарлардың басын кеудемен жалғастыратын дене мүшесі. 2. Қойшының сыбағасы саналатын, сүйегі көп, еті аздау мүше. 3. этн. Сәбидің мойны тез бекіп, қатаю үшін жас босанған әйелге арнайы асылатын мүше. 4. ауыс. Бір нәрсенің басымен жалғастыратын жері. 5. ауыс. сәул. Құрылыс кезінде гидротехникалық ғимаратты немесе оның қазаншұңқырын су басудан қорғайтын қоршау (бөгет) [10, 260 б.].

Сөздікте «мойын» соматизмінің 5 мағынасы ұсынылған. Оның ішінде 3 мағынаның терминдік мағынасы бар екендігін аңғаруға болады. Анатомия, энтография, сәулет (архитектура) саласында өзінің терминдік мағынасын қалыптасып үлгерген.

«Большой англо-русский словарь» сөздігін пайдалана отырып, «қол» соматизмінің баламасы «**neck**» сөзінің келесідей мағыналарын жіктеп көрсетуге болады: 1. а) мойын; б) спорт. жылқы мойнының ұзындығы (ат қарғуына байланысты есептеледі). 2. Жаға. 3. Мойынға ұқсас пішін немесе а) ауыз (бөтелке, құмыра, т.б.); б) алқым, мойын (скрипка, т.б.); в) анат. Алқымы, мойны, түп жақ (тістік, жатырдың); г) геогр. бұғаз-шығанақ, қылта, мойнақ; д) тех. қылта. 4. ауызекі тіл. Дөрекілік, именбеушілік, оңарлық, оспадарлық. 5. геол. Цилиндр типтес интрузив (жер қабатына балқыған магманың ену процесі). 6. тех. Қылта, дөңгелек жырашық. 7. құрыл. Бағана мойыны [11].

Сөздікте «**neck**» соматизмінің 7 негізгі мағынасы көрсетілген. Сонымен қатар, терминдік дәрежеге көтерілген 6 мағынасы (спорт, анатомия, техника, геология, құрылыс, география) бар.

Сөздіктердегі «мойын» және «**neck**» соматизмдерінің мағыналық ерекшеліктерін салыстыра келе, медицина саласында қолданылатын терминдік мағынасынан өзге соматизмдердің «бір нәрсенің басымен жалғастыратын жері» немесе «мойынға ұқсас пішін, заттардың мойны (алқымы)» мағыналарының бір-біріне дәлме-дәл келетінін аңғаруымызға болады.

Қазақ және ағылшын тіліндегі соматизмдердің көпмағыналылығын сөздік реестр-лері арқылы, тіркелген мағыналары арқылы салыстыра зерттей келе, екі тілдің лексикалық қорында соматизмдердің бір-біріне толықтай бара-бар, эквивалент бола алатын мағыналары бар екендігі анықталды. Екі тілдегі өзге соматизмдердің сәйкестігі практикалық түрде алсақ, ешқандай да үлкен мағыналық айырмашылығы жоқ, тек қана әр халықтың әлемді әртүрлі түсінуі, әлем туралы білімдерінің әр принцип жүзінде механизмделуі әсерінен соматизмдердің де кейбір мағыналарында айырмашылықтар байқалады. Алайда, бұлар да аса үлкен олқылыққа, кемістікке әкелмейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Алматы: Қазақ университеті, 1999. 309 б.
- [2] Бархударов, Л. С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода / Л. С. Бархударов. М.: Наука, 1975. 240 с.
- [3] Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]: он бес томдық. 3 т. Б-Б. 744 б. – Алматы, 2011.
- [4] <http://slovar-vocab.com/english-russian/big-vocab/head-5670234.html>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 25.12.2015).
- [5] <http://slovar-vocab.com/english-russian/big-vocab/face-5624637.html>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 25.12.2015).
- [6] Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]: он бес томдық. 8 т. К-Қ. 744 б. Алматы, 2011.
- [7] <http://slovar-vocab.com/english-russian/big-vocab/eye-5624115.html>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).
- [8] Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]: он бес томдық. 9 т. Қ-Қ. 738 б. Алматы, 2011.
- [9] <http://slovar-vocab.com/english-russian/big-vocab/arm-5479920.html>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).
- [10] Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]: он бес томдық. 11 т. М-О. 752 б. Алматы, 2011.
- [11] <http://slovar-vocab.com/english-russian/big-vocab/neck-5771576.html>. [электрон ресурс]. (жүгіну уақыты: 20.12.2015).

Annotation. The article presents the draft rules of the Kazakh marking of anthroponyms and toponyms in the Chinese language. The rules for marking Chinese anthroponyms and toponyms in Kazakh are given with examples and phonetic transcription.

Keywords: onomastics, toponymy, hieroglyph, spelling rules, transcription, notation rules.

Қытай тіліндегі кісі, жер-су аттарын яки арнаулы атауларды қазақша таңбалағанда, буын шатастығы туылуы мүмкін болған орындарда буын айыру белгісі сызықша (-) қойылып жазылады. Мысалы: 西安 xī-an Ши-ан 晋阳 jìn-yang Джин-ян, 朱新杨 Zhu Xīn-yang Джу Шин-ян

I. Кісі аттарын таңбалау ережелері.

1) Қазіргі қытай кісі аттары фамилия мен есімнен құралады. Фамилия мен есім бас әріппен басталып, бөлек жазылады. Осы заманғы қытай аты-жөндері мынадай төрт түрде кездеседі: а) Тегі мен есімі бір-бір иероглифтен. ә) Тегі бір иероглиф есімі екі иероглиф. б) Тегі екі иероглиф есімі бір иероглиф. в) Тегі мен есімі екі-екі иероглифтен.

Төменде қытайдың ағы-жөндерін қазақша таңбалау тәртіптерін мысалдарымен көрсетеміз (жақшаға алынып жазылғандары қытай жазуының фонетикалық транскрипциясы).

А) 王济 (Wang Ji) Уаң Джи	Ли Бай
李白 (Li Bai)	Джаң Гың
张更 (Zhang Geng)	Уаң Джинтан
Ә) 王景唐 (Wang Jingtang)	Ли Даджау
李大钊 (Li Dazhao)	Джаң Дачян
张大千 (Zhang Daqian)	Оуяң Хай
Б) 欧阳海 (Ouyang Hai)	Оуяң Шүн
欧阳询 (Ouyang Xun)	Сіма Чян
司马迁 (Sima Qian)	Сіма Гуан
司马光 (Sima Guang)	Сіма Шяңру
В) 司马相如 (Sima Xiangru)	Сіма Даудзі
司马道子 (Sima Daozi)	
欧阳利见 (Ouyang Lijian) Оуяң Лиджян	
欧阳予倩 (Ouyang yuqian) Оуяң Йүчян	

2) Қытайдағы аз санды ұлт өкілдерінің ағы-жөндері де (ұйғыр, қазақ, моңғол, тибет, көрей т.б.) өз тілдерінде дыбысталуы бойынша жазылады. Мысалы: 艾合麦提尼亚孜 Әхмәттияз, 努斯热提古丽 Нүсірәтгүл (Ұйғыр); 巴特尔 Батыр, 斯琴高娃 Сечінгоуа (Моңғол); 尼玛才仁 Нимацерін, 美德格玛 Метігма (Тибет);

3) Қытай иероглифтерімен таңбаланған шетелдіктердің ағы-жөндері қытайша дыбысталуы бойынша емес, өз тілдерінде дыбысталуы бойынша жазылады. Мысалы: 高尔基 Гауырджі емес, Горький, 约翰逊 йө хансүн емес, Джонсон, 卓别林джобелин емес, Чаплин (Чарлиз Чаплин), 莎士比亚 шашыбия емес, Шекспир; 丘吉尔 чюджиыр емес, Черчилл. 丰臣秀吉 фыңчын шюджи емес, Тойотоми Хидеёши.

Ескерту: Қытай тіліндегі ұлт аттарында мейлі ол бір буынды яки көп буынды болсын, ұлт мағынасын білдіретін 族 (зу)сөзі қосылып аталмайды. М: 汉族 Ханзу ұлты емес хан ұлты, 苗族 мяузу ұлты емес мяу ұлты, 傣族 дайзу ұлты емес дай ұлты, 蒙古族 монғол, 哈萨克族 казак.

II. Жер-су аттарын таңбалау ережелері.

1) Қазіргі Қытай территориясындағы жер-су аттары қытайшасы бойынша қалпы сақталып жазылады. М: 黄河 хуаң өзені емес, Хуанхы өзені 长江 чаң дариясы емес, Чанджян дариясы 长白山 чаңбай тауы емес, Чанбайшан тауы.

2) Жер-су аттары Қытайдағы аз ұлт тілдерінен қойылған болса, оның қытайша қалай аталғанына қарамастан, сол аз ұлт тілінде аталуы бойынша жазылады. М: 乌鲁木齐 улумучи емес, Үрімжі 喀什 каші емес, Қашқар 巴伦台 балұнтай емес, Балғынтай 霍城 хочын емес, Қорғас 昭苏 джаусу емес, Моңғолкүре 塔城 тачын емес, Шәуешек 伽师 джясі емес, Пәйзауат 青河 чиңхы емес, Шіңгіл; 富蕴 фуйүн емес, Көктоғай; 和硕 хышо емес хошұт.

Ескерту: Қытайдың жер-су аттарынан шетел тілдерінде ежелде қалыптасып кеткендері бұрынғы нормасы сақталып жазылады. Мысалы: 北京 бейджиң емес Пекин; 南京 нанджиң емес Нанкин 沈阳 емес, Мукден; 台湾 тайуан емес, Формуза; 澳门 аумын емес, Макау; 香港 емес, Гонконг.

3) Шетелдердің жер-су аттары.

洛杉矶 Лос Анжелес|旧金山 Сан Франсиско 巴黎 Париж 柏林 Берлин 海牙 Гаага 圣彼得堡 Санкт-Петербург 海参崴 Владивосток 阿拉木图 Алматы 大阪 Осака 箱根 Хаконе.

Ескерту: Сын есім мен есім тіркесінен жасалған, халықаралық нормада мағынасы бойынша аударылып қолданылатын жер-су аттары қытай тілінен де аударылып

алынады. Мысалы: 黑海 Қаратеніз, 白海 Ақ теңіз, 象牙海角 Пілтiсi жағалауы, 好望角 Қайырлыүміт мүйісі.

Қытайша иероглифтермен орысша, қазақша таңбалануы	мысал	таңбалануы	таңбалануы
А			
a 啊	a	a	a
ai 哀	ай ай		
an 安	ань	ан	ан
ang 肮	ан	аң	аң
ao 熬	ао	ау	ау
В			
ba 八	ба	ба	ба
bai 白	бай	бай	бай
ban 班	бань	бан	бан
bang 帮	бан	баң	баң
bao 包	бао	бау	бау
bei 杯	бэй	бей	бей
ben 奔	бэнь	бын	бын
beng 崩	бэн	бың	бың
bi 逼	би	би	би
bian 边	бянь	бян	бян
biao 标	бяо	бяу	бяу
bie 别	бе	бе	бе
bin 宾	бинь	бин	бин
bing 兵	бин	биң	биң
bo 玻	бо бо		
bu 不	бу бу		
С			
ca 擦	ца	ца	ца
cai 猜	цай	цай	цай
can 餐	цань	цан	цан
cang 仓	цан	цаң	цаң
cao 操	цао	цау	цау
ce 策	цэ	цы	цы
cen 岑	цэнь	цын	цын
ceng 层	цэн	цың	цың
cha 插	ча	ча	ча
chai 拆	чай	чай	чай
chan 换	чань	чан	чан
chang 昌	чан	чаң	чаң
chao 超	чао	чау	чау
che 车	чэ	чы	чы
chen 尘	чэнь	чын	чын
cheng 称	чэн	чың	чың
chi 吃	чи	чі	чі
chong 充	чун	чүң	чүң
chou 抽	чоу	чоу	чоу
chu 初	чу	чу	чу
chua 欸	чуа	чуа	чуа
chuai 揣	чуай	чуай	чуай

chuan 川	чуань	чуан
chuang 窗	чуан	чуаң
chui 吹	чуй	чүй
chun 春	чунь	чүн
chuo 戳	чо	чо
ci 词	цы	ці
cong 聪	цун	цүң
cou 凑	цоу	цоу
cu 粗	цу цу	
cuan 撻	цуань	цуан
cui 崔	цуй	цүй
cun 村	цунь	цүн
cuo 搓	цо	цо
D		
da 搭	да	да
dai 呆	дай	дай
dan 单	дань	дан
dang 当	дан	даң
dao 刀	дао	дау
de 德	дэ	ды
dei 得	дэй	дей
den 沌	дэнь	дын
deng 登	дэн	дың
di 低	ди	ди
dia 嗲	дя	дя
dian 颠	дянь	дян
diao 刁	дяо	дяу
die 爹	де	де
ding 丁	дин	диң
diu 丢	дю	дю
dong 东	дун	дүң
dou 兜	доу	доу
du 都	ду	ду
duan 端	дуань	дуан
dui 堆	дуй	дүй
dun 吨	дунь	дүн
duo 多	до	до
E		
e 鹅	э	ы
en 恩	энь	ын
eng 鞞	эн	ың
er 而	эр	ыр
F		
fa 发	фа	фа
fan 翻	фань	фан
fang 方	фан	фаң
fei 非	фэй	фей
fen 分	фэнь	фын
feng 风	фэн	фың
fo 佛	фо	фо

fou 否	фоу	фоу
fu 夫	фу	фу
G		
ga 嘎	га	га
gai 该	гай	гай
gan 干	гань	ган
gang 钢	ган	гаң
gao 高	гао	гау
ge 哥	гэ	ы
gei 给	гэй	гей
gen 根	гэнь	гын
geng 耕	гэн	гың
gong 工	гун	гүң
gou 沟	гоу	гоу
gu 姑	гу	гу
gua 瓜	гуа	гуа
guai 乖	гуай	гуай
guan 官	гуань	гуан
guang 光	гуан	гуаң
gui 规	гуй	гүй
gun 棍	гунь	гүн
guo 过	го го	
H		
ha 哈	ха	ха
hai 孩	хай	хай
han 含	хань	хан
hang 杭	хан	хаң
hao 蒿	хао	хау
he 喝	хэ	хы
hei 黑	хэй	хей
hen 痕	хэнь	хын
heng 恒	хэн	хың
hm		
hng		
hong 烘	хун	хүң
hou 喉	хоу	хоу
hu 呼	ху	ху
hua 花	хуа	хуа
huai 怀	хуай	хуай
huan 欢	хуань	хуан
huang 荒	хуан	хуаң
hui 灰	хуй	хүй
hun 昏	хунь	хүн
huo 活	хо	хо
J		
Ji 机	цзи	джи
Jia 家	цзя	джя
Jian 尖	цзянь	джян
Jiang 江	цзян	джяң
Jiao 交	цзяо	джяу

Jie 街	цзе	дже
Jin 今	цзинь	джин
Jing 京	цзин	джиң
Jiong 迥	цзюн	джиүң
Jiu 究	цзю	джю
Ju 居	цзюй	джүй
Juan 捐	цзюань	джуэн
Jue 决	цзюе	джө
Jun 军	цзюнь	джүн
K		
ka 咖	ка	ка
kai 开	кай	кай
kan 刊	кань	кан
kang 康	кан	каң
kao 考	као	кау
ke 科	кэ	кы
ken 肯	кэнь	кын
keng 坑	кэн	кың
kong 空	кун	күң
kou 抠	коу	коу
ku 枯	ку	ку
kua 夸	куа	куа
kuai 快	куай	куай
kuan 宽	куань	куан
kuang 筐	куан	куаң
kui 亏	куй	күй
kun 昆	кунь	күн
kuo 阔	ко	ко
L		
la 拉	ла	ла
lai 来	лай	лай
lan 兰	лань	лан
lang 狼	лан	лаң
lao 捞	лао	лау
le 勒	лэ	лы
lei 类	лэй	лей
leng 冷	лэн	лың
li 里	ли	ли
lia 俩	ля	ля
lian 连	лянь	лян
liang 良	лян	ляң
liao 疗	ляо	ляу
lie 列	ле	ле
lin 林	линь	лин
ling 令	лин	лиң
liu 留	лю	лю
long 龙	лун	лүң
lou 搂	лоу	лоу
lu 炉	лу	лу
lu 吕	люй	лүй

luan 乱	луань	луан
lue 略	люе	лө
lun 抡	лунь	лұн
luo 罗	ло	ло
M		
ma 妈	ма	ма
mai 埋	май	май
man 蛮	мань	ман
mang 忙	ман	маң
mao 猫	мао	мау
me 么	мэ	мы
mei 眉	мэй	мей
men 门	мэнь	мын
meng 蒙	мэн	мың
mi 迷	ми	ми
mian 面	мянь	мян
miao 苗	мяо	мяу
mie 灭	ме	ме
min 民	минь	мин
ming 明	мин	миң
miu 谬	мю	мю
mo 摸	мо	мо
mou 谋	моу	моу
mu 木	му му	
N		
na 那	на	на
nai 乃	най	най
nan 男	нань	нан (нэн)
nang 囊	нан	наң
nao 闹	нао	нау
ne 讷	нэ	ны
nei 内	нэй	ней
nen 嫩	нэнь	нын
neng 能	нэн	ның
ni 泥	ни	ни
nian 年	нянь	нян
niang 娘	нян	няң
niao 鸟	няо	няу
nie 捏	не	не
nin 您	нинь	нин
ning 宁	нин	ниң
niu 牛	ню	ню
nong 农	нун	нұң
nou 耨	ноу	ноу
nu 奴	ну	ну
nu 女	нуй	нүй
nuan 暖	нуань	нуан
nue 虐	ньюе	нө
nuo 挪	но	но
O		

o 哦	o	o
ou 欧	ou	ou
P		
pa 怕	па	па
pai 拍	пай	пай
pan 潘	пань	пан
pang 旁	пан	паң
pao 抛	пао	пау
pei 胚	пэй	пей
pen 喷	пэнь	пын
peng 烹	пэн	пың
pi 批	пи	пи
pian 偏	пянь	пян
piao 飘	пiao	пiao
pie 撇	пе пе	
pin 拼	пинь	пин
ping 乒	пин	пиң
po 坡	по по	
pou 剖	поу	поу
pu 扑	пу	пу
Q		
qi 七	ци	чи
qia 恰	ця	чя
qian 千	цянь	чян
qiang 枪	цян	чяң
qiao 敲	цяо	чяу
qie 切	це	че
qin 亲	цинь	чин
qing 青	цин	чинь
qiong 穷	цюн	чюң
qiu 秋	цю	чю
qu 区	цюй	чүй
quan 圈	цюань	чуэнь
que 缺	цюе	чө
qun 群	цюнь	чүн
R		
ran 然	жань	ран
rang 嚷	жан	раң
rao 饶	жао	рау
re 热	жэ	ры
ren 人	жэнь	рын
reng 扔	жэн	рың
ri 日	жи	рі
rong 容	жун	рүң
rou 柔	жоу	роу
ru 如	жу	ру
ruan 软	жуань	руан
rui 锐	жуй	рүй
run 润	жунь	рүн
ruo 弱	жо	ро

S		
sa 撒	ca	ca
sai 赛	сай	сәй (сай)
san 三	сань	сән (сан)
sang 桑	сан	саң
sao 搔	cao	caу
se 涩	сэ	сы
sen 森	сэнь	сын
seng 僧	сэн	сың
sha 沙	ша	ша
shai 筛	шай	шай
shan 山	шань	шан
shang 商	шан	шаң
shao 烧	шао	шау
she 奢	шэ	шы
shei 谁	шэй	шей
shen 深	шэнь	шын
sheng 声	шэн	шың
shi 诗	ши	ші
shou 收	шоу	шоу
shu 书	шу	шу
shua 刷	шуа	шуа
shuai 衰	шуай	шуай
shuan 闩	шуань	шуан
shuang 双	шуан	шуаң
shui 水	шуй	шүй
shun 顺	шунь	шүн
shuo 说	шо	шо
si 思	сы	сі
song 松	сун	сұң
sou 搜	соу	соу
su 苏	су	су
suan 酸	суань	суән (суан)
sui 虽	суй	сүй
sun 孙	сунь	сүн
suo 梭	со	со
T		
Ta 他	та	та
tai 胎	тай	тәй (тай)
tan 贪	тань	тән (тан)
tang 汤	тан	таң
tao 涛	тао	тау
te 特	тэ	ты
teng 疼	тэн	тың
ti 梯	ти	ти
tian 天	тянь	тян
tiao 挑	тяо	тяу
tie 贴	те	те
ting 听	тин	тиң
tong 通	тун	тұң

tou 偷	тоу	тоу
tu 突	ту	ту
tuan 团	туань	туан
tui 推	туй	түй
tun 吞	тунь	түн
tuo 拖	то	то
W		
wa 挖	ва	уа
wai 歪	вай	уай
wan 弯	вань	уан
wang 汪	ван	уаң
wei 威	вэй	уей
wen 温	вэнь	уын
weng 翁	вэн	уың
wo 窝	во	уо
wu 污	у	у
X		
xi 西	си	ши
xia 虾	ся	шы
xian 先	сянь	шян
xiang 香	сян	шыаң
xiao 消	сяо	шыау
xie 些	се	ше
xin 新	синь	шин
xing 星	син	шиң
xiong 兄	сюн	шюң
xiu 休	сю	шю
xu 需	сүй	шүй
xuan 宣	сюань	шуэн
xue 靴	сюе	шө
xun 勋	сюнь	шүн
Y		
ya 呀	я	я
yan 烟	янь	ян
yang 央	ян	яң
yao 腰	яо	яу
ye 爷	е	йе
yi 一	и	и
yin 音	инь	йін
ying 英	ин	йің
yo 唷	ио	ио
yong 拥	юн	йүң
you 优	ю	ю
yu 淤	юй	йү
yuan 渊	юань	юэн (юан)
yue 约	юе	йө
yun 云	юнь	йүн
Z		
za 匝	цза	дза
zai 栽	цзай	дзай

zan 赞	цзань	дзан
zang 脏	цзан	дзаң
zao 遭	цзао	дзау
ze 则	цзэ	дзы
zei 贼	цзэй	дзей
zen 怎	цзэнь	дзын
zeng 增	цзэн	дзың
zha 扎 чжа	джа	
zhai 摘	чжай	джай
zhan 沾	чжань	джан
zhang 章	чжан	джаң
zhao 招	чжао	джау
zhe 遮	чжэ	джы
zhei 这	чжэй	джей
zhen 针	чжэнь	джын
zheng 征	чжэн	джың
zhi 之	чжи	джи
zhong 忠	чжун	джұң
zhou 州	чжоу	джоу
zhu 朱	чжу	джу
zhua 抓	чжуа	джуа
zhuai 拽	чжуай	джуай
zhuan 专	чжуань	джуан
zhuang 庄	чжуан	джуаң
zhui 追	чжуй	джуй
zhun 准	чжунь	джун
zhuo 捉	чжо	джо
zi 资	чзы	дзі
zong 宗	цзун	дзұң
zou 邹	цзоу	дзоу
zu 租	цзу	дзу
zuan 钻	цзуань	дзуан
zui 最	цзуй	дзүй (дзүй)
zun 尊	цзунь	дзұн
zuo 作	цзо	дзо

МРНТИ 16.21.07

Н.К.Шаяхметова

к.ф.н доцент Казахского национального исследовательского
технического университета имени К.И. Сатпаева, академик
Международной академии информатизации

**ПРОЦЕССЫ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО МОЛОДЕЖНОГО
ЛЕКСИКОНА В ЛИНГВО- КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОМ И
ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКОМ АСПЕКТАХ**

Аннотация. Монография посвящается выявлению наиболее активных процессов развития современного молодежного лексикона в лингвокультурологическом и лексикографическом аспектах. Отмечается, что сленговый лексикон полно и последовательно объективирует молодежную концептосферу, отражающую как коллективное мировидение и миропонимание, так и индивидуально-личностное начало.

Ключевые слова: сленговый лексикон, молодежная концептосфера, лингво-культурологическая интерпретация и лексикографическая репрезентация молодежного лексикона.

Н.К.Шаяхметова

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің
доценті, ф.ғ.к. Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі

**ЗАМАНАУИ ЖАСТАР ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІН
ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЫНАН
ҚАРАСТЫРУ**

Аннотация. Монография лингвомәдени және лексикографиялық аспектілердегі қазіргі жастар лексикасының дамуындағы ең белсенді процестерді анықтауға арналған. Сленг лексикасы ұжымдық дүниетаным мен дүниетанымды, сондай-ақ тұлғалық-жеке ұстанымды көрсететін жастар концептосферасын толық және дәйекті түрде бейнелейтіні атап өтілді.

Тірек сөздер: сленг лексикасы, жастар концептосферасы, жастар лексикасын лингвомәдени тұрғыдан интерпретациялау және лексикографиялық тұрғыдан репрезентациялау.

N.K.Shayakhmetova

Candidate of Philology, associate professor of the Kazakh National Research Technical
University named after K. I. Satpayev,
academician of the International Academy of Informatization

**THE PROCESSES OF THE DEVELOPMENT OF THE MODERN YOUTH
LEXICON IN THE LINGUOCULTUROLOGICAL AND LEXICOGRAPHIC
ASPECTS.**

Annotation. The monograph is devoted to the identification of the most active processes of the development of the modern youth lexicon in linguoculturological and lexicographic aspects.

It is noted that the slang lexicon fully and consistently objectifies the youth conceptsphere, reflecting both the collective worldview and the individual-personal beginning.

Keywords: slang lexicon, youth conceptsphere, linguoculturological interpretation and lexicographic representation of the youth lexicon.

В последнее время интерес к языку современной молодёжи заметно оживился. В журналах и научных сборниках был опубликован ряд статей. Вопросы современного молодёжного жаргона были предметом углубленного рассмотрения в диссертационных исследованиях, созданы словари, вышли в свет монографии, посвященные проблематике молодёжной субкультуры. Одной из этих монографий и является рецензируемая книга. Она состоит из пяти частей, предисловия и заключения.

Первая глава настоящей монографии посвящена мотивам и способам современной сленговой номинации. Большое внимание уделяется понятию «сленг». Само понятие сленга или «коллективной языковой интерпретации квантакультуры» [1.Елистратов, 1994, 642] до конца не раскрыто и не определено в науке. Разумеется, рецензируемая работа не может ставить перед собой задачу непосредственно связать языковые процессы со стилевыми течениями современного языка, но она предлагает определённый материал, который позволил бы поставить этот вопрос. Этим определяется осуществленный в работе подход к современному молодёжному лексикону, принципы его отбора, точка зрения на языковые факты. Автор стремится разграничить, не смешивать общие процессы развития литературного языка и явления молодёжной речи как специфической сферы употребления языка.

Детально рассмотрены в книге игровые способы словообразования – это средства для создания свежего, нешаблонного, оригинального словесного образа. Вот характерные примеры: *ругатинг* (ругань), *непонимейшен* (непонимание), *лохмэн* (глупый, несообразительный человек) создание словообразовательных омонимов к уже имеющимся общеупотребительным словам: *манка*, *манюня* – деньги (от жарг. мани, англ. money); фонетическая мимикрия: *толкиен* – туалет, *доза* – оперативная система MS DOS; контаминация: *бизнесмент* – милиционер, берущий взятки (*бизнесмен* + *мент*); аллюзивные звуковые трансформации: *дисплой* – дисплей, *брык-данс* – брейк-данс; русско-английские гибриды: сокращения *Re* (повтор сообщения), *pls* (пожалуйста).

В языковой игре возникает необходимость что-то сказать. Она диктуется внутренним желанием человека принять участие в общении, в игровом действии. В условиях игры формируется «внутренний мотив говорения на иностранном языке». Причины иноязычных заимствований в молодёжном сленге, тематика англицизмов и современные способы их адаптации рассмотрены в монографии достаточно широко (С.20 – 34). Например: шутливая трансформация названий англоязычных рок- и поп-групп: *Кролик стонет* - *Rolling Stones*, *Дип пёрднул* – *Deer Purple* (С.23).

Культурный слой в молодёжной среде хип-хоп-культура – рэп, брейк-данс, граффити, стритболл, скейтбординг, сноубординг, маунтин-байк, пейнбол, сокс и др. привел к возникновению целой системы жаргонных терминов английского происхождения. Например: *графья*, *райтеры* (англ. *writer*), *кинг-оф-стайл* (*King of Stile* – король стиля), *фристайл* – экспромт, хардкор. О чем говорят эти примеры? Создатели выделенных слов нимало не заботятся не только о правильности их образования, об их соответствии русским языковым закономерностям, но и вообще об использовании каких-либо суффиксов в определенном словообразовательном значении. В других случаях берется суффиксоподобная концовка, известная по ряду определенного словообразовательного значения (*ругатинг*, *читатинг*, *писатинг* и др.). Такие жаргоны претендуют только на то, чтобы создать комический эффект или окрасить изображаемое в шуточные, веселые тона. Жаргонизмы сленг не

разрушают, а скорее, развивают личность и обогащают язык, и это данность. С тем, что молодежный жаргон обедняет язык, можно согласиться лишь отчасти.

Не осталось без внимания автора монографии исследование сленгового фразеологического материала, объединенных темой «Фразеология и культура» с акцентом на фразеологию и субкультуру. Анализ сленговых фразеологизмов (С.34 – 60; 124–128), выполненный Т.Г. Никитиной, позволяет констатировать довольно широкую распространенность молодежного фразеобразования, характерной чертой которого является «расцветченность» маркированными в нормативно-стилистическом отношении языковыми средствами, среди которых заметную роль играют наиболее дифференцированные и наиболее многочисленные средства языка – лексико-фразеологические. Эта «расцветченность» языковой ткани говорящего обнаруживается прежде всего в обращающей на себя внимание концентрации маркированных элементов (особенно элементов ярко окрашенных) и частота их использования в нетипических условиях. В корпус фразеологии справедливо включаются стилистически окрашенные региональные фразеологические модели, «уникальные», «штучные» мотивировки ФЕ и их социокультурный фон (С. 125), которые характеризуются как единицы ономастического характера.

В нетипических условиях разговорные средства служат для «опрошения» предмета речи, отношений между собеседниками и т.п. для низведения их до уровня обиходно-бытовых, а фразеология культуры, напротив, для возвышения их, для придания им особой значимости. Особенно интересна и показательна для современной молодежи склонность к внелитературным средствам – диалектным, просторечным, жаргонным (в основном это средства лексико-фразеологические).

Вторая глава «Региональный компонент молодежного сленга» содержит наблюдения над особенностями и способами образования региональной жаргонологии (С.92-100), сленговой антропонимики (97-100), неофициальных топонимов-регионализмов (101-124)), фразеологических регионализмов (124-128), входящие в состав молодежного сленга. Предложенный анализ осуществляется на псковском материале.

В третьей главе, посвященной молодёжному лексикону профессиональных сфер, языковая и стилистическая специфика современных корпоративных языков, терминосистемных профессиональных сфер, способы фразеомообразования в профессиональных сферах, рассматриваются в непосредственной связи с их особенностями, так как к этому обязывает сама форма данного рода языка. Развивающийся в настоящее время молодёжный лексикон обуславливает постановку вопроса о самостоятельной художественной значимости молодёжного сленга. Последняя изучается в данной главе со стороны способов и форм её взаимодействия в различном регионе.

Поскольку роль рецензируемой монографии состоит как раз в утверждении возможности построения словаря, то, по мнению автора, задачей составителя словаря является установление именно системы в лексиконе молодёжного сленга, причем при решении этой задачи составитель должен двигаться от слова к языковому понятию.

Четвертая глава посвящена различным способам актуализации словообразовательной структуры слова в школьном жаргоне (учитель – *мучитель, тиран, давила, щемила, очколом* (С.155), ассоциативные трансформации звуковой формы слова: *физуха* – учительница физкультуры, *обжжун* – учитель ОБЖ (основа безопасности жизнедеятельности), *геоарыз* – учитель-географ и т.д. Изучение школьного жаргона и их различных форм (мотивы жаргонной номинации, способы номинации) позволяет сделать вывод о том, что система лексико-фразеологического состава заставляет их «модернизироваться», претерпевать определённые формальные и семантические преобразования, актуализироваться. Т.Г.Никитина показывает тенденции молодёжной субкультуры, уточняет лингво-культурологические характеристики языковой личности

современного носителя школьного жаргона. И справедлив вывод о том, что многое вошло бы в состав полного «словаря языка школьников, включающий лексические единицы всех перечисленных в данной главе разрядов» (С.153-154).

Особое место в монографии занимает описание студенческой паремии – пословицы, в состав которых входят жаргонизмы, загадки, приметы. В процессе анализа словообразовательных типов, распространенных в студенческом фольклоре, и особенностей их преобразования в реалии студенческой жизни (*экзамен – бойня, допрос, мучилка; фактор страха, кошмар на улице вязов; спасите наши души, конец света; клиническая смерть* (С.171), выявляются возможности отбора словообразовательно мотивированных слов разных стилей для создания социально определённой речи, а также способы их включения в сленг (*хорошо смеётся тот, кто смеётся на зачёте* – С.173). Сленговые номинации в студенческом фольклоре используются для обозначения явлений и понятий системы образования. В монографии нашел отражение также компьютерный сленг, перешедший в общемолодёжный жаргон. Это названия компьютерной техники: комп, компук, компустер, контупер – *компьютер, (баба) – Яга* – монитор EGA. (С.24-26).

Появившиеся в последующие десятилетия импортные товары вызвали повышенный интерес, которые в молодежном сленге звучали таким образом: *слаксы (кляксы), блейзеры (блязеры), ти-шотки, стрейч (стрейча)*; бытовая техника: *кулеры, кульки* (вентиляторы); пищевые продукты *срам и срекинс* («Марс» и «Сникерс»; бытовая химия *тампакс и жаргонное тутпакс* и.д. т. (С. 27).

Представляет интерес изучение того, какие средства отбираются и в каких целях они могут быть использованы. Это усиление смехообразующего компонента англицизмов в молодежном жаргоне (имиджмейкер – *мордодел*, интерфейс – *междурожка, междумордие*, «Майкрософт» – *Мелкомяские*; микросхема – *мел-косхема*. Соединение иноязычной основы с разговорными и просторечными словообразовательными средствами, напр., суффиксальные: *випарь (VIP – персоне), виндюк* (операционная система Windows), *сидюк* (компакт-диск).

Нам кажется, что поток подобных слов, терминологии, профессионального жаргона, иностранных слов никоим образом не ведёт к деградации личности, а наоборот, способствует развитию с ярко выраженной индивидуальностью. Заимствования позволяют найти более краткое, точное определение слов.

Люди, на восприятие которых рассчитан молодежный жаргон, должны хотя бы частично разгадывать авторский замысел. Жаргон должен вызывать эмоциональную реакцию, любопытство, различные ассоциации у тех, кому он адресован. Поэтому автор монографии анализирует степень понятности, возможность их успешного использования, а также вызываемые им ассоциации.

Практический опыт внедрения молодежного сленга выработал свои традиции, законы, набор правил, способы и приемы, которые используются и учитываются при составлении словарей, максимально гарантирующих возможность их успешного внедрения и позволяющих прогнозировать те ассоциации, которые они должны вызывать.

Одной из основных особенностей языка улицы является, как верно подмечено в монографии, их эмоционально-ассоциативная сторона, которая доминирует над интеллектуально-логической. При этом следует иметь в виду обязательность положительных ассоциаций. Такая особенность выработалась исторически из необходимости коммуникации. В результате сложилась система намеков, легко вписывающихся в разговорную речь, где многие слова употреблены не в своем основном, прямом значении. Искусственно созданные слова сохраняют связи со словами естественного языка..

Таким образом, каждый жаргон-предложение – это своеобразная находка, оригинальная, меткая, неповторимая. Эти слова и выражения специально «нацелены» на опре-

деленную реакцию человека, привлечение внимания, возбуждение интереса. Поэтому исследователь уделяет большое внимание их привлекательности и тому, чтобы они вызывали положительные эмоции и известный комплекс ассоциаций.

Содержание пятой главы составляют наблюдения над динамическими процессами в языке молодёжи; рассматриваются приёмы лингвокультурологической интерпретации молодёжного лексикона в социокультурном аспекте.

В центре работы разные случаи (в том числе эстетически значимые) ввода словаря концептов молодёжной культуры; выявление системы концептов молодёжной субкультуры. Особого упоминания заслуживает проблема отражения концептов молодёжной культуры в идеографическом словаре, который станет ценным социо-культурологическим и лингвокультурологическим источником для исследователей.

Переходя к оценке монографии Т.Г. Никитиной по существу, отметим прежде всего её новаторский характер. Главное достоинство данного исследования мы видим в том, что автору удалось выдвинуть, обосновать и проверить на конкретном лексическом материале целостную и оригинальную концепцию построения толковых словарей молодёжного сленга. Специальный словарь молодёжного сленга был бы незаменимым источником для изучения современного молодёжного лексикона: ведь каждое намеренное новообразование (общезыковых и жаргонных) – это полнокровный словесный образ с целой гаммой смысловых и стилистических оттенков. Такие словари могли бы служить великолепной школой работы над словом. Кстати, без тонкого знания языка невозможны и все те сознательные отступления от его норм, на которые не раз обращает внимание автор монографии.

Особое внимание в работе уделяется фразеологизации (сленговые фразеологизмы на С. 34-60, фразеологические регионализмы на С.124-128) как процессу образования и развития ФЕ. Т.Г. Никитина справедливо подчеркивает как сложность и динамичность этого процесса, так и его длительность. По её мнению, «разграничение «культурной» и «субкультурной» фразеологии и определение специфики последней, однако, необходимо и возможно, несмотря на эти трудности. Ориентирами такого разграничения являются семантика и структура диагностируемых фразеологизмов» (С.37). Сама попытка систематизации таких импульсов фразеологизации в рецензируемой работе представляется интересной.

Широко освещена в монографии и актуальная проблема соотношения слова и ФЕ, которая решается в основном на примерах пословичных трансформаций, когда замене подвергаются единичные компоненты в составе паремий.

Детально рассмотрена в книге грамматика в словаре сленга (С.91). Описываются слитное или раздельное оформление вокабулы – заголовочного слова (*внагльак* или *в нагльак*, *нафига* или *на фига* (С. 80-82); использование форм единственного и множественного числа (С.83-84); морфология заимствований в молодёжном лексиконе (С.86 -91).

Отмечая структуру компонентов ФЕ, Т.Г. Никитина справедливо подчеркивает, что «это далеко не полный обзор грамматических особенностей молодёжного сленга» (С.91).

В ходе своих теоретических изысканий, равно как и при работе с конкретным лексическим материалом, автор демонстрирует завидную способность к творческой и конструктивной интерпретации сленговых систем молодёжных группировок, что проявляется в целом ряде нестандартных решений вполне традиционных вопросов. В работе много глубоких и тонких наблюдений по самым различным вопросам лингвокультурологического потенциала современного молодёжного лексикона (например, замечание о толкованиях слов на С.12-20, рассуждения об экспансии англицизмов и их русификации (С. 20-34), раздел, посвященный региональному словарю сленга (С.128-136). Особую и вполне понятную ценность представляет содержащееся в монографии описание динамических

процессов в языке молодёжи (С.192-271) интерпретация молодёжного сленга (С.134-171).

Нам кажется весьма конструктивным вывод автора о том, что лексикографическое описание общерусских фразеологических неологизмов может быть дополнено толковым словарем сленга (С.91), региональным материалом (124-128). Особого упоминания заслуживает проблема отражения в региональном словаре объектов антропонимической и отантропонимической номинации (к историческим личностям и событиям) (С.128-133).

Заканчивая нашу рецензию, мы, вслед за Т.Г. Никитиной, констатируем, что жаргонизмы составляют особый, во многом искусственно созданный лексический пласт в словарном составе живого языка. Непостоянство объема этого лексического пласта, его непрерывное обновление, пополнение новыми словами, словосочетаниями, предложениями и выход из актуального употребления многих старых может создать впечатление его эфемерности. Однако постоянное, навязчивое повторение в молодежной, студенческой среде, в печати, по радио, по телевидению, на стенах домов, в метро и т.д. делает многие из них частотными лексическими единицами.

Научная значимость монографии Т.Г. Никитиной основана на глубоком и всестороннем анализе материала, постановке теоретических проблем и свидетельствует о постоянном творческом поиске автора.

Рецензируемая монография в совокупности с другими работами автора является ценным вкладом не только в историю лингвокультурологии и русской литературы, но и в историю русской лексикографии.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- [1] Елистратов В.С. Словарь московского аргю. Русские словари. 1994. 113 с.
- [2] Грачёв М.А. Словарь современного молодёжного жаргона. М.: Элпис, 2009. 66 с.
- [3] Земская Е.А. О некоторых новых явлениях в жаргоне рубежа XX-XXI веков // Слово в словаре и дискурсе. М., 2006. 205 с.
- [4] Мокиенко В.М., Никитина Т.Г. Большой словарь русского жаргона. СПб.: Норинт, 2000. 426 с.
- [5] Никитина Т.Г., Рогалева Е.И. Региональный словарь сленга. М.: ЭЛПИС, 2006. 203 с.

ҒАЛЫМ Қ.М.ЕСЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Түркітанушы ғалым, қазақ тіл білімінің синтаксисі саласындағы көшбасшы ғалымдардың бірі – *Қайырболат Мұқанұлы Есенов* 1931 жылдың 6 мамырында Көкшетау облысы Қызылту ауданының Сарман ауылында туған. Жетіжылдық мектепті Омбы облысында бітіргеннен кейін сондағы қазақ педучилищесін 1947 жылы аяқтап, өзі оқыған мектепте (Назыбаевск ауданы) қазақ тілі мен әдебиетінен 1950 жылға дейін сабақ береді. 1950 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1955 жылы бітіріп шығады. 1955-57 жылдары Көкшетау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің меңгерушісі болып істейді. 1957 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми зерттеулермен айналысты: кіші ғылыми, аға ғылыми, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет етті.

1962 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» деген тақырыпта кандидаттық, 1983 жылы «Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлем синтаксисінің негізгі мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Қ.М.Есеновтің алғашқы ғылыми мақалалары 1950 жылдардың аяғынан жарық көре бастады. Ғалым 10-нан астам монография мен түрлі жинақтың, сондай-ақ 200-ден аса ғылыми-педагогикалық еңбектің авторы. Әсіресе «Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер» (1974), «Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылысы» (1982), «Құрмалас сөйлемнің синтаксисі» (1995) атты еңбектері ғылыми көпшілік тарапынан жоғары бағаланды. Қ.М.Есенов құрмалас сөйлемдер туралы зерттеуінің қорытындысы ретіндегі «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» (1969), «Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылысы» (1982) атты еңбектерінде түркітанудағы жаңа бағыттың соқпағын салды. Қ.М.Есенов сондай-ақ Институттың грамматика бөлімінде «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі» зерттеу жұмысына басшылық жасап, қазақ тілінің академиялық грамматикасын жазуға қатысты, сөзжасам, сөйлеу мәдениеті мәселелерін («Әдеби тілді байытудың жолдары», «Тіл – ой құралы», «Өрелі тіл» және т.б.), қазақ тілін оқыту және оқулықтар мәселесін («Еленбей келген оқулық», «Жаңа деңгейден қарау керек» және т.б.), сөзжасам және сөйлем мәселесін («Біріккен сөздер», «Сөз таптары және сөйлем мүшелері», «Қазақ тілі синтаксисінің даму жүйесінен», «Об основных взглядах на словосочетание в современной русистике и тюркологии», «Предикаттық қатынас», «Синтаксистік қатынас», «Есімдіктердің сөзжасамы» және т.б.) сөз етті. 1994 жылы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы үздік жұмыстарға тұңғыш рет мемлекеттік ғылыми стипендия беруге конкурс жариялағанда, зерттеуші алғашқылардың бірі ретінде сол стипендияның иегері атанды. Ғалым әр елде болған ғылыми конференцияларға қатысып, қазақ тілі грамматикалық құрылысының әр алуан мәселелері бойынша баяндама жасады.

Қ.М.Есенов ғылыми жұмыстармен қатар жас кадрларды дайындауға да өз үлесін қосты. Ғалымның жетекшілігімен екі докторлық, оннан астам кандидаттық диссертация қорғалды. 80-жылдардан бастап жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ тілі» курсы бойынша («Құрмалас сөйлем синтаксисі») дәріс жүргізді. Дарын иесі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің докторлық диссертация қорғаудағы мамандандырылған ғылыми кеңестердің мүшесі болды, оппонент ретінде де көптеген жұмысқа өзіндік ойын білдіріп отырды. Үстіміздегі жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Қайырболат Мұқанұлы Есеновтің туғанына 85 жыл толып отыр. Ғалымның қазақ синтаксисін дамытуға, ғылымды ұйымдастыруға қосқан еңбектерін кейінгі ұрпақ лайықты бағалап, қажетіне жарата берері анық.

Төменде жан-жақты дарын иесінің әр жылдары жазған «Еліме толғау» атты өлеңін

автордың өзі жазған қысқаша түсініктемесімен қоса ұсынып отырмыз. Өлеңді Дәуренбекқызы Күлпәш 1993 жылдың 26 желтоқсанында машинкаға басып әкеп, авторға ұсынған екен, түпнұсқаны сол күйінде сақтадық.

Қысқаша түсініктеме

Шалғайда жүргенде кейде өз еліңді, өз жеріңді аңсайтын кездерің болады. Бәрі де көз алдыңнан өтіп жатады. Жиі-жиі түсіне де кіреді. Осындай кездердің бірінде сол сағыныштың өлеңге сұранып тұрғандай болады, алайда оны сен елемейсің, қағаз бетіне түсірмейсің. Жұмыс бабымен жүре бересің. Сондай сағыныштың сәтті бір күні 1988 жылдың шілде айында (27.07) еліме арнап қолыма қалам алғызған екен. «Еліме толғау» деп атап тартып кетпесім бар ма? Енді байқасам, арнауымды тағы да үзіп алыппын. Арада екі жыл өткендей. Қайтадан жалғастыру... Не керек, осылайша үзіп-соғып жүріп, ақыры 1992 жылдың ақпан айында (20-күні) бұл толғауымды аяқтаудың сәті түсті ғой деймін. Алайда елге, жерге деген сағыныштың аяқталмайды. Ол сенімен мәңгі бірге. Бұл арнауымды «өлеңмен жазылған өмірбаяным» десе де болғандай.

Өлеңмен өрнектеуші – елін сағынған Қайырболат.

20.02.1992

Еліме толғау

27.07.1988

I

Қайран елім, сағынамын өзінді,
Кіндік кесіп, туып-өскен жерімді.
Орман, тоғай, жасыл-желең – мекенім
Жастық шағым – қымбат маған төрімді.
Сағынышым – саған арнар толғауым,
Бір өзіңе аңсауымды қоймадым.
Жастық шағым бір өзінде өтсе де,
Мезгілінде қызығыңа тоймадым.
Шіркін жастық, ойран салған күндерім,
Жұпар исі аңқушы еді гүлдерің.
Ақ сүйектің құмарымен нұрланып,
Жарық болып өтуші еді түндерім.
Маужыраған сол түндерді сағынам,
Алтыбақан, ойын-сауық, салған ән,
Сыңғыр күлкі, қызық думан шаттық-ай,
Еске түссе, сол күндерге бағынам.
Ең алғаш жер басқаным өзің болдың,
Көк майса шалғын шөбің төрім болдың.
Баурайында ойнаушы едік бал дәурен
Қанбайтұғын қызығыңа шөлім болдың.

II

Ұзамады бал дәурен – жастық шағым,
Өте шықты болғандай қас пен қағым.
Кездесіп сұм соғыстың сағатына,
Есейтіп ер жеткізді заман бәрін.
Ойын қалды, тіршілікті ойладық,
Үлкендердің ісімен біздер дағы бойладық.

Қара құрап өмірде қатарласып,
Араласып еңбектен кем қалмадық.
Еңбек бізді ер жеткізді, есейтті,
Араласып өмірге – өмір заңы төселтті.
Білім алған ауылым, азайды ғой азамат
Боздағынан айырып, көпшілігін теңселтті.
Үзілді оқу, араластық еңбекке,
Ауыл болып біз де көмек бермекке.
Сиыр болды көлігіміз сырғанап,
Жер жыртамыз соқаменен өрлеп те.
Астық бердік Отанға: «Аман бол!» – деп,
«Жауды жеңіп, бәрімізге қорған бол!» – деп.
Тілейміз жеңіс күнін, жеміс күнін,
Еңбекпен еселентіп бүкіл ел боп.
Кез келді оқуға әрмен қарай,
Аттандық Омбыға елден шалғай.
Сұрапылы соғыстың жүріп жатыр,
Оқимыз алған беттен біздер талмай.
Оқу бітті, Жеңіс күнін тойладық,
Артта қалған азабын бес жылдардың ойладық.
Қиыншылық, қиын-қыстау болса да,
Ортасында ұзын жолдың қалмадық.

13.06.1990

III

Аяқтадық оқуды ойдағыдай,
Елге оралдық қуанышпен тойдағыдай.
Білім алған ордамда енді өзім –
Мұғаліммін, есейіп бір қалғандай.
Сондағы бар білімім – он-ақ жылдық,
Ойлаймыз: осыменен тәмам қылдық.
Оқытамын ана тілін – анам тілін
Ауылдағы балаларға – соған құлдық!
Осыменен үш жыл өтті ұстаздығым,
Байқаймын бұл білімнің енді аздығын.
Аттандық Алматыға алыс сапар
Ақтаруға білімнің кен бұлағын.

IV

25.01.1992

Бес жыл өтті Алматыда оқумен,
Үйренумен, кен бұлағын тоқумен.
Ана тілдің қасиетті қадірін
Сезінеміз терең бойлап нәрімен.
Ұстаздарым – қазақ тілі қаймағы,
Еліктейміз соларға көңіл шіркін қайдағы?!
Тіліміздің тарихына терең сұңгіп,
Білім алдық жоғалмастай ойдағы.
Тағы дағы Өмірге – осы жаңа біліммен
Көкшетауға дәм айдап қызметке келіп ем.

Қазақ тілін оқыту турасында
Жұртшылыққа мұғалім боп ақыл-кеңес беріп ем.
Өзім дағы үйрендім өмірдің көп сабағын,
Жаксылармен жанасып жақын жолдас табамын.
Ұстаздықтан басталған бұл өмірім –
Ұстаз болып бұл өмірде мен қаламын.
Екі жыл Көкше мені еркелетті,
Өмірге азық болар дәнін септі.
Арман шіркін бітер ме бұл өмірде?!
Ғылымға бет бұратын күн де жетті.

V

Ғылым іздеп оралдым Алматыға тағы да
Ғылым деген оңай емес әлде менің бағым ба?
Ойланасың, сарыласың – көну керек бәріне
Еңбек менің арқауым – әрқашан да жанымда.
Отыз жылдан асып кетті – істегенім бір жерде
Академия, жастық шақ – өте кетті бір күнде.
Енді, міне, алпысты арқаладық бүгінде,
Тәрбиелейміз жастарды өзім өткен белдерге.
Өмірде бәрі болды: қиыны да қызығы,
Қиынсыз болмайды бұл өмірдің тұздығы.
Асықпайық, шыдандар, сабырменен бәріне
Әр нәрсенің бар емес пе жазып қойған сызығы?
Ғылымды ұстаздықпен жалғастырып,
Келемін көппен бірге малдас құрып.
Өмірден қалып қоймай бірге жүрсем,
Орындармын ретімен бәрін де жайғастырып.
Ата болдым, «Ата» – дейді немерем,
Бұдан артық қызық бар ма – қызығына кенелем.
Көрмей қалсам бір жұма Әселімді,
Отырамын сағынып елеңдеумен.
Бұл немерем өзгелерден ерекше,
Жақын тартад өзгелерден бөлекше.
Мен де тұрам жүрегіммен езіліп,
Мауқым басам құшырланып керекше.
Өтіп жатыр күндерім артта қалып,
Енді отырам кей кезде ойда қалып.
Бітірмеген шаруам әлі де көп,
Соларменен сырласамын қолға алып.
Ғылым деген бітпейді: ұзақ сапар,
Бірге жүрсең, ол сені алға апарар.
Жаңарасың, жаныңа азық тауып,
Сонда ғана кейінгі жастар қарар.
Ендігі бар мақсатым – шәкірт болмақ,
Білімімді соларға беріп қалмақ.
Бітпеген шаруамды әрі қарай
Енді солар ғылымда жалғастырмақ.
Осы медеу болады көңіліме
Көңілсіз кейде бір жүргенімде

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» бар емес пе?
Болмайын мен мұндай өмірімде.
Осылайша өмірім өтіп жатыр
Атқардым біраз жұмыс іске татыр
Артыңа қарайлап бір қарағанша,
Шығады жаңа міндет алдан топыр.
Бұл өмірде жұмыс деген біткен бе?
Сені ол әрқашан да күткен де.
Қалып қойма солардан – ілесе бер
Таныларсың тағы да бір өткелде.
Арман мені жетелейді жұмысқа,
Ойсыз жүрген бұл өмірде дұрыс па?
Шешімін таба алмаса бір мәселе,
Жүремін әрқашан да қиналыста.

VI

Осы кезде ораламын тағы елге,
Елім маған қуат береді әлі күнге.
Ойменен қауышқанда ағайынмен
Боламын шыққандай бір жаңа белге.
Сол белден қараймын ауыл жакқа,
Жұрты жатыр, шіркін-ай, бір үй жоқ та.
Құлазиды көңілім сонда тағы
Жүрсем де қалың орта алма-бақта.
Елім дейтін елім жоқ өз орнында,
Бытырады әр жердің қойнауында.
Отырғанда шай ішіп әр қаладан
Боламын өгей бала баурайында.
Елестейді көзіме шағын ауыл
Ойнаған даласында дамыл-дамыл.
Ұйысып отырған сол елімнің
Шырқын бұзды жайсыздан соққан дауыл.
Сол дауыл бытыратты әр қыстаққа,
Ел-жұртымды осылайша қыспақ па?
Келгенде даласына тағзым етіп,
Асығамын кейін қарай ұшпаққа.
Осылайша сырласамын еліммен,
Жастық шақта жүріп өткен жеріммен.
Бәрі де маған қымбат, таусылмайды
Тізе берсем өлеңнің өрнегімен.

Түйін

Қайтадан оралайын ғылым – теңіз,
Өмірімнің жалғасы – болған егіз.
Өзіңмен қатарласып жүре берсем,
Болайын шаршамайтын «мен бір өгіз».
Келемін осылайша мен аяндап,
Жырға қостым жан сырымды баяндап.
Жүректен шыққан сөзім тарап жатса,

Қалмаймын бұл өмірде алаң боп.
Ризамын бұл өмірдің бергеніне,
Артынан ағалардың ергеніме.
Өркімнің өз ризығы бар емес пе?
Мен дағы үлесімді тергеніме.
Бұл үлеске әкем мені жеткізді,
Талай-талай белестерден өткізді.
Елім оны «Бәке» дейтін аты Мұқан болса да,
Тәрбиенің тұздығын өміріме сепкізді.
Келемін содан мен көп нәр алған,
Тереңдеп әрі қарай енді барман.
Сөзімді жаттап алса кейінгілер,
Ризамын, бұл өмірге бар ма арман!
Сөйлеттім біразырақ мен өзімді,
Өткен өмір-белесім, әр кезімді.
Аманатым жастарға: айтып жүрсін
Жүректен жарып шыққан бұл сөзімді.

Қайырболат – осы жолдың иесі,
Орта жүздің керейімін тиесі.
Сау болыңдар ағайын, көріскенше,
Сақтасын атамыздың киесі.

20.02.1992

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Алдаш А. – ф.ғ.д., проф.

Doshimova N. – Central Asian University 2nd course magister degree

Ерназарова З.Ш. – КИМЭП университеті, ф.ғ.д., профессор

Nabidullin A., Ordabyev Ch. – Kazakh State Women's Teacher Training University

Жұбанов А.Қ. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институты, ф.ғ.д., проф.

Қажыбек Е.З. – Халықаралық Түріктану Орталығы, ф.ғ.д., проф.

Ермекова Т.Н. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің проф., ф.ғ.д.

Ескермесова Г.А. – PhD докторант

Хасен Б. – Сүлейман Демирел университет, ф.ғ.к.

Жанайхан Б. – Сүлейман Демирел атындағы университет

Анесова У.Ғ. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, PhD философия докторы

Әбутәліп О.П. – Алматы Менеджмент университетінің доценті, ф.ғ.к.

Асылжанова Д.Е. – Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің магистрі

Исмагулова Б.Х. – Орталық Азия университетінің профессоры, ф.ғ.д.

Базарбаева А.С. – Қазақ ұлттық техникалық университетінің доценті, ф.ғ.к., **Канабекова М.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, аға оқытушысы

Қаршығаева А.А. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

Сейсенбек Н.Б. – Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің магистрі

Тореханова С.Б. – Магистрант, КазУМОиМЯ им.Абылай хана

Шамшен Н.А. – «Ғылым ордасы» РМК базасындағы ҚР БҒМ ҒК ҒЗИ-лардың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлескен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты магистратурасының I курс магистранты

Ибрагимова Т.Г. – И.Арабаев атындағы КМУ-нун аға оқытушысы, ф.ғ.к. Бишкек, Кыргызстан

Қошқари И. – Қытай Халық Республикасы

Шаяхметова Н.К. – к.филол.наук, доцент Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, академик Международной академии информатизации

МАЗМҰНЫ

<i>Алдаш А.</i> Әскери іс саласы терминдері: әлеуметтік және лингвистикалық жай-күйі.....	3
<i>Doshimova N.</i> Proverbs and sayings in foreign teaching language for intercultural communication.....	8
<i>Ерназарова З.Ш.</i> Қазақ шешендік сөздеріндегі аргументтеу модельдері.....	14
<i>Nabidullin A.S., Ordabyev CH.K.</i> Representation of the «journey» concept in russian, english and kazakh language pictures of the world (on the basis of Russian, English and Kazakh proverbs).....	20
<i>Жұбанов А.Қ.</i> Этномәдениеттік семантика белгіленімі «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» ескерілуі қажет.....	24
<i>Қажыбек Е.З.</i> «Құтадғу білік» заманы мен тілдік ерекшеліктері	29
<i>Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А.</i> Пунктуация: функциясы мен антропоөзектілік.....	40
<i>Хасен Б., Жанайхан Б.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі «сары» сөзі қатысқан тіркестердің семантикалық ерекшеліктері.....	45
<i>Анесова У.Ф.</i> Символ – заттық-бейнелілік лингвокреативті ойлау нәтижесі.....	49
<i>Әбутәліп О.П.</i> Халықтық күнтізбенің лингвосемиотикалық аспектісі: қазақ күнтізбесін тілдік құрылымдар тұрғысынан қарастыру маңыздылығы.....	54
<i>Асылжанова Д.Е.</i> ДЖ.Д.Сэлинджердің «The catcher in the rye» шығармасындағы сленгтің қызметі.....	60
<i>Исмагулова Б.Х., Базарбаева А.С., Канабекова М.</i> Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ лексикасындағы динамикалық үрдіс.....	65
<i>Қаршығаева А.А.</i> Проф. С.Мырзабеков қазақ тілінің орфоэпиясы жайлы.....	69
<i>Сейсенбек Н.Б.</i> Соматизмдердің көпмағыналылығы: эквивалент проблемасы.....	74
<i>Тореханова С.Б.</i> Дискурсивные характеристики ситуации делового общения (на материале китайского языка).....	80
<i>Шамиен Н.А.</i> Кейбір өсімдіктерге байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты	86
<i>Ибрагимова Т.Г.</i> Азыркы тил илиминдеги синтаксисті изилдөөнүн аспектилері.....	90
<i>Қошқари И.</i> Қытай тіліндегі кісі және жер-су аттарын қазақша таңбалау ережелерінің жобасы.....	95
<i>Шаяхметова Н.К.</i> Рецензия на монографию Т.Г. Никитиной «современный молодежный лексикон в лингвокультурологическом и лексикографическом аспектах» РФ, Псков, Псковский государственный университет. –2012 г. – 326 с.).....	106
Ғалым Қ.М.Есеновтің шығармашылық мұрасы.....	112
Біздің авторлар	118

Редакторы Ш. Жамықаева
Техникалық редакторы әрі
беттеген Е.Б. Бесіров

ИБ № 829
Теруге берілді 15.02.2016. Басуға қол қойылды 15.03.2016.
Пішімі 70x100 1/16. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 7,5
Есепке алынатын баспа табағы 8
Таралымы 200. Тапсырыс №24.

Редакцияның мекенжайы:
050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР БжҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

Адрес редакции:
050010. Алматы, ул.Курмангазы, 29
Институт языкознания им.А.Байтұрсынова КН МОН РК
Тел: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61